

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**3/2013 НАУРЫЗ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

	<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Лаура МЕКЕБАЕВА.	Мемлекеттік тілді үйретуде мәтіндермен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері.....	3
	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Баян ҒҰБАЙДУЛЛИНА.	Қазақ тілі сабағында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыру.....	12
	<i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА.	Кешенді түрде оқытудың түрлері.....	20
	<i>Жас ғалым дүниесі</i>	
Динара НҮСПҚЫЗЫ.	«Атау кередегі» бейвербалды амалдар мен фразеологизмдер.....	47
	<i>Тіл дамыту табиғатында</i>	
Рымкеш ШҮЛЕНБАЕВА.	Арнаулы түзеу мектебінің қазақ тілі сабағындағы ойындар.....	54
	<i>Ұлыстың ұлы күні</i>	
Жанар ЖИЕНБАЕВА.	Наурыз – көктем!.....	64
Жәмила АМАНЖОЛОВА.	Наурызда – етістіктің райлары.....	72
Зәуреш ӘБЕНҚЫЗЫ.	Күлімде, Наурыз, күлімде!.....	76
Айгүл ҚҰМАРОВА.	«Ең ақылды» зияткерлік ойыны.....	81
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Сәния ӘУБӘКІРОВА.	Өткенді қайталаған ұтады.....	87
Гүлгина ЖҮНІСОВА.	Есімдіктердің жасалу жолдары.....	91
Назым ҚАНТАЕВА.	Кезектес салалас құрмалас сөйлемді пысықтау мәселелері.....	94
Өрік АСРЕПОВА.	Жай септеу мен тәуелді септеуді қайталау жайы.....	97
Динара ӨМІРБАЕВА.	Сөйлем құрауды білгізген – менің қалам.....	103
Гүлжарқын МЫРЗАҒАЛИЕВА.	Тәуелдік жалғауының пысықталуы.....	108
Қадиша САДЫҚОВА.	Сөйлем талдауда – ұлттық киімдер.....	110
Күлпан ТРАНОВА.	Сан есімнің жалғаулары.....	116
Шолпан СЕЙСЕНБАЕВА.	Сөйлеу мәдениеті мен қонақ күту рәсімі.....	120
Рита АМАНЖОЛҚЫЗЫ.	Жамбылдың айтыскерлігі мен ойлау шеберлігі.....	124
	<i>Кіріктірілген сабақ</i>	
Ақбаян КӨПТІЛЕУҚЫЗЫ.	Білім, білік дағдылары және анализ бен синтез.....	127
	<i>Тәрбие сағаты</i>	
Дария ДӘУІТҚАНҚЫЗЫ.	Тіл мәртебесі – ел мерейі.....	130
Алма АБЗАЛБЕКҚЫЗЫ.	Бөбектеріміз бүгінгі – шешендеріміз ертеңгі.....	134
Нағима ӘЛЖАНОВА.	Туған тілім – тірлігімнің айғағы.....	139
	<i>Бір өлең – бір әлем</i>	
Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА.	Ана тілі.....	143

Лаура МЕКЕБАЕВА,  
Алматы технологиялық  
университетінің  
аға оқытушысы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕТУДЕ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы барлық қазақ тілін үйретуші ұстаздар мен оқытушылардың алдына сабақты терең де мазмұнды және сапалы өткізу талабын қойып отыр.

Жоғары оқу орындарындағы практикалық қазақ тілі пәнінің басты мақсаты – қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін, жалпы қазақ тілінің грамматикасы арқылы орыс аудиториясындағы студенттердің қазақша ауызекі сөйлеуі, олардың оқып, жазуды білуі ғана мақсат емес, сөздердің мағыналарын түсініп, орынымен қолдануы, түсінікті де әдемі етіп жазуы әрі мәдениетті сөйлеуі, сөздерді үндестіріп дұрыс айтуы, қатесіз, сауатты жазуы болып табылады. Кәсіби дағдылардың негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларында еркін бағдарлай алатын, алған білімдерін толықтырып, дамытуға мүмкіндіктерін іске асыруға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті мәселе болып табылады.[1]

Тіл үйренушінің сөз байлығын молайту үшін оқу үрдісінде тіл дамытуды жүзеге асыру негізгі жұмыс түрі болып табылады. Ол үшін тілдік қатынас алдыңғы кезекте тұруы тиіс.

Бұл туралы белгілі әдіскер-ғалым Ф.Ш.Оразбаева өзінің

«Тілдік қатынас» атты еңбегінде: «Тілдік қатынас сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу, қарым-қатынас жасау дегенді білдіре келіп, адамның екінші біреуге жеткізейін деген ойын жарыққа шығаруды көздейтін, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық - әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы ... Тілдік тұлғалар – адамзат тілінің сақталуы мен өмір сүруіне қызмет ететін, сөйлеу мүшелері арқылы жасалатын, фонетикалық, лексикалық және грамматикалық қасиеттерге ие болатын, таңбалық сипаты бар тілдің құрылымдық бірліктері», ал «қатысымдық тұлғалар – тіл арқылы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, белгілі бір ортамен араласу жағдайында жүзеге асатын, тиянақты ойды хабарлау және қабылдау қасиеті бар, ерекше деңгейге көтерілген тұлғалардың қатысынан тұратын, қарым-қатынастық мәні бар бірліктер» деген анықтама береді. [2]

Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тіліне деген игі көзқарасын қалыптастыру үшін қазақ елінің сан ғасырлық мәдениетінен, салт-дәстүрінен, ұлттық құндылықтарынан танымдық ақпараттар беретін қарапайым әрі ұғынуға жеңіл тілмен жазылған шағын мәтіндер және түрлі дидактикалық материалдарды жаттықтыру жұмыстары кезінде пайдалана білу тіл үйренушіден үлкен шеберлікті талап етеді.

Сабәқ үстіндегі күнделікті қарым-қатынаста қазақ тілінің грамматикалық және лексикалық материалдарын мәтіндер мен өлеңдер арқылы игертіп, олардың тілге деген қызығушылығын арттыра отырып, қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған жұмыс түрлерін орындатуға үлкен мән береміз.

Өзге тіл өкілдеріне қазақ тілін оқып-үйретуде көрнекті зерттеуші-ғалым Қошке Кемеңгерұлының мына төмендегі түйінді ойларын қаперде ұстау – сапалы да терең білім

берудің кепілі.

1. Өзге тілді оқытқанда, аса қиын жерлерді ғана ана тілінде түсіндіру керек.
2. Өзге тілді оқытқанда ана тіліндегідей болмау керек.
3. Сыртқы тұлғасы қиын орындарда ғана өзге тілден ана тілге ауысу керек.
4. Сыныпта оқыту сабақтың негізі болу керек.
5. Тіл құралының ерекшеліктерін түсіндіріп отыру керек.
6. Өзге тілде өлең-тақпақ үйрету керек.
7. Үйден дайындап келуге тапсырма беру керек.
8. Жазуға жаттықтыру керек.
9. Өзге тілдің әдебиет тарихын толық оқыту, үйрету керек емес.

Тіл үйретуші әрбір адамның жоғарыдағы құнды пікірді өз сабақтарында орынымен пайдалана білуі тіл үйренушінің сабаққа қызығушылығын арттырып, оның тілді үйренуіне игі әсерін тигізеді.

Көп жылғы тәжірибеде анықталғандай, қазақ тілін орыс бөлімдерінде мәтін арқылы үйрету – оқытудың ең тиімді жолдарының бірі. Мәтіннің лингвистикалық негізін жан-жақты меңгерген оқытушы оны игерту кезінде жүйелі жұмыс жасап, үлкен нәтижеге жете алады. Бұл жұмыс түрінің ерекшелігі сол, мысалы, «Биотехнология» мамандығы бойынша оқитын студенттерге «Дәрумендер», «Өсімдік майлары», «Қазақстанда шай өндіру», т.б., «Экономика» факультетінің экономика және менеджмент, есеп, маркетинг мамандықтары бойынша оқитын студенттерге «Қаржы», «Несие», «Салықтың түрлері», т.б. тақырыптар бойынша мәтіндермен жұмыс жүргізсе, олардың бұл мәтіндермен жұмыс жүргізуге қызығушылығы артар еді. Себебі мұндай мәтіндер олардың болашақ кәсібімен байланысты болады да, олар өз кәсіптерімен байланысты жаңа сөздер үйреніп, мәліметтер алады. [3]

Тіл үйренушілерге мәтінмен жұмыс жүргізу барысында мәтін туралы, оның негізгі ерекшеліктері, құрылымы мен байланысу тәсілдері туралы түсіндірген жөн. Бұл олардың кез келген мәтінді түсініп, қабылдауында үлкен рөл атқарады. Мысалы, мәтін құрылымы жағынан кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдер болып бөлінетінін білу тіл үйренушіге кіріспеде тақырыпқа байланысты жалпы баяндау болатынын, негізгі бөлімде тақырыптағы негізгі ой ашылып, жан-жақты түсіндірілетінін, қорытындыда айтылған ойдың қорытындысы жасалып, тұжырымдалатынын алдын ала біліп отыруына көмектеседі. Сонымен қатар, мәтіндегі таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін түсіндірудің де маңызы зор. Мұндай жұмыс түрі сөздік қорын молайтып, сөздердің бір-бірімен байланысын меңгеруіне септігін тигізеді.

Кәсіби мәтін арқылы тіл үйренушінің дүниетанымы кеңейеді, түрлі ақпараттармен танысады, ойын жүйелеп айтуға дағдыланады, түптеп келгенде, сөйлеу тілі дамиды. Мәтін бойынша сұрақ-жауап әдісімен сұхбат құруға да болады. Мамандығына байланысты алынған мәтін арқылы кәсіби терминдермен танысып, сөздік қоры артады, сондай-ақ адамгершілік тәрбие берудің негізгі құралы ретінде де мәтінді пайдалануға толық мүмкіндік бар.

Мәтін арқылы жаңа білім беріліп, олардың дүниетанымы қалыптасады. Үйренуші мен оқытушы арасында немесе үйренушілердің өзара қарым-қатынасында сұхбаттар ұйымдастырып, олардың тілдік құзыретінің, қатысымдық құзыретінің жоғары дәрежеде қалыптасуын қамтамасыз ету сабақ үдерісінің негізгі тірегіне айналуы керек. Ал қатысымдық құзыреттіліктің жоғары дәрежеде болуы — оқыту үдерісінің үлкен нәтижеге жетуінің негізгі кепілі.

Орыс аудиториясындағы тіл үйретудің үш деңгейде жүретіндігін ескере отырып, қажетті мәтінді таңдап алуымыз керек. Ол мына төмендегі үш кезең бойынша

ұйымдастырылады:

- 1) мәтінге барар жол немесе мәтіннің тұсаукесері (презентациясы);
- 2) мәтінмен негізгі жұмыс істеу кезеңі;
- 3) нәтиже кезеңі.

Мәтінмен жұмыс істеудің бірінші кезеңінде оқытушы оның тақырыбын айтып, оларға бағыт-бағдар береді, осылай саларлық сауалдар қоюға да болады, сөйтіп берілген тақырып төңірегінде өз бетімен дайындалып, материалдар жинастырулары керек екенін хабарлайды.

Мәтін – тіл дамытудың негізгі лингвистикалық ұғымы болғандықтан, ол сөйлесім әрекетінің барлық түрін үйрететін негізгі құрал ретінде қолданылады. Мәтін бойынша жүргізілген жұмысқа қысқаша тоқталып өтейік.

Уақыт алтыннан қымбат. Уақытты бағалай біл.

**Уақыт – адам өмірінің ақшалай құны. Уақыт – әркімнің нақтылы өмірлік капиталы. Адамның босқа кеткен әрбір сәті отқа жаққан теңгемен тең.**

*Адамның ақшалай уақыты адамның өзіне байланысты.*  
**Біреудің бір сағаты мың теңге болса, енді біреулердікі – бір тиын.**

*Уақыт ақсүйектікті мойындамайды. Ханға да, қараға да берілетін мерзім – тәулігіне жиырма төрт сағат.*

*Дүниеде уақыт белгілегеннен артық демократия жоқ. Мұндағы ақсүйектік уақытты пайдалануға байланысты, кім уақытын бағалай білсе, сол гана тектілердің қатарына қосылмақ.*

*Бүгінде іскерлер әлемін ұлы мәртебелі уақыт басқарады.*  
**Уақыттың көп шашылуы – шығын. Мұны дәлелден жатудың қажеті жоқ. Мысалы, бір нәрсені жасау үшін уақыт неғұрлым көп кетсе, соғұрлым оның құны да қымбатқа түспек.**

*Үнемі кешігіп жүретін адамға бизнес әлемінде орын жоқ.*

*Экономика – бұл да уақыт. Өйткені әр өнімге уақыт керек. Әр өнімді басқа өніммен салыстырғанда, кеткен уақытпен салыстырады. Ол қасиет – жұмыс, еңбек. Еңбекті қалай салыстырады – еңбекпен салыстырады. Сондықтан бұл экономика – уақыт. [4]*

Мәтін бойынша төмендегідей тапсырмалар орындалып, сұрақтарға жауап беру көзделеді:

1. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз.
2. Мәтінді аударыңыз.
3. Мәтін неге бұлай аталған?
4. Мәтін неше бөлімнен тұрады?
5. Мәтінді толықтырыңыз.
6. Қарамен жазылған сөйлемдер қандай ұғым береді?
7. Мәтіндегі пікірмен келісесіз бе?
8. Батыстың «уақыт – ақша» деген мәтелі біздің елге де келіп жеткен сияқты. Сіз қалай ойлайсыз, бұл мәтел дұрыс па?
9. Уақытты үнемдеу деген не?
10. Сіз уақытыңызды қалай өткізесіз?
11. «Уақыт алтыннан да қымбат» деген шағын шығарма жазыңыз.

Мұндай ойлануға жетелейтін сауалдар қою қатысымдық сөйлеу жағдаятын тудырады, яғни, тіл үйренушінің еркін пікірталасқа шығуына, өзгенің пікіріне сыни көзбен қарай білуге, ізденуге жетелейді.

Тіл үйрету кезінде мәтін атауын дұрыс қоя білу – мәтін мазмұнын дұрыс ашудың кепілі. Мұндай жағдайда студент өз ойын дәл әрі жүйелі түрде жеткізе алатын болады.

Көрсетілген мәтінді түсіндірмес бұрын уақыт туралы өз пікірлерін білу керек, уақыт туралы мақал-мәтелдерді еске түсірген дұрыс және оның мағынасын ашу қажет, сөйтіп оларды ойландырып, уақыт жайлы не білетінін анықтап



алу керек. Оқушылардан алынған жауаптың негізінде оқытушының берген қосымша түсінігі өтілуге тиісті материалды толықтыра түседі және бұл үрдіс оқытушы мен оқушылар арасында қатысымдық әрекетті жүзеге асырады.

Мәтінді оқыту кезінде жеке бір ғана әдіс қолданылмайды, әдістер кешенді түрде жүргізіледі. Бүгінгі таңда оқу үдерісінде оқытудың жаңа әдістері, яғни, инновациялық әдістер, пікірсайыс (дебат), іскерлік ойын және қатысымдық (коммуникативтік) әдістер қолданылып жүр. Бұл әдістердің ішіндегі тіл үйренуші мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруды тікелей іске асыратын әдіс – коммуникативтік (қатысымдық) әдіс. Бұл әдістің басты мақсаты – студенттердің практикалық сөйлеу тілін дамыту.

Мәтінді меңгерту кезінде сөйлеу жағдаятын тудырудың маңыздылығы зор. Мысалы: «Сіз уақыт туралы ойланып көрдіңіз бе? Уақытты үнемдеу туралы сіздің пікіріңіз». [5]

Мұндай жағдаяттық тапсырмалар тіл үйренушінің қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастырып, ой-өрісін дамытады. Тапсырмаларға лайық өз бетімен сөйлемдер құрастырып, ізденуіне мүмкіндік тудырады.

Тапсырманы орындау кезінде тілге ғана тән ерекшелік көрініп қоймайды, сол тілде сөйлеушінің тілдік мәдениеті де байқалады. Сонымен, оқытушы өзге ұлт өкілдеріне мәтінді меңгерту барысында тілді мәдени ақпарат беруші құрал ретінде де пайдалана алады.

Лингвомәдениет туралы ғалым В.Н.Телияның: «Лингвокультурология – новая филологическая дисциплина, которая изучает определенным образом отобранную и организованную совокупность духовных ценностей и опыта языковой личности данной национально-культурной общности, исследует, прежде всего, живые коммуникативные процессы и связь используемых в них языковых выражений с синхронно действующим менталитетом народа», – деген пікіріне сүйенсек, кейбір лексикалық бірліктердің тілдік те,

мәдениеттік те маңыздылығы барын байқаймыз.

Оқыту үдерісінде тіл үйренушінің ауызша сөйлеу (монолог, сұхбат), тыңдап-түсіну, оқу, жазудағы іскерлік, дағдыларын қалыптастырып, ауызекі сөйлеуде және жазу кезінде ойын дәл жеткізе біліп немесе мәтінді сөздікпен, сөздіксіз де оқып-түсіну арқылы қатысымдық құзыреттілігін дамытамыз.

Қазақ тілі сабағында берілетін мәтін сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға, адамгершілікке, туған жерін сүйе білуге мейлінше әсер ететіндей деңгейде болу керек. Мәтінге байланысты қойылатын сұрақтар мен тапсырмалар да осы мақсатқа жету жолына ыңғайланып қойылғаны дұрыс. Сабақ үстінде неғұрлым оқытушы азырақ сөйлеп, тіл үйренушінің сөзін көбірек тыңдаса, олар өз бетімен сөйлеуге әрекеттенеді де, сөйлеу дәрежесі жоғарылайды. Осындай сөйлесім әрекетінен кейін сұрақ бойынша алынған жауаптар дәптерге жазылады.

Мәтінде кездесетін жаңа сөздерді оқушыларға түсіндірмес бұрын: «Мәтіннің ішінде сендерге түсініксіз сөздер бар ма? Болса, оқыңыз», – деген сұрақ қойып, жауаптарын тыңдаған соң, қосымша түсінік беру әдісі сабақтың тиімділігін арттырады. Жаңа сөздерді есте сақтаудың бірден-бір жолы – сөзді бірнеше рет дауыстап оқу, аударылымын анықтау, оны сөздік дәптерге жазу, сөздің жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықты ажырата түсіндіру, сол сөздер мен сөз тіркестерін және сөйлемдер құрату, сөйлемдердің ішінен жаңа сөздерді айыра білу.

Мәтін немесе басқа да жұмыс түрлерін жүргізгенде қолданылатын әдістердің ең тиімдісі – қатысымдық әдіс екені күнделікті оқыту үдерісінде дәлелденіп те жүр, өйткені тілді үйреткенде сөйлесім әрекеті оқушы мен оқытушы арасында өзара ауызба-ауыз сөйлесіп, тікелей қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылып, қатысымдық құзыреттіліктің дамуына мүмкіндік туады. Мәтін мазмұнына сәйкес өзара

сұхбаттасу әдісі өзге тілді аудиторияның белсенді түрде білім алу әрекетін жетілдіре түседі. Мәтін арқылы бір-біріне сұрақтар қойып, жауап беру кезінде оқылым мен сөйлесім қатысымдылығы қатар орындалады.

Қазіргі заман талабына сай оқытушының сабақ мазмұнын саралай отырып, сабақта сөз болатын тақырыпты дұрыс таңдап, оның мазмұнын аша білуі, жаттығудың ең тиімді дегендерін іріктеп алуы қазақ тілін тез әрі сауатты меңгертуге бастайтын ұтымды жолдардың бірі болып табылады. Таңдап алған мәтіннің танымдық және тәрбиелік мәніне де ерекше көңіл бөлу сабақ үрдісінде үнемі естен шықпауы керек.

Мәтін – тіл үйретудің негізгі құралы. Мәтін арқылы қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы, морфологиясы, синтаксисі меңгертіледі. Мәтін бойынша жай және күрделі жоспарлар жасап, тіл үйренушінің тілді білудегі жеке мүмкіндігінде ескеріп, қажетті әдістемелік тәсілдерді таңдай білу тіл үйренушінің оқуға қызығушылығын арттырып, сабақ үстіндегі қатысымдық құзыреттілігін дамытады. Сондықтан қазіргі өркениетке бет бұрған заманның талғамы жоғары әрбір азаматы өзге тілді үйретушінің де сол заманға лайық терең білім бере алатын деңгейден көрінуін талап етері даусыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР 2005–2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Ф.Ш.Оразбаева.Тілдік қатынас. А., 2005, 270-б.
3. IV Рысқұлов оқулары. «Ғаламдық экономикалық дағдарыс: себептері, мәні және еңсеру жолдары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. А., 2009. 637-б.
4. «Қаржы-қаражат» журналы. №6, 1995, 78-б.
5. З.Күзекова. «Қазақ тілі». А., «Раритет», 1999, 18-19-б.

Баян ҒҰБАЙДУЛЛИНА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Өскемен қаласындағы  
№26 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Функционалды сауаттылық* – сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсу, бейімделу және жылдам қалыптасу қабілеті екендігі белгілі. Адамның жалпы оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтін құрастыру сияқты сауаттылығынан функционалды сауаттылықтың айырмашылығы келесіде: білім деңгейі, іскерлігі мен біліктілігі, нақты мәдени ортада және әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде тұлғаның өмірлік әрекетін жүзеге асыру қажеттіліктерін, қалыпты жағдайда қалыптастыруын қамтамасыз ету.

Функционалды сауаттылық келесі *түрлерге* бөлінеді: тілдік сауаттылық, ақпараттық және компьютерлік сауаттылық, құқықтық сауаттылық, азаматтық сауаттылық, қаржылық сауаттылық, экологиялық сауаттылық, кәсіби және арнайы функционалды сауаттылық аспектілері (менеджмент, PR-менеджмент, іскерлік жоспарлау, жаңа

технологиялар және т.б.).

«Функционалды сауаттылық» түсінігі алғаш өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында ЮНЕСКО құжаттарында және кейінірек зерттеулерде қолданыла бастады. Функционалды сауаттылық тұжырымдамасына негізделген, әйгілі, халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі, экономикалық серіктестік және дамыту ұжымының жетекшілігімен (ЭСДҰ) 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Program for International Student Assessment - PISA) болып саналады.

PISA 15 жастағы жеткіншектердің мектепте меңгерген білім, білік және іскерліктерін, өмірдің әр түрлі салаларында, сонымен қатар, әлеуметтік және өзара қарым-қатынас кезінде мәселелерді кең көлемде шеше алу қабілетін бағалайды.

PISA деңгейінде жүргізілген тестілеуде функционалды сауаттылықтың 3 аймағы бағаланады: оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстық ғылыми сауаттылық. Зерттеу кезеңмен жүргізіледі, 3 жылда бір рет. Әр кезеңде функционалды сауаттылықтың нақты бір түріне аса назар аударылады. PISA бағдарламасында 2009 жылы оқу сауаттылығы болды.

PISA зерттеулеріне Қазақстан алғаш рет 2009 жылы қатысты. Қазақстандық оқушылардың дайындық деңгейі нәтижеге сәйкестеледі:

1) орташа ауырлықтағы және ауыр оқу мәтінін қолдану және олардың көмегімен күнделікті жағдаяттарға бейімделу бойынша оқу сауаттылығын зерттеуде қатысушылар 5% көрсетті (ЭСДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш - 28,6%);

2) нақты жағдаят үшін нақты үлгілермен тиімді жұмыс істеу, әр түрлі тапсырмаларды дамыту және түрлендіру, математикалық сауаттылықты зерттеуде қатысушылар 4,2% көрсетті (ЭСДҮ елдері бойынша орташа көрсеткіш - 16%);

3) жаратылыстану ғылымының рөлі жайлы тұжырымды талап ететін жағдаятпен тиімді жұмыс істеу, әр түрлі жаратылыстық ғылыми тәртіп туралы түсініктерді біріктіру және таңдау, сол түсініктерді өмірлік әр түрлі жағдаяттарда міндетті түрде қолдану, жаратылыстық ғылыми сауаттылықты зерттеуде қатысушылар 3,6% көрсетті (ЭСДҮ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 20,5%).

Осыған орай, PISA және TIMSS зерттеулеріне қатысудағы қазақстандық қатысушылардың көрсеткіші жалпы білім беретін мектеп ұстаздарын мықты пәндік біліммен ғана қамтамасыздандырып, бірақ оларды шынайы, өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге үйретпейтіндігін көрсетеді.

Осы жерден, қазақстандық оқушылар үшін функционалды сауаттылықты қалыптастыру мәселесінің өзектілігі байқалады. ҚР үкіметтік қаулысымен 2012 жылдың 25 маусымынан бастап №832, оқушылардың 2012-2016 жылдарға функционалды сауаттылығын дамытудың Ұлттық жоспары негізінде байланыс бекітілді.

Ұлттық жоспарға келесідей мазмұндық, оқу-әдістемелік, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту үдерісін материалдық-техникамен қамсыздандыру шаралары кіреді. Ұлттық жоспар ҚР білім сапасын жаңғыртуда мақсатқа бағыттылықты, толыққанды және оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту әрекетінің жүйелілігін қалыптастыруға негізделген.

Ұлттық жоспардың *мақсаты* – ҚР оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау.

Ұлттық жоспар *міндеті*:

1. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда отандық және халықаралық тәжірибелерді оқып-үйрену.

2. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда өлшем жүйесінің механизімін анықтау.

3. Білім мазмұнының модернизациясын қамсыздандыру: оқу жоспары және бағдарламасының стандарты.

4. Білім беру жүйесін оқу-әдістемелік жұмыспен қамтамасыз ету.

5. Оқушылардың білім сапасын мониторингілеу және бағалау жүйесін дамыту.

6. Қосымша білім және мектептің материалдық-техникалық базасын толықтыру.

Мұғалім-практик ретінде осы белгіленген алты міндеттен, төртінші міндетті – *білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік жұмысын жүзеге асыра аламыз және жүзеге асыруға міндеттіміз*. Бұл – біздің күнделікті пән бойынша сабақ жүргізуге дайындығымыз.

PISA зерттеулері бойынша, тұрақты алдыңғы қатарлы нәтиже көрсетуші елдерде (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға келесі факторлар әсер етеді:

- 1) білім мазмұны ( ұлттық стандарт, оқу бағдарламалары);
- 2) оқу әдістері және формалары;

3) оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау және диагностикалау жүйесі;

4) сыныптан тыс және қосымша білім беру бағдарламалары;

5) мектепті басқару үлгісі (қоғам-мемлекеттік форма), оқу жоспарын құрудағы мектеп автономиясының жоғарғы деңгейі;

6) барлық қызығушы жақтармен серіктестік ұстанымы негізінде білім беру ордасындағы достастық;

7) балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы ата-аналардың белсенді атсалысуы.

Көрсетілген факторлар Қазақстандық оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту механизмін анықтайды.

Білім беру стандартын жаңартумен кез келген мұғалім айналыса алмайтындығы бәрімізге белгілі, бұл ҚР БҒМ құзырында. Бірақ та, функционалды сауаттылықты дамыту нәтижесі, негізгі құзыреттілікті игеру, жастарға тәжірибелік жағдаяттар кезінде және әлеуметтік бейімделу үрдісінде тиімді қолдана білу болып саналады. Негізгі құзыреттілік – бұл орта мектеп түлегінің тұлғалық сапасына білімінің нәтижесі түрінде, оқу бағдарламасында және МЖМБС жазылған мемлекеттің талабы.

Орта мектеп түлегінің негізгі құзыреттілігі келесіде:

- басқарушылық (мәселені шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше танымдық әрекетке немесе өмір бойы оқу дағдысы);
- коммуникативті (ауызша, жазбаша, қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерінде қарым-қатынасқа түсе білуге қабілеттілік);



- әлеуметтік (әлеуметтік өзара әрекеттестікке қабілеттілік);
- тұлғалық (өз бетінше ұйымдастыру, өмірлік және кәсіби өзіндік анықтауға, жүзеге асыруға және т.б.);
- азаматтық (өз Отанына өзіндік сана және мәдениеттілік негізінде жауапкершілікті сезіне білу);
- технологиялық (технологияларды қолдана білу іскерлігі, ғылыми, сандық, тиімділік деңгейіне қарай).

Негізгі құзыреттіліктен басқа пәндік аймақтарда пәндік құзыреттіліктер де белгілі: мамандандырылған білім, оқу пәні аумағындағы дағдылар. Негізгі және пәндік құзыреттіліктер білім нәтижесі ретінде нақты, өлшемді, жемісті, шынайы және уақытпен анықталған болуы тиіс. Осы көрсетілгендердің ішінен бізге, мұғалім-практиктерге келесілері қол жетімді: оқытудың технологиясы және әдістері, формасының жаңаруы, оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау және диагностикалау жүйесі, барлық қызығушы жақтармен серіктестік үрдісі негізінде білім беру ордасындағы достастық, бала тәрбиесі мен оқуындағы ата-ананың белсенді атсалысуы.

Осыған сәйкес, 2012-2016 жылдарға оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың Ұлттық жоспарында көрсетілгендерге таңдау жасап, яғни, кәсіби-педагогикалық құзыреттілігімізге сәйкесімен жұмыс істеуіміз керек.

Өз іс-тәжірибемде мен функционалды сауаттылықтың мынадай түрлеріне – тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылыққа көп көңіл бөлемін. Сауаттылықтың осы түрлері меніңше, Ұлттық жоспарда аталған: *коммуникативті құзыреттілік* - бұл ауызша, жазбаша, қазақ тілі,

орыс және ағылшын тілдерінде қарым-қатынасқа түсе білу қабілеттілігі толығымен негізгі құзыреттілікті қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылықты қалыптастыру әдістемесін қазақ тілі сабағында М.Жанпейісованың модульдік технологиясы негізінде жүргізіледі. Осы технология бойынша көптеген әріптестерім оқу модулі 3 бөлімнен тұратындығын біледі: кіріспе, диалогтік және қорытынды бөлім. Көлемді, мазмұнды және негізгі жүктеме диалогтік бөлімде қарастырылады, себебі тілдік функционалды сауаттылық белсенді түрде осы бөлімде жүзеге асырылады.

Мысалы, 6-сыныпта қазақ тілін оқытуда мен оқушылардың қатысуымен бейнероликтер жасап шығардым, сонымен қатар, олардың оқу әрекетінің объектісі емес субъектісі болуына жағдай жасаймын. Бұл олардың танымдық белсенділіктерін жоғарылатуға, қазақ тілін үйренуге қызығушылығын және ең бастысы тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылығын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Мысалы, «Кітапхана» тақырыбы бойынша бейнеролик жасалды, ол оқушылардың тілдік сауаттылығын дамытуға үлкен әсер етті.

Сонымен қоса, тілдік сауаттылықты қалыптастыруда, соның ішінде диалогты құруда, лексикалық тақырыпқа жаңа сөздер енгізу қажет, синоним, омоним және антонимдерден мысалдар келтіру. Лексикалық тақырыпты үйренудегі мұндай қатынас, біріншіден, оқушылардың сөздік қорларын молайтуға, екіншіден, әлеуметтік немесе оқу жағдаятында коммуникативтік қабілеттерін көрсете білуге үйретеді.

Оқушылардың тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылығын қалыптастыруда пәнаралық байланыс

маңызды рөл атқарады. «Менің Отаным - Қазақстан», «Менің сүйікті өлкем» және т.б., лексикалық тақырыптарды оқуда әлемнің физикалық картасын қолдану, атлас, көрнекі құралдар, плакаттар, таныстырулар (презентациялар) оқушылардың тақырыпты толық әрі жүйелі меңгеруіне, білім салаларымен байланыстыра алуына көмектеседі. Мұны ақпараттық сауаттылық элементіне жатқызуға болады.

Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыруда телекоммуникациялар және заманауи ақпараттық жүйелер (ғаламтор), сонымен қатар, ақпараттың басым көпшілігі, классикалық құралдар – бұл журнал, газет, кітаптар және т.б. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылықты қалыптастыру құралдары жеткілікті: бұл мектеп кітапханасы, асхана, дәрігер бөлмесі, кез келген әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттарды моделдей алу білігі мен іскерлігін қажет ететін жағдаяттар.

Осыған орай, жоғарыда көрсетілгендерге негіздей отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға жеткілікті дәрежеде жағдай жасалған, ал қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабағында тілдік және әлеуметтік-тұрмыстық сауаттылықты дамыту мүмкіндігі бар.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысы.

Бақытгүл ЖҰМАБАЕВА,  
Семей қаласындағы  
№9 орта мектептің  
қазақ тілі және әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тіл – адам баласын қазіргі жетістіктерге жеткізген ұлы да бірегей туынды.

Тілді адамзаттың бір-бірімен сөйлесу, пікірлесу, түсінісу құралы ретінде меңгере отырып, оның әлеуметтік қыры мен ішкі мазмұн-мағынасын қатар игеру – бүгінгі күн талабынан туындап отырған мәселе. Қазіргі өркениетті заманда тіл адам мен адамның тілдік қарым-қатынасын іске асырумен бірге оның ой-пікірін, көзқарасын, танымы мен білімін де аңғартады. Тіл – ертедегі Түркі Қағанатының Алтын Орда заманындағы үстем тілі. Тілдің эстетикалық талғамы зор. Көркем өнерін, мақал-мәтелін, қанатты сөзін, теңеулерін, өлең сөздері мен даналық талғамын нұрландырып тұрған нәрлі тіл – қазақтың баба тілі, қазақтың ана тілі.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі болғандықтан, оны білу – әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы. Біздің еліміз – көп диаспоралы мемлекет, сондықтан мемлекеттік мәртебе алған қазақ

тілін оқып үйренуді, игеруді жан-жақты жүзеге асырып, жетілдіре түсуді міндетіміз деп білуіміз керек. Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Сол себепті де мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде дүниежүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысым-дық (коммуникативтік) бағытты ұстану – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, ертеңгі де тағдыры.

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу тілі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсіну, яғни азаматтың тіл арқылы қатынасқа түсуі тілдік қатынас дегенді білдіреді.

Қазақ тілін үйретуде қатысымдық әдісті пайдаланудың ең тиімді жолы – адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыру.

Сөйлеу кезінде адам қалай болса солай тілінің ұшына келгенін айта салмайды, ол, ең алдымен, ойлауды басынан өткереді, сырттағы объективтік шындық санаға, ойға әсер етеді. Сол адам миының, ойлау үдерісі арқасында нені айту керек, не туралы сөйлеу қажеттігі жөнінде нақтылы сөз жасайды.

Тілді оқытудағы ең басты мақсат – оқушыны сөйлеуге, яғни, айтар ойын жеткізе білуге үйрету.

Көптеген әдістемелік әдебиеттерде кездесетін «говoreние» үдерісі қазақша «сөйлеу» деп аталынып жүр. Ұлттық әдеби тілімізде сөздің дұрыс айтылу нормаларын «сөз сазы» деп атау да ұтымды орын алған.

Ұлттық тілде «сөйлеу» деген сөз бірнеше ұғымдарды білдіреді. Сөйлесім әрекетінің түрлеріне жататын басқа атауларды ескеріп және «сөйлеу» сөзінің әр түрлі мағыналарын ойластыра келіп, «говорение» деудің орынына «сөйлеу» терминінен гөрі жаңаша «диалог» деген терминді қолданғанды жөн көрдім.

Диалог – адамдар арасындағы тілмен түсінісуді жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол тілдік қарым- қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі.

Диалог, яғни, сөйлеу, негізінен бір адамға тән әрекет болғанымен, тілдік қатынаста екі жақты байланыстың болуын қажет етеді. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізу үшін айтады, сол үшін шығарады. Сондықтан тіл үйренушіге ойын тіл арқылы жарыққа шығаруды үйретпей тұрып, оны сөйлесуге, тілдесуге үйрету мүмкін емес. Тілді үйретуге байланысты қолданылатын қатысымдық әдіс, біздің пікірімізше, бірнеше басты белгілерге ие болады. Бұл әдістің, басқа әдістерге карағанда, өзіндік айырмашылығы бар.

Жалпы түрде жинақтап айтсақ, бұл әдістердің бәріне тән ортақ мақсат – сөздің қолданылу ерекшеліктері мен мағыналарын түсіндіру, тілдің грамматикалық құрылысын меңгерту, ауызекі сөйлеу тілінің сөздік қорын үйрету. Бұл әдістерді қолданудың нәтижесінде оқушының сөз байлығы дамиды, дұрыс сөйлеу қабілеті артады, тілдік тұлғаларды дұрыс оқып-жазуды игереді. Қатысымдық әдісті жиі қолданған сайын, біз өзге ұлт оқушыларын қазақ тілінде сөйлете аламыз.

**I. Тіл – барша адамзаттың рухани кемелдігінің белгісі.** Ол адамдар арасындағы ғана емес, қоғамдағы барша

қарым-қатынастың дәнекері болатын құдіретті құрал. Тілдерді үйрету әдісі үнемі заман талабына, уақыт ағымына қарай өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Сол себепті де мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде дүниежүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық (коммукативтік) бағытты ұстану бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауын 6 ақпанда жариялады. Осы жолдауда көтерілген мәселелердің бірі – «Тілдердің үш тұғырлығы».

/1,2-б./

«Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің жолы – ең үздік, инновациялық, әдістемелік, практикалық оқу-құралдарын, аудио-бейнематериалдарды әзірлеу керек» деді Елбасы. Ал, тіл ұстартуда мұғалімнің қойған басты мақсаты да сол, өз сабақтарында жаңа технологияны қолдана отырып, оқытудың сапасын жетілдіру мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.

Қазіргі кезде орыс тілді мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың жаңаша, тиімді жақтары практикалық тұрғыдан игеруге бағытталған аса құнды әдіс-тәсілдерді меңгеруді талап етеді.

Мемлекеттік тілімізді басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытта ұстану – бүгінгі күні аса өзекті мәселелердің бірі. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен

әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым- қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі».

Қатысымдық бағыттылықты ұстанған әдіскер Е.И.Пассов, А.А.Леонтьев, В.Г.Костоманов, А.Н.Щукин, М.Н.Вячютнев, Г.А.Китайгородская, Г.В.Рогова, И.Зимняя, В.А.Скалкин, Б.А.Лapidус, Н.И.Гез, Э.П.Шубин, И.Л.Бим, т.б. бұл әдістің ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең тиімді екенін дәлелдеген. /2,4-б./

Қазақстан Республикасының «Тілдерді дамытудың 2010-2011жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалардың негізгі талабы – мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек.» Елбасының ақпан айындағы жолдауында «2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80%-ға дейін жеткізу, ал 2020 жылға қарай кемінде 95%-ды құрауы тиіс. Енді 10 жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100% мемлекеттік тілді біліп шығатын болады».

Ең алдымен, ерекше орын алатын тілдік қатынастың негізгі мазмұны, мәні, мағынасы болып табылатын хабарды іс жүзіне асырушылар – хабарға тікелей қатысушылар.

Тілді зерттеуші ғалымдар тілдік қатынас құбылысына байланысты 3 кезенді атап өтеді:

- Хабардың дұрыс айтылуы, шығуы. Мұнда синтаксистік заңдылықтар, яғни, грамматикалық бірліктердің айтылуы, дыбысталуы ерекше көзге түседі.
- Айтылуға тиісті мағынаның дұрыс жеткізілуі, айтылар ой мен айтылған тілдік құралдың тепе-теңдігі.



Мұнда семантикалық заңдылықтар басым рөл атқарады.

- Өңгімелесуші екінші адамның хабарды дұрыс қабылдауы.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар:

Сөйлесу (говорение);

Оқу (чтение);

Жазу (письмо);

Түсіну (аудирование).

Бұл ғылыми ұғымдарды қазақша бірыңғай оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым деп айтуды жөн санайды.

Тыңдалым жөнінде ғалым Қ.Қадашеваның мына пікірі өте орынды. «...оқу мен жазу үнемі тыңдау және сөйлеуден кейін келеді, себебі тілді түсіну сол тілді қолданудан бұрын болғаны дұрыс».

Ал осы тыңдалымның өзіне тән ерекшеліктерін, оны сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта тиімді пайдалану жолдарын қарастырмас бұрын төмендегі мәселелер төңірегінде ойланып көрейікші./ 2-14-б./

- Өзге тілде ұғынысу үшін әуелі тыңдау керек пе әлде сөйлесу керек пе?

- Тілдесуге үйрену қиын ба әлде тыңдауға үйрену қиын ба?

- Адамның тыңдай білу қабілетінің жақсы, жедел дамуына оның қандай қабілеттері көмектеседі?

- Басқа тілдегі сөздерді, сөйлемдерді естігенде адам қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін?

- Кез келген тіл үйренуші адамның тыңдау, есту қабілеттерін қандай жаттығулар түрі жедел дамытуға ықпал ете алады?

- Тыңдаған, естіген дүниеге болжам жасай білу қабілеттерін дамыту үшін қандай жаттығулар жүйесін ұсынуға болады?

- Оқытушы ретінде тыңдалымға байланысты өзіңіздің тәжірибеңізде кездесетін қандай қиындықтарды атар едіңіз және олардан шығу үшін сіз қандай жаттығулармен тапсырмалар түрін ұсынар едіңіз?

Әуелі кез келген дүниені тыңдар алдында адам не үшін тыңдаймын және қалай тыңдағаным дұрыс, қалай тыңдауым керек деген мәселе төңірегінде ойлануы керек.

Ол естіп отырған дүниеден өзіне қажеттісін дұрыс таңдап ала білуі керек және айтушының соңғы мақсатын түсіне білуі тиіс. Кез келген өзге тілді үйренуші адам мәтінді тыңдар алдында өзіне міндеттер белгілеп алуы қажет.

Қазақ тіліне қарым-қатынас құралы ретінде коммуникативтік тұрғыдан қазақ тілі сабақтарында және сабақтан тыс уақытта меңгерту керек. Тақырып бойынша берілген әдебиетті меңгеру және талдау жүргізу қажет.

Қазақ тілі сабақтарында және сабақтан тыс уақытта әдістемелік тәжірибе жұмыстарын орта буында жүргізу әдістерін қарастырған жөн.

Қазақ тілі кафедрасына диалогтық тілдік қатынасты енгізу жолындағы ұсыныстарды жүйелендіру ісі жүктеледі.

«Сөйлеуге үйрету» немесе «диалог» дегенде мынандай ұғымға мән беріледі: бұл адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, айтуы. Диалог – айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік реакция жасауы немесе жауап қайтаруы. Ол тілдік коммуникация

арқылы жүзеге асады. Ауызша сөйлесімнің нәтижесінде түсінісуге жол ашылады.

Сондықтан оқушыны қазақ тілінде ойын ауызша жеткізе білуге үйрету деген – ең алдымен, өмірде оны екінші адаммен түсінісе білуге үйрету, ойын ауызша жеткізіп қана қарамау деген сөз.

Диалог әрекетіне қатысты ең маңызды мәселе – сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру. Бұл туралы тілші-ғалым Р.Сыздықованың түйген ойларының қай-қайсысы болсын тіл үйренушіге де, оқытушыға да пайдалы: «Тілдік норманың барлық қаттауында: сөздік саласында /лексикасында/, грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни, жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды». /17, 27-б./

Сөйлесім әрекетіне тән айтылымның қатысымдық табиғатын айқындайтын белгінің бірі – адам мен адамның ұғынысу қажеттігін өтейтін тыңдалым үдерісі. Ауызша сөйлеу іске асқан жерде есту де, тыңдау да қатар жүреді. Адамның ауызша сөйлеу арқылы жарыққа шыққан ойы екінші адамның есту қабілеті ұстап, есту мүшелеріне әсер еткенде ғана ұғынықты болады. Сондықтан сөйлесім мен естілім екеуі екі түрлі үдеріс болғанымен, бір-бірімен қатар жұмсалып, қатар жүреді.

Сонымен қатар сөйлесім – тіл үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажет шарт қана емес, ол - адамзаттың қоғамдағы әлеуметтік орынын, қызметін

көрсететін күрделі әрекет.

Қазақ тілінде сөйлеу арқылы оқытушы үйренушіге ойын қазақша жеткізе білуімен қатар, пікір айтуға, көзқарасын білдіруге де тәрбиелейді. Сөйлеуге үйрету — тілді жалаң меңгеру емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз.

Осы тұрғыдан келгенде, айтылымда қазақша сөйлеуге үйрету сапалы болу үшін басты-басты мынадай жағдайларды ескеру қажет:

- Үйренетін тілде сөйлеуге деген қажеттілік;
- Қоршаған орта, жағдайдың әсері;
- Жеке бастың қабілетін ескеру;
- Сөйлеудің түпкі мақсатын айқындау.

Жалпы, ауызша сөйлеуге үйретуде әдіскерлердің ұсынатын белгілері, оған қоятын талаптары — түрліше. Сөйлесуді оқытудың ерекшеліктері үйрететін тілдің жан-жақты сипатын қарастыруға мәжбір етеді. Мұндай әсіресе тілдің қоғамдық мәні мен оқыту ерекшеліктері, сыртқы себеп-салдары назар аударуды қажет етеді.

Үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік болмаса, сөйлеудің қаншама жолдарын меңгергенмен, ол жасанды рөл атқарады да, бірте-бірте өзінің өміршеңдігін жояды. Қазақ тілін үйретудің сапасыздығы оның күнделікті өмірде өзіне тиісті орынын тауып, қоғамдағы қажетті үрдіс ретінде танылмағандығынан және аудиторияда, сабақта белгілі бір тақырып төңірегінде сөздердің құр жаттала салуынан деп есептеу керек.

Сөйлесімге деген қажеттілік оқытушы тарапынан да, оқушы тарапынан да бірдей болу қажет. Және қатып қалған қалыпты емес, мүмкіндігінше тілдік қарым-қатынасқа итермелейтін, еркін болғаны абзал.

Мәселен, оқытушы оқушыны сөзге тарту үшін сөйлесуге түрліше қадам жасайды. Ол:

- Кешке үйде боласың ба? – десе, оқушы:

- Жоқ, болмаймын,- деп, диалогты бірден үзе салуы мүмкін.

Ал егер:

- Кешке не істейсің? Мен сенің кешкі уақытыңды қалай өткізетініңді білгім келеді,- десеңіз, ол:

- Мен үйде боламын. Сізге менің қажетім бар ма?

Немесе:

- Мен кешке футболға барамын. «Уақытыңыз болса, бірге барайық» немесе «Маған айтар тапсырмаңыз бар ма?» деуі мүмкін. Осындайдан барып өз-өзінен туындап жатқан сөйлесудің үлгілері пайда болады.

Демек, сөйлеуге үйренудің сыртқы жағдайлармен қатар, ауызша тілдесудің ішкі жағдайларға қатысты қажеттілігінде де маңызды рөл атқарады. Мұғалім оқыту барысында олардың барлығын ескеріп отыруға тырысады.

Ауызша сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың алатын өзіндік ерекше орыны бар. Қоршаған орта мен жағдай әр түрлі себептерге байланысты шартты түрде ұйымдастырыла береді.

Сол сияқты сөйлеуге үйрету кезіндегідей жағдай жалпылама не нақтылы болып келуі де мүмкін.

Сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың әсерін ескеру оқу үдерісін тікелей өмірмен жалғастырады. Сол себепті ситуациялық көрініс өмірде болып жатқан құбылыстарды бірден түсініп, ауызша тіл арқылы жеткізіп беруге жол ашады.

Сабақты өткізу барысында алынатын белгілі бір жағдайдың өтетін орыны мен мерзімі анықталады. Содан кейін сабақта сөйлесімді атқаратын кейіпкерлер бейнеленеді. Әр оқушы өзіне тиісті болған кейіпкерлердің рөліне кіріп, жағдайға байланысты ойын жарыққа шығарып айта бастағанда, басқалары оған сай жауап қайтарады. Сөйтіп сөйлеу жүзеге асады. Сөйлесімдік ортаға қатысты жағдай одан әрі жалғасады, т.б. Мұндайда сөйлеудің барлық формалары (монолог, диалог, полилог) сөйлеушілердің ыңғайына қарай атқарыла береді.

*Сұхбат* – көбінесе, екі не одан да көп сұхбаттастардың тілдесуі жағдайында бірінен-бірі туып отыратын репликалар тізбегі. Мұнда бір ескертетін жағдай – ол емеурін элементтерінің жиі немесе көбірек қолданылуы. Ол сұхбаттастардың жорамал жасауына алып келеді. Бұдан кейін сұхбатқа тән ерекшелік – оның кенеттен пайда болатындығы. Себебі, сұхбат кезіндегі әңгіменің мазмұны, оның құрылысы сұхбаттастардың репликаларына тікелей байланысты. Сұхбаттаса білу үшін әр түрлі клишелерді, сөйлеу формулаларын, сөйлемдердің айқын емес, толық емес құрылымдарын меңгеру керек. Сұхбат кезінде бір сұрақтан екінші сұраққа, бір тақырыптан екіншісіне күтпеген жерден ауыса салу, бұрынғы тақырыпқа қайта оралу деген жиі ұшырасады. Сұхбаттың элементтері – әр түрлі репликалар бір сөз немесе бірнеше сөйлем болуы мүмкін. Ең жиі кездесетіні бір сөйлемді репликалар болып табылады. Репликалардың қосылуын, құрылымдық бірлігін, интонациясын және мағыналық жақтан аяқталып тұруын сұхбаттық бірлік деп атайды. Сұхбаттық бірлік сұхбат бойынша сөйлесуге үйрететін негізгі қайнар көз рөлін атқаруға тиіс.

Сұхбаттық бірліктің үш түрін көрсетуге болады:

- Сұрақ-жауап, мұның мақсаты – өзіне қажет белгілі бір ақпаратты алу.

- Өз еркін білдіру, мақсаты – әрекетті аяқтауға ынталандыру немесе оны мүлде тоқтату.

- Хабарлаушылық мақсаты – ақпараттармен алмасу.

Сұхбаттаса тілдесуде күнделікті сөйлеу тілінің маңызы айырықша. Оның ресми жағдайдағы сұхбаттасу және бейресми жағдайдағы сұхбаттасу дейтін түрлері бар. Шетел тілін үйренуші кез келген адамға қажеттісі - бейресми жағдайдағы сұхбаттасу.

Сөйлеу тілі тілдің әр түрлілігін көрсетеді. Ол – көбінесе, тұрмыстағы қарым-қатынас, ақпараттармен, әр түрлі ойлармен пікір алмасу мақсатында, ішкі сезімдермен бөлісу мақсатында қолданылады. Мұндай тілдесулер үй ішілік қарым-қатынаста немесе бейресми жағдайларда, сондай-ақ достық хаттар мен үндеу ретінде жазылған хаттарда орынды болып саналады. Мұндайда тілдесу мақсаты қарым-қатынас жасау болып табылады. Ал дұрыс қарым-қатынас жасау күнделікті өмірде де, қызмет бабында да өте қажетті бірінші кезектегі мәселе екендігі баршаға аян. Дұрыс тілдесе алмаудан туатын қиындықтармен де көпшілік жақсы таныс.

Күнделікті қарым-қатынас жасау кезінде тілдесуді қалай және неден бастауға болады? Сәлемдесіп болғаннан кейін не туралы сөйлеседі?

Өзі туралы: - Жұмысың қалай? Жағдай қалай? Қалай тұрып жатырсың?

Денсаулық туралы: - Денсаулығың қалай? Жазылдың ба? Жағдайың жақсы ма?

Отбасы туралы: - Жолдасың (әйелің, күйеуің) қалай? Балалар қалай? Ата-анаңның қалдары қалай? Денсаулықтары жақсы ма?

Көңіл күйге байланысты: - Көңіл күйің қалай? Көңілдісің ғой өзің! Не болған, бір түрлі көңілсізсің ғой!

Ауа райы туралы: - Бүгін кешегіге қарағанда жылырақ! Аяқ астынан жаңбыр жауып кетті ғой! Күн қандай тамаша! Аспанда бір шөкім бұлт жоқ!

Сырт бейне туралы: - Құлпырып кетіпсің ғой! Бүгін өңің солғын ғой! Мына көйлегің өте жақсы жарасады екен!

Әрине, бұл келтірілгендер алғашқы сөз бастау үшін қажетті міндетті айтылыстар деп санауға болмас. Сөзді әркім өзінің кездескен адамына қарай әр түрлі бастайды. Шамалап алғанда, үлгі осылай болуға тиіс деген жобаны ғана айтып отырмыз. Тілдесу тек әйелдердің арасында да, тек ер-азаматтардың арасында да, болмаса ерлер мен әйелдердің арасында да, әріптестер мен сыныптастар арасында да жүруі мүмкін. Сондықтан тілдесушілер өздеріне керек тілдесу нұсқасын таңдай білулері тиіс.

Күнделікті сөйлеу тілінің белгілі бір мақсаттары да болады. Мысалы, тілдесу сұхбатқа әңгімелесу сипатын беріп, қысқа хабарлама түрінде болуы да ықтимал.

- Мен сені ренжітейін деп тұрмын. Ертең тауға бармайтын сияқтымын. Себебі мен анама көмектесуім керек.

- Кім келгенін білесің бе? Түнде күтпеген жерден біртуысым келді. Таң қалдым!

- Уайымдама, апа! Бәрі дұрыс, бәрі жақсы болады! Міне, көріп тұрсың ғой, мен сап-саумын және сондай көңілдімін!



- Мен сені қуантайын деп тұрмын! Біз жаңа үйге көшіп жатырмыз! Түсіндіру сөйлеу тіліне тән емес. Сұхбаттаса тілдесу кезінде ол тек болжам ғана жасайды.

- Жоқ сен мені дұрыс түсін! Келмейін дегенім жоқ. Аяқ астынан ауылға кетіп қалдым.

- Мына кітапты оқы, ананы оқымасаң да болады. Себебі екеуі бір тақырыпқа жазылса да, мына кітапта түсіндіру, нақтылау жағы басым.

Құптау сұхбаттаса тілдесуде белгілі бір қажет, дұрыс, орынды деген мәселелерді мойындауға байланысты туындайды.

- Қайдан алдың? Қандай әдемі! Керемет екен! Мен де осындай біреуін алмасам!

- Жарайсың! Құтықтаймын! Жеңістен-жеңіске жете бер!

- Бұл ісіңе өте қатты қуанып тұрмын! Бірақ тастама, аяғына дейін алып бар.

- Мен сені сенімді, адал ғой деп жүрсем, ұятсыз екенсің ғой!

- Мен мұндай түкке тұрмайтын іспен айналыспаймын! Оған менің уақытым жоқ. Керек болса, өзің істей бер. Тек қана артынан менен көріп жүрме!

- Кешірерсің, сенің бұл қылығың маған ұнамайды. Бұдан былай сенімен сөйлескім де, қарым-қатынас жасағым да келмейді.

- Мен бүгін қыдыруға қарсымын. Себебі ауа райы бұзылайын деп тұр. Суық тиіп ауырып қалсақ: мұндай күні далаға шығуға мүлде қарсымын.

*Монологтық сөйлесу* – ол салыстырмалы түрде тілдесудің кеңейтілген түрі. Мұнда тілдесу жағдаяттарынан алынған сөйлесуді керек етпейтін

жайттар сирек пайдаланылады. Монологтық сөйлесудің тууы – бұл ерекше күрделі машық. Мұны арнайы құрастыру қажет. Монологта айтылыс лексикалық, грамматикалық, құрылымдық, стилистикалық құрылысы жағынан логикалық жүйелікке бағытталған болуы тиіс. Сондай-ақ жағдаяттар сөйлеу айтылыстарының қарым-қатынастық мақсатына сай болуы қажет. Монологтық сөйлеуде сұхбатқа қарағанда ауызша сөйлеумен жазбаша сөйлеудің арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бірақ монологтық айтылыстар сапалы болуы тиіс. Ондай сапаларға: мақсаттылық, сөйлеу кезіндегі байланыстың болуы, сөздің үзілмеуі, айқындығы, өздігінен сөйлеп кету дағдысының қалыптасуы, сөздің жүйелілігі, ойын дұрыс аяқтай білу сияқты ерекшеліктерді жатқызуға болады. Өз ойын берудегі монологтық сөйлеудің де бірнеше түрі бар. Олар: сипаттау, хабарлау, ой жүгірту немесе ой қорыту.

*Сипаттау* – адамға әлде бір құбылысқа немесе әлде бір жағдайға мінездеме беру я сипаттау.

*Хабарлау* – белгілі бір жағдай туралы әңгімелеу.

Ой жүгірту, ой қорыту – өз көзқарасын дәлелдеу, айтылған жайдың себебін түсіндіру.

Монолог түрінде сөйлеп үйренудегі басты көзделетін мақсат – қарым-қатынаста сөйлеуге қажетті құралдарды дұрыс қолдануға, логикалық жүйемен бірізді айтып беруге үйрету.

Монолог түрінде сөйлеуге қойылатын қатысымды құзы-рет деңгейіндегі талаптар бағдарламада былай көрсетілген:

- ҚР тарихы, экономикасы, экологиясы, әдебиеті, мәдениеті, халықтар достығы, өнер салалары: опера, балет, кино, театр.

- Қазақтың белгілі адамдары: ғалым, жазушы, сазгер, әнші, спорт жұлдыздары, публицистикалық-жарнамалық материалдар туралы айта білу;

- Мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, шешендік сөздер қосып сөйлеуге үйрену;

- Естіген немесе оқыған мәтінді мазмұндау;

- Өзі туралы, отбасы, ауылы, қаласы, өлкесі, халқының дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық ойын, көркем өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу;

- Өтілген тақырыптар бойынша әңгіме құрастыра білу, талдау, жинақтау, жасау;

- Сабақта, жиындарда сөйлей білу;

- Радио, теледидардан естігенін жинақтап айта білу;

- Көркем фильм, көрініс, сурет мазмұнын, әсерін айта білу;

- Кітаптың, мақаланың негізгі тұжырымын, өз ойын әңгімелеу, баяндау, толғану түрінде жеткізе алу;

### *Полилог*

Сөйлеу әрекетіне үйретудің тиімді жолдары триолог, квадролог, полилог. Олардың сұхбаттан елеулі айырмашылығы бар және ауқымды. Егер біз өзара сөйлесіп отырған адамдар тобына назар аударсақ, біреуінің айтып, көпшілігінің тыңдап, қайталап сұрап, нақтылап отырғанын көреміз. Бұдан біз оның екі адамның арасындағы сұхбат емес, көп адам қатысқан полилогтық сөйлесу екенін аңғарамыз.

Сонымен, тілдесім – тілдік қатынаста маңызды орын алатын адамзатқа тән ең қажетті де ерекше құбылыс.

Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде арнайы қарастырылуға тиісті мәселенің бірі осы – диалог әдісі.

Қазақ тілін үйретуде қатысымдық әдісті пайдаланудың ең тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында.

II. Г.Снасапова «Дүниенің тілдік бейнесі, әсіресе, тұрақты тіркестерден, фразеологизмдерден, идиомалар мен мақал-мәтелдерден анық көрінеді. Өйткені тілдің бұл қабатында халық даналығы, құндылықтар жүйесі, қоғамдық мораль, ұлт өкілдерінің дүниеге, адамдарға және басқа ұлттарға деген қарым-қатынасы тәрізді маңызды ақпараттар жинақталған. Тіл өз халқының мәдениетін, өркениетін, әлеуметтік құрылымын, дүниетанымын бейнелеп қоймай, келер ұрпақты қалыптастыруда маңызды және шешуші рөл атқарады.

Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесу әрекеті де іске аспайды. Тіл үйретуші тілді үйретуде қатысымдық әдістің ұстанымдарын басшылыққа алғаны жөн /141-б./ дейді.

Тіке байланыс ұстанымы бойынша оқыту үдерісі адамдардың тек тікелей жүздесуі, сөйлесуі, өзара қарым-қатынасы арқылы болады. Бұл – қатысымдық әдіс арқылы ғана жүзеге асатын ерекшелік. Өйткені тілдік қатынастың өзі адамзаттың бір-бірімен тікелей қарым-қатынасына, пікірлесуіне, сөйлесуіне негізделген.

Полилогтар мен сұхбаттарды ұсына отырып, оқушыларды неге үйрететінімізді ескеруіміз қажет.

Мұғалімнің мұндағы мақсаты – тілдесуге шығу.

Оқушылар оқу сұхбаты мен күнделікті тұрмыста пайдаланылатын сұхбаттың арасындағы айырмашы-

лықты білуі қажет. Оқу сұхбатынан тұрмыстағы сұхбаттарға көшуге дағдылануы тиіс.

Оқу сұхбаттарының барлық түрлерін оқыту деңгейіне қарай әр сабақта барынша мол пайдалануға тырысу қажет.

Диалог – екі жақты құбылыс. Қарым-қатынастан көзделетін мақсатқа орай диалогтың әр түрлі ерекшеліктері болады:

- күнделікті тұрмысқа байланысты;
- ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі;
- ресми қарым-қатынасқа құрылуы;
- эмоционалды-экспрессивтілігі, әсерлігі;
- сөйлемдердің ықшамдалуы;
- спонтанттылығы, яғни, сөздің алдын ала жоспарланбауы;
- ауызекі стилінің ерекшеліктерінің басым болуы.

Оқушылардың тілінде фонетикалық, т.б. қателер жиі кездесетіні байқалады. Сондықтан тілдік жағынан диалогтың дұрыс құрылуына баса мән беріледі.

Диалогтік сөйлеу дағдысының қалыптасуы мына өлшемдермен анықталады:

- әңгімелесушілердің бірін-бірі тез түсінуі;
- қысқа жауап беруі;
- әр түрлі, дайын тілдік құбылыстарды дұрыс, тез, орынды қолдана білу;
- тақырыптан ауытқымай, оны дәл жалғастыра білу;
- жауап беру икемділігінің жоғарылығы;
- әңгімелесушілердің бір-бірінің көңіл-күйін, жайын сезіне білуі.

Тілді үйренуде сөйлеу әрекетінің түрі – оқылымның атқаратын орыны ерекше. Оқу үрдісіндегі оқылымның

мақсаты – мәтін мазмұнын түсінуге, жазба түрінде берілген ақпаратты қабылдауға дағдыландыру.

Зерттеуші Ә.Әлметова оқылымды шартты түрде 2 топқа бөледі:

- Техникалық жақтарды қамтамасыз ететін дағдылар мен машықтар;

- Мәтіннің мағынасын қабылдауға мүмкіндік беретін дағдылар мен машықтар;

Тілді қатынас құралы ретіндегі оқу жағдаяттарын ғалым С.Әбдіғалиев 2 топқа бөліп қарастырады: /18-б./

Оқу барысында оқырман тек қана мәтінде берілген ақпаратты қабылдауға байланысты жағдайлар;

Оқу барысында ақпаратты қабылдаумен қатар бір мезгілде ақпаратты сол күйінде өзгелерге жеткізуге қатысты жағдайлар.

1.1. Қазақ тілінде сөйлеуді меңгеру оқушының жеке басының қабілетін ескеріп, соны дұрыс бағыттаумен тығыз байланыста жүреді. Олардың әрқайсысының өзіне тән мінезі, сезімі, қабылдауы, зеректігі, қызығуы, жақсы көретін және жек көретін құбылыстары бар. Осыған қарай олар сөйлеуде не белсенді, не енжар болады; кейде тез, кейде баяу, кейде тиянақты болып көрінеді.

Сөйлеуге үйретуде мұғалімге оқушының жеке басына тән өзіндік қасиеттерін, мінез-құлқы мен қабілетін үнемі ескеріп отыруға тура келеді. Мұның өзі әр оқушымен жеке-дара жұмыс істеуге, әрқайсысымен қарым-қатынаста болуға мәжбүр етеді. Сонда ғана тіл үйренудің сапасы артады.

Сөйлеуге үйрету – айтылар ойдың түпкі мақсатын анықтап алумен тығыз байланысты, өйткені сөйлеу кезінде сөйлемдер қалай болса солай, бет алды айтыла

берсе, ой жүйесіз, түсініксіз болады. Түсініксіз, жүйесіз айтылған сөз қарым-қатынас тудырмайды. Сондықтан екінші біреуге арнап айтылған ауызша сөйлеу оған түсінікті болу үшін белгілі бір мақсатты қатысымдық мақсат деп есептей отырып, тілдік қарым-қатынастың сапалы орындалуына себебін тигізетіндігін ескерген жөн.

Сөйлеуге үйрету кезінде қойылатын шарттар:

Тіл үйретуші мен тіл үйренуші арасындағы қарым-қатынас шәкірт пен ұстаз арасындағыдай емес, екі жақтың да өзіне-өзі сенген тең тұстас аралығындағы, тең пікірлесушілер қатынасы дәрежесіне жету керек. Үйренуші де, үйретуші де бірдей дәрежеде пікірлесіп, әрқайсысының сөйлеу мәнеріндегі артықшылығы мен кемшілігі көзге ұрып тұрмағаны жөн.

Әсіресе, тіл үйренушінің сөйлеудегі ұсақ-түйек кемшіліктеріне бірден назар аударып, көп ескертпе айтудың пайдасы шамалы. Тіл үйренудің мұндай кездерде сөйлеу мәнерінен гөрі өз ойын дұрыс жеткізе білудің, ұғынықты етіп айтуды ғана мақсат тұтады. Мұндай қарым-қатынас адамдарды сөйлеу кезінде артық, жасқанудан сақтандырады.

1.2. Сөйлеуге үйрету кезінде қоршаған ортада жайлы психологиялық климат орнықтырудың ерекше маңызы бар. Мұндай психологиялық климат тіл үйренушінің сабақта өзін еркін сезінуінен, ойын тура айта білуінен және өзіне қандай материал, сөйлеу мәнері ұнайтынын өзі ұсына білуінен тұрады. Ол оқушының мұғалімге, өз пікірін еркін жеткізе білуіне байланысты. Мұнда оқушы белгілі бір мәтін көлемінде білетінін құр жаттанды түрде айтып берудің зиянды, пайдасыз екенін өзі түсінеді.

Сөйтіп оқушы мен оқытушы сөйлеуге үйренудің тиімді жолдарын бірігіп іздестіретін болады.

Сабақта пікірлесудің, сөйлесудің барлық түрлері, амалдары қатарынан қолданыла береді. Мысалы, хабарламалық: әрбір оқушы өзінің ойын, идеясын, көңіл күйін, көзқарасын, ұсыныс пікірлерін айтады. Ақпараттық: сөйлеушілер газеттен, баспадан оқыған материалдарын, білетін жаңалықтарын ортаға салады; белсенділік: сөйлеуші топта кейбір оқушылар пікірлесуден үстемдік алып, басқа оқушыларды өз айналасына топтастырады.

Күнделікті өтілетін сабақта және жалпы оқыту үдерісінде біртұтас жүйелік, ұйымдастырушылық, тұрақталған арнайы әдістемелік бағыт, байланыстылық болу керек.

Мұндай шарттың іске асуы тіл үйретуге байланысты әдістемелерге де, тілдік қатынастың ерекшеліктеріне де, оқытудың жүйелік қағидаларына да сәйкес келеді. Сонымен, диалог – ой мен сананы, қатысымдық тұлғаларды қамтитын, сыртқы дүниенің әсерін тіл арқылы жарыққа шығаратын күрделі сөйлесім әрекеті.

Тілдесім әрекеті тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеуге үйрету жүзеге асады, оларға қатысты жұмыстар атқарылады.

Тілдесім (общение) – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат (информация) негізінде адамдар арасындағы қарым-қатынаста оқылым мен тыңдалымның да тыс қалмай-



тындығы өзінен-өзі белгілі.

Диалог – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы. Мұнда пікір алмасу ауызша (айтылым) түрде де, жазбаша (жазылым) түрде де іске асып, адамдар арасындағы қарым-қатынаста белгілі бір берілген ақпарат оқылыммен тыңдалымнан да тыс қалмайтындығы өзінен-өзі белгілі.

1.3. Тілдесім үдерісі оқушының жеке басына тән сенімділіктің пайда болып, оның қоғамдағы орыны мен санасының қалыптасуына, басқалардан ерекшеленген, өзіндік жеке қасиеттердің жетілуіне әсер етеді. Өйткені әрбір адамда басқа адамдармен араласуға деген табиғи қажеттілік болады. Олар тілдесу арқылы өзінің бойында жиналған білімді, тәжірибені екінші біреуге береді; мінезін, қабілетін, өз ойын танытады.

Тілдесудің нәтижесінде адамдар өздерінің көңіл-күйле-рін бөліседі, бірінің жан дүниесінен екінші хабардар бола-ды, біріне-бірі қол ұшын береді. Ол да – өмірдегі ең маңызды факторлардың бірі.

Диалог – адамдардың бір-бірімен түсінісу ғана емес, сонымен бірге біріне-бірінің әсері, ойы, көзқарасы, жұмысы, т.б. жағынан ықпал етуі. Бұл – қоғамда қызмет етіп, өмір сүруші адамдардың барлық жағдайға байланысты өзара әсері.

Сонымен, тілдесім – тілдік қатынаста маңызды орын алатын адамзатқа тән ең қажетті де ерекше құбылыс.

Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде арнайы қарастырылуға тиісті мәселенің бірі осы – диалог әдісі.

Қазақ тілін үйретуде қатысымдық әдісті пайдаланудың ең тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында.

Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесу әрекеті де іске аспайды. Тіл үйретуші тілді үйретуде қатысымдық әдістің ұстанымдарын басшылыққа алғаны жөн.

Тіке байланыс ұстанымы бойынша оқыту үдерісі адамдардың тек тікелей жүздесуі, сөйлесуі, өзара қарым-қатынасы арқылы болады. Бұл – қатысымдық әдіс арқылы ғана жүзеге асатын ерекшелік. Өйткені тілдік қатынастың өзі адамзаттың бір-бірімен тікелей қарым-қатынасына, пікірлесуіне, сөйлесуіне негізделген. Сондықтан қатысымдық әдісті қолданудың басты шарты – бүкіл оқыту жүйесінің тікелей байланыс арқылы мүмкіндігінше жиі болуы. Сонымен қатар аудиториядағы сабақта, одан тыс шараларда жақсы іс-әрекеттерді бір-бірінен үйренеді.

Диалог тіл үйренушілерді рухани қарым-қатынасқа жетелейді, тілдесу арқылы олар бір-бірімен ой бөліседі, жөн сұрасудың алғашқы баспалдағын аттайды.

Тілдесім үдерісі оқушының жеке басына тән сенімділіктің пайда болып, оның қоғамдағы орыны мен санасының қалыптасуына, басқалардан ерекшеленген, өзіндік жеке қасиеттердің жетілуіне әсер етеді. Өйткені әрбір адамда басқа адамдармен араласуға деген табиғи қажеттілік болады.

Адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен, қалай сөйлесуіне байланысты тілдесім түрліше болады. Осы

тұрғыдан келгенде, оларды мынадай деп жіктеуге болады:

Ресми диалог;

Бейресми диалог;

Қалыптасқан диалог;

Кәсіби (мамандыққа қарай) диалог;

Әлеуметтік диалог.

Ресми диалог – тіл үйренушілерге ресми қарым-қатынас элементтерін үйрету, ондағы сөз қолданыстарды, әр түрлі жағдайларды, ресми материалдарға қатысты дүниені меңгерту.

Бейресми диалог – оқушыларды ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, адаммен қарапайым қарым-қатынастың элементтерін білуге үйрету. Бұл – өмірде болатын кез келген жағдайда таныс болсын, бейтаныс болсын ұшырасқан адаммен тілдесе білу, сөйлесе білу деген сөз.

Қалыптасқан /формальный / диалог – әр адамның өмірдегі өз орынына сай бір-бірімен тілдесуі, түсінісуі. Адамдар өсуіне қарай – бала, әке, ана, туыс, т.б. тәрізді табиғи кезеңдерден өтеді. Олардың әрқайсысының қалыптасқан өзіндік рөлі бар. Адамдардың осындай қарым-қатынасына негізделген сөйлесуді қалыптасқан тілдесім деп атауға болады. Өсе келе әр бала әке не ана болады, аға не әпке болады, бұл – күнделікті адамдық қарым-қатынастың ең негізгі және ең жиі кездесетін үлгілері, адамдар осы тұрғыдан да бір-бірімен тілдесіп, түсінісе білуі заңды.

Жалпы, кез келген адам тілдесе келе, басқалармен жақындасып, оның жан-күйін сезінеді. Сол сияқты сөйлеу арқылы басына қиындық түскен кісі оны

адамдармен бөлісіп, жеңілдейді. Қуанған адам қуанышын тілмен жеткізіп, басқа адамдарды өзімен бірге қуантады, т.б.

Сонымен, тілдесім – тілдік қатынаста маңызды орын алатын адамзатқа тән ең қажетті де ерекше құбылыс.

Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде арнайы қарастырылуға тиісті мәселенің бірі осы – диалог әдісі.

### **Қорытынды**

Қазақ тілін үйретуде қатысымдық әдісті пайдаланудың ең тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адам мен адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында.

Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесу әрекеті де іске аспайды. Тіл үйретуші тілді үйретуде қатысымдық әдістің ұстанымдарын басшылыққа алғаны жөн.

Тіке байланыс ұстанымы бойынша оқыту үдерісі адамдардың тек тікелей жүздесуі, сөйлесуі, өзара қарым-қатынасы арқылы болады. Бұл – қатысымдық әдіс арқылы ғана жүзеге асатын ерекшелік. Өйткені тілдік қатынастың өзі адамзаттың бір-бірімен тікелей қарым-қатынасына, пікірлесуіне, сөйлесуіне негізделген. Сондықтан қатысымдық әдісті қолданудың басты шарты – бүкіл оқыту жүйесінің тікелей байланыс арқылы мүмкіндігінше жиі болуы. Сонымен қатар аудиторияда, одан тыс жерлерде және қандай жағдайда болсын біржақты /тек оқушы арқылы, не оқытушының жеке өзі арқылы болмайды/ емес, тек екі жақтан бірдей болатын /оқушы мен оқытушының, үйренуші мен үйретушінің қатар іс-әрекеті арқылы/ қатынас арқылы болады.

Ғас, кейде ол байланыс қосымша түрде болуы мүмкін. Мысалы, берілген тапсырмалар арқылы, өз бетінше жұмыс нәтижесінде жүзеге асады.

Тіке байланыс ұстанымы сабақ үстінде ғана емес, өмірде де жүріп жатады. Ол бір ұлт пен екінші ұлттың адамы ортақ тілде сөйлесе білсе, осының өзі тікелей қарым-қатынасты білдіреді. Сол себепті мұндай жағдайларды оқытушы да, оқушы да тиімді пайдалана білуі керек.

Тіке байланыс ұстанымының ерекшелігі – кез келген жағдайды, ортаны дұрыс пайдаланып, барлық уақытта оралған пікірді сыртқа шығарып айта білу және оған қатысты жауап алу. Сөйтіп сөйлесу мен түсінуге жол табу.

Мысалы, сабақтың мақсаты – оқушыларға алдағы жексенбіні қалай өткізу туралы әңгіме құрастыру болса, ұйымдастыру кезеңінен кейін-ақ, осы тақырыпқа қатысты сөздер алынып, бірден сөйлесім әрекеті іс жүзіне асырылады. Алғашқы орындалатын тапсырмалар берілген тақырыптағы мәтінмен жұмыс істеуден басталады, жаттығу жұмыстары, суретпен жұмыс, өз бетінше жұмыс, т.б. болып қатар-қатар орындала береді. Ал олардың өзі іштей сала-салаға жіктеліп, әр жұмыстың түрлері бірде сұхбат арқылы, т.б. жолдармен қызықтырылады.

Тілді үйретудің басты түйіні, кілті – қазақ тілінде сөйлесе білу, өз ойын өткізе білу. Қатысымдық әдісті жиі қолданған сайын біз өзге ұлт оқушыларын қазақ тілінде сөйлете аламыз деп ойлаймын. Тіл үйрену – қызықты іс. Сәт сапар, достар!

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.М.Артықова, Ж.Қыстаубаева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі, А., 2005, 17-б.
2. Ф.Оразбаева. «Тілдік қатынас». А., 2005, 115-б.
3. Ә.Т.Қайдаров. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. А., «Ана тілі», 304-б.
4. А.Байтұрсынұлы. «Тіл тағылымы». А., «Ана тілі», 1992, 448-б.
5. Ә.Әлметова. «Сөйлеу әрекеттері түрлеріне оқыту». Арыс, 2007, 12-б.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №5, 2008, 31-б.
7. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №4, 2009, 9-б.
- 8.«Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №2, 2010, 21-б.
9. В.П.Григорьева, И.А.Зимняя. «Взаимосвязанное обучение видам речевой деятельности». М., 2005, 122-б.
10. Ф.Ш.Оразбаева. «Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі», А., РБК, 2000, 46-б.
11. «Қазақ тілі». Т.Г.Аяпова, Ф.Ш.Оразбаева. 56-б.
12. «Қазақ тіліне методикалық нұсқау». З.С.Бейсенбаева, Е.А.Джексенкулова. 18-б.
13. «Қазақ тілі мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту». №2, 2008, 38-б.
14. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журнал. №9, 2007, 7-б.
15. Ф.Оразбаева. «Тілдік қатынас негіздері». А., 2007, 24-б.

Динара НҮСПҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№67 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «АТАУ КЕРЕДЕГІ» БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

*(Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесі бойынша)*

Оралхан Бөкей шығармашылығында халықтық тіл мен әдеби тілде кеңінен қолданылатын мәні, мазмұны терең мағыналы тілдік амалдар көптеп қолданылады. Бұл – жазушының тіл байлығын орынымен, үйлесімді түрде пайдалана алатындығының бір дәлелі. Жалпы, Оралхан Бөкей шығармашылығындағы бейвербалды амалдар туралы айтатын болсақ, олар зерттеу нысанына алынып отырған шығармасы – «Атау кереде» өте көп кездеседі. Оны қарастырмас бұрын бейвербалды амалдар туралы тіл біліміндегі тұжырымдарға тоқталып өтейік. Бейвербалды амалдар туралы тіл білімінің Женева мектебінің өкілі Ш.Балли өзінің «Общая лингвистика и вопросы французского языкознания» деген еңбегінде: «Ишара, дене қозғалысы, әсіресе, мимика басқа да тілдік белгілер сияқты белгілі бір мағынаға ие», - дейді. [2, 46-б.]

В.М.Верещагин, В.Г.Костомаров бейвербалды амалдарды екіге бөліп қарастыруды ұсынады:

Соматизм тілі. Бұл топқа ишара, дене қалыбы, мимика, бет әлпет кескіні және әр түрлі адам жүзінде байқалатын

психосоматикалық симптомдарды енгізеді.

Ғұрыптық тіл. Бұл топқа белгілі бір ұлттың әдет-ғұрпы, этикетімен, салт-дәстүрімен байланысты дене қимылдарын жатқызары.

«Атау кереде» бейвербалды амалдар мынадай негізде қызмет атқарады:

Айқай-шу, дабыр кезінде:

*«Қатынның» құлаққашты шуы қанша айқайласаң да анық естіртпей, тек шың-шыңдаған үзік-үзік үні ғана жетер еді. Бірақ Ерік «атың кім?» деп және озаңдады. Қыз басын шайқады. Ести алмадым деген сыңай танытты. («Атау кере»)*

Бейвербалды амалдар бір сөзбен беріледі. Мысалы, тыржию, тыржию, ажыраю, қыржию.

*- Бұл тауып айтқаның емес,- деді орынынан көтерем сиырдай созалаңдап тұрған Таған кіржиіп.*

*- Есікте жүрген құлдың да бір аяқ астық құны бар емес пе?- деп шаптыға ежірейді. («Атау кере»)*

Оралхан Бөкей шығармаларындағы кейіпкерлердің дене қимылдарына, ишараларына байланысты тіркестер де көптеп кездеседі. Бұл ерекшеліктің Оралхан Бөкей қаламына тән екендігін де айта кеткеніміз жөн. Өйткені күрделі қимылдық амалдарды білдіру, кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстарын шығармада дәлме-дәл бере білу шын шеберлікті, қисындылықты талап етеді. Автордың анатомиялық түсінігінің кең екендігін де байқатар тұс – оның «Атау кереде» ишараларды, жалпы кинетикалық амалдарды үйлесімділікпен көрсетуі. Адамның мінез ерекшелігін ашу, психологиялық жан сезімін сыртқа шығару әр қаламгердің тәжірибесінде әр түрлі болатындығын ескерейік. Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абай жолында» кейіпкердің жан толқынысын ашу үшін суреттеу құралдарын, көркемдік



тәсілдерді, поэтикалық тілді пайдаланады. Ал, Ғабит Мүсіреповте бұл тәсіл кейіпкерлердің сөздері арқылы, автордың қысқа-қысқа баяндаулары арқылы жүзеге асады. Оралхан Бөкейде осының екеуі де тоғысқан. Сонымен қатар, ол адам мінез-құлқына қоғамның сіңірген әсерін, ықпалын, қоғамның қалыптастырған дағдысын ендіруге күш салады. Бұл амалдардың, әрине, повестегі типтердің қайталанбас дара әрекеттері, ишаралары арқылы көрінетіндігі анық.

О.Бөкей шығармаларында кездесетін ишараларды дара түркілік авторлық және жалпы қолданыстағы деп ажыратуға болады. Жалпы қолданыстағы ишаралар адамдардың бәріне түсінікті, тілде белгілі бір мағыналары қалыптасқан кинетикалық амалдар болса, даратүркілік, авторлық ишаралар – жазушы шығармашылығындағы белгілі бір кейіпкердің өзіне ғана тән және сол кинемалар арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын, көңіл-күйін аңғартатын авторлық қолданыстағы ишаралар. Даратүркілік авторлық ишаралардың кейіпкер мінез-құлқын ашудағы қызметі зор. О.Бөкей бір кинеманы қайталап беру арқылы жеке кейіпкердің өзіне тән әрекетін, әдетін көрсетеді. Мысалы, *сұқ саусағын шошайту, сол арқылы жанын мазалаған сұраққа жауап іздеу Тағанға ғана тән қимыл*. Жазушы Тағанның іс-әрекеті арқылы оның интеллигент, шешен адам екендігін көрсетеді. Төмендегі мысалдардағы Тағанның кинемалары бұл пікірімізді дәлелдей түседі:

*Жатқан қалпында сұқ саусағын шошайтып: Неге біз осы... жанымызда жанып тұрған отты не су құйып өшіреміз, не болмаса май құйып лаулатып өртеп жібереміз. Неге біз осы ... деп, ежелгі әдетінше сұқ саусағын шошайтты. Мен осы бір нәрсеге таң қаламын деді сұқ саусағын шошайтып.*  
(«Атау кере»)

Оралхан Бөкей жеке адам психологиясын беруде ишараларды шебер қолдана білсе, тұтас бір халықтық менталитетті көркем тілмен жеткізуде де қазақ ұлтына тән салт-дәстүр көріністерін алға тартады. Өйткені «қазақ халқының бірнеше ғасырлық өмір тәжірибесінде әр істің, салт-сананың реті мен жөн-жобасы болады және барлық жұмыс соған сәйкес атқарылады. Ол қалыптасқан ұлттық және исламдық салт-дәстүрлер негізінде жасалған. Ұлттық ырым-тыйымның, әдеп-үлгісінің топтасқан немесе жұптасқан құрамы – халықтың әдет-ғұрпын, жөн-жоралғысын құрайды. Осыдан барып, ел ішінде әдетке сай жөн-жосығы мен жолы шығады. Міне, осы жол арқылы халықтық қағида, мәдени-тұрмыстық, рухани-тәрбиелік үлгі-өнеге жиынтығы қалыптасқан. Мұның танымдық, тағылымдық, әдептілік қызметтері де өте зор екендігін тарих талай рет дәлелдеп берген. Олай болса, дана халықтың өзі жасап қалдырған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану ағайынды адастырмас сара жол болып табылары анық» [ 3,14-б.]

Сонымен қатар, «Атау кередегі» осы сипаттас образдар жүйесін берудің көрінісі фразеологизмдер арқылы да беріледі. Ол туралы сөз қозғамас бұрын, әуелі фразеологизмдер туралы мәлімет бере кетейік. «Фразеологизм» деген терминнің «бір мағынаны беретін сөз тіркесі» деген атау екені белгілі. Ал, «фразеология» дегеніміз, біріншіден, «фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы», екіншіден, «фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы».

Қаламгерлер, көбінесе, қалыптасқан фразеологизмдік оралымдардан бас тартып, өздерінің қиялдарынан туған немесе табиғат құбылыстарынан түйген ойларының нәтижесінде санаға бекитін тұрақты сөз тіркестерін

қолдануға құштар. Бұл сөзден, фразеологизмдердің барлығы өз бетімен пайда болған екен немесе олардың жасалуына көркем сөз шеберлері қатыспаған екен деген ой тұмауы тиіс. Фразеологизмдердің қайнар көзі – бағзы замандардан бері жасап келе жатқан авторлық немесе халық жырлары, өлеңдер, әдеби туындылар, шешендік сөздер. Ақын-жазушылардың өз бетімен фразеологизмдер жасауға ұмтылыстарын жаңа поэтикалық түсініктердің пайда болуымен, көне тілдік бірліктердің жаңғыруымен түсіндіргеніміз дұрыс шығар.

Осындай жаңашылдық, әсіресе, Оралхан Бөкей шығармаларында молынан ұшырасады. «Атау кере» повесінде фразеологизмдердің берілуі қалыпты үлгіден өзгеше. Мұнда автордың өзіндік дара қолтаңбасы анық байқалады. Сонымен қатар, фразеологизмдердің аллитерациялық, ассонанстық үйлесімділікпен келуі де назар аудартады.

Оралхан Бөкей тіліндегі фразеологизмдер – экспрессияның таптырмас құралы.

Біз әңгіме ететін фразеологизмдеріміз – суреттеме сөз тіркестері, яғни, поэтикалық фразеологизмдер. Бұлар, әдетте, бір нәрсені: затты, сынды, қимылды, қимылдың амалын жай атамайды, суреттеп, бейнелеп, астарлап, “мадақтап” не “балағаттап” атайды, яғни, айтушының (жазушының, ақынның) сол нәрсеге-объектіге «пейілін», көзқарасын білдіре атайды. Демек, поэзия тіліндегі фразеологизмдердің басты белгісі – олардың образды (бейнелі) болатындығы. Ал, бейнеліліктің «сүйегі» тілдік метафорада жатады. Метафора дегеніміз – сөздердің мағына ауыстырып жұмсалуды болса, фразеологизмдер сөз мағынасын құбылтудың бірден-бір көзі болып табылады. Мұны ақын-жазушылар жақсы біледі де, шебер пайдаланады.

Қазақ тілі сөз байлығының қуатты саласына фразеологизмдер жататынын айттық. Фразеологизмдердің жасалуында көз, тіл, тіс, аяқ, қол, т.б. дене мүшелерінің қызметі айырықша.

Мұндай тұрақты тіркестер қатарына теріс қарау (жақтырмау), бармағын тістеу (өкіну, қапалану), құшағын жаю (қуанышпен қарсы алу), қабағынан қар жауу (қатты ашулану), санын сабалау (қатты қуану), желкесін қасу (мәселенің шешімін шеше алмай қатты дағдару), ерінін шүйіру (біреуді жақтырмау, менсінбеу), тісін қайрау (ызалану), таңдайын қағу (қатты таңдану, қайран қалу) сияқты ишаралық амалдар негізінде жасалған адамның іс-әрекетін, қимылын бейнелейтін фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Қабағынан қар жауып, әр сөзі сатулы болып отырар Ерікте еріккендей, томаға тұйық мінезінің шарбағын сындырып, алқалы топ, алқа қотан әңгімеге қосылғандай еді.

Қаратайдың қара балуанының басынан да аттап кеткем деп шіренді жалғыз алақанына түкіріп.

Кейде «Атау кереде» еркін сөз тіркестері де кездеседі. Мысалы, қолын ұсынды, орамалын бұлғады, қамшысын сарт еткізді.

- Не болды, Айнаш? - Күн иісі аңқыған қолаң шашынан иіскеп, арқасынан сипап өзіне тартты. - Амансыңдар ма?

- Мылтықтың жаңа түрін тапсаң... қарастырамын.

- Родной мой, если ты прикажешь, автомат доставлю,- деп, тісін ақсита күліп, мойынынан құшақтады. («Атау кере», 403-бет)

Мұнда «шарбағын сындырып» деген фразеологизмнің мүлдем тың тіркес екендігін көреміз. «Шарбак» - өзінің тура мағынасында үйді немесе қораны, ауланы қоршауға арналған ағаш шыбықтар. Негізінен, жалпылама қолданысқа енбеген.

Бұл жерде Оралханның фразеологизм жасаудағы екі ерекше шеберлігі танылады. Жазушы, біріншіден, шарбақ деген жартылай диалектілік, жартылай әдеби сөзді батыл түрде шығармасына енгізіп қана қоймай, оны дерексіздендіріп, фразеологизм тудырады. «Таңның хабаршы сәулелері тарап» деген фразеологизмдік құбылыстың да сипаты осыған жақын келеді. «Күн шықты» деп немесе «таң атты» деп қоя салмай, оны барынша поэтикалық астарда беруі жазушының сөзді қолдануындағы талғампаздығын, әр сөзден сыр іздейтін ізденімпаздығын байқатады. Бұл аталған фразеологизмдік тіркестер тек Оралханның ғана қаламына тән екендігін аңғарамыз.

Мұндағы фразеологизмдердің барлығында да Оралхан Бөкейдің өз қолтаңбасы жатыр. Оның өз бетінше тұрақты тіркестер тауып, сәтті үйлестіре білгендігі «Атау керенің» өн бойынан сезіліп тұрады. Жалпы, Оралхан Бөкейдің қолданысындағы фразеологизмдерден, сонымен қатар, аллитерациялық-ассонанстық жұп бой түзейтінін де байқауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оралхан Бөкей. «Екі томдық таңдамалы шығармалар». 2-том. А., «Жазушы», 1996.
2. Ш.Балли. «Общая лингвистика и вопросы французского языкознания». М., 1959.
3. С.Кенжеахмет. «Жеті қазына». 3-кітап. А., «Ана тілі», 2003.

### **Резюме**

В статье рассматривается вклад Оралхана Букеева в развитие литературного языка.

### **Resume**

In this article about Oralhan Bokeyev made a contribution to literature language in the story «Atau kere».

Рымкеш ШҮЛЕНБАЕВА,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№3 арнаулы түзеу  
мектеп-интернатының  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## АРНАУЛЫ ТҮЗЕУ МЕКТЕБІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ОЙЫНДАР

Оқу орыс тілінде жүргізілетін арнаулы түзеу мектебінде қазақ тілі міндетті оқу пәні ретінде оқытылады. Қазақ тілін оқытудың негізгі мақсаты – оқушыларды оқуға, жазуға және тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің түрлерін (тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу) меңгеруге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын жеткізе алуға үйрету.

Ойлау, сөйлеу, тіл кемістігін түзету – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы басты мақсат болып табылады.

Бұл мақсаттарды орындауда қазақ тілі сабағында ойын түрлерін қолданудың маңызы зор. Оқушының шаршауын сейілтіп, қызығушылығын арттыратын сабақ арасында ойын элементтері үлкен рөл атқарады. Ойындар сабақтың тиімділігін, сапасын арттырумен бірге, оқушының оқу белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін дамытады. Ойнау арқылы оқушының сөйлеуге деген ішкі жан дүниелік ынтасы, іздену дағдысы қалыптасады. Ойын арқылы баланы тәрбиелеу әрі оқыту тиімді.

«Баланың ойынын тыйғаныңыз – ойлауын тыйғаныңыз» дегендей, оқушының әр қадамы ойынмен ғана алға жылжиды, дамиды.

## **1.1. Қазақ тілі сабағында ойын элементтерін тиімді қолдану жөнінде әдістемелік нұсқаулар.**

Оқытуда ойын элементтерін қолдануда мына талаптар орындалуы қажет:

1. Оқушылардың қажетті сөздік минимумы болуы тиіс.
2. Белгілі бір мақсатқа құрылуы қажет.
3. Ойындар тақырыпқа сай болуы керек.
4. Ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі қысқа болуы шарт.

Ойын түрін пайдалану арқылы жаңа материалды жеңілде тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталатын болады.

## **1.2. Қазақ тілін оқытуда ойын түрлерін мынадай мақсаттарда қолдану тиімді:**

1. Әліпбиді дұрыс меңгерту.
2. Оқу дағдысын қалыптастыру.
3. Орфографияны дұрыс игеру.
4. Лексиканы меңгерту.
5. Грамматикалық құрылымды меңгерту.
6. Оқушының ойын дамыту, дұрыс жазу, дұрыс айту, дұрыс оқи білу дағдыларын қалыптастыру.

Ойын туралы көптеген ғалымдардың пікірлері, тұжырымдары көп. Соның бірі – В.А.Сухомлинскийдің пікірі: «Без игры нет и не может быть полноценного умственного развития. Игра – это огромное светлое окно, через которое в духовный мир ребенка вливается живительный поток представлений, понятий».

Сабақ тартымды болу үшін әр түрлі ойындарды дұрыс қолдана білген жөн. Сонда ғана ойын қызықты да нәтижелі болады. Ол үшін ойын түрлерін дұрыс тандап алу керек. Бұл оқушыларды жалықтырып, шаршатып алмау мақсатында қолданылады.

Сонымен, ойын – оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақ үстінде шаршамай, сергек отыруына жағдай жасап, сабаққа қызығуын арттыратын және пәнге көзқарасын қалыптастыратын тіл дамыту құралы.

## II. Сабақта қолданылып жүрген ойын түрлері.

Өзімнің тәжірибемде қолданылып жүрген ойынның түрлеріне тоқталайын.

Жаңа сабақтың тақырыбын жасырып ұстау арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару. «**Кім жылдам?**» ойынын ойнату арқылы сабақ тақырыбын анықтау.

Мысалы, кез келген екі сөзден тұратын сабақ тақырыбын анықтау үшін алдымен нүктелері жоғарыдағы әріптерді, сонан соң нүктелері астындағы әріптерді қосып оқу.

• • • • •  
**МОЕТНБАІСЦЫМ** (Менің отбасым)

• • • • •  
• • • • •  
**БМІЕЗКДТІЕНЦ** (Біздің мектеп)

Немесе, бір сөзден тұратын мәтін атауын анықтау үшін оқушыларға әр тікбұрыштағы әріптерді нүктелердің көбеюіне қарай орналастыру керектігін айту арқылы анықтауға болады.



Бұл ойынды жаңа сөздерді өткенде де қолдануға болады.



Мысалы: 4-сыныпта «Достық» тақырыбын суреттер арқылы анықтауға болады. Ол үшін дәптердің, орманның, сөмкенің, терезенің, ыдыстың, қаламның суреттері қажет.

Мысалы, 5-сыныпта «Отан» тақырыбы сиқырлы тік төртбұрыш арқылы беріледі.

о	р	ы	н	д	ы	қ
т	а	қ	т	а		
а	ғ	а	ш			
н	а	н				

1) Жыл құстарының бірінің 1-ші буыны екі рет қайталанады. Бұл құстың аты не? Бұлбұл

2) Бұл құстың атын қыз балаларға қояды. Қарлығаш

3) «Орман дәрігері» атанған құс. Тоқылдақ

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай аталады деп ойлайсындар?

- Құстар.

«Буын» тақырыбын өткен кезде «**Ойлан, тап!**» ойынын жаңа сабақты бекіту кезінде қолдануға болады. Ойынның мақсаты: Буын түрлерін ажырата білуге жаттықтыру.

1. Бір буынды тұйық буынға мысал келтір. (Ат, ет, ант, өрт)

2. «Та» буынына аяқталатын екі буынды сөз ойла. (Баста, аяқта, тоқта, сақта)


3. «Т» әріпінен басталып, «т» әріпінен аяқталатын бір буынды бітеу буынға мысал келтір. (Төрт, тарт, түрт)

4. «Б» әріпінен басталатын екі буынды құс аты және аң аты. (Бұлбұл, бұғы).

«**Мен бастаймын, сен аяқта**» ойыны.

Ла буынын қосып, сөзді аяқта.

қа  
да  
ба  
са  
жа



ла

ой  
ай  
аққа  
айна  
бай



ла

Бұл буынын қосып көр.

ау  
бағ  
ақ  
дау

Фонетика саласы бойынша.

«Кім жылдам?» ойыны.

1. А әрпінен басталатын қалалардың аттарын жазыңдар.

Мысалы : Алматы, Астана, Ақмола, Атырау, .....

(Ол қалаларды картадан көрсетіп, қала туралы не білетінін сұрау).

2. Тек қана (а, і, ы, е) дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы:

Шағала, тамаша, қараша .....

(і) Ілгіш, ірімшік, Ілияс.....

(ы) Ыдыс, Ыдырыс, ыстық .....

(е) Мереке, береке, текемет .....

«Адасқан әріптер» ойыны.

Дыбыстарды тиісінше тіркестіріп, сөз жасаңдар.

1. м, к, т, е, п, е (мектеп)      4. қ, а, қ, а, з (қазақ)

2. р, о, б (бор)      5. а, л, а, қ (қала)

3. к, т, і, п, а (кітап)      6. і, л, б, л, і (білім)

«Кім есте көп сақтайды?» ойыны.

Магнитофоннан тақпақ немесе шағын мәтін тыңдап, сабақта өткен ерекше дыбысы бар сөздерді есте сақтап айту.

Мысалы: тақпақ – «Кітапқұмар». Тақпақты тыңдап, дыбысы бар сөздерді есте сақтап, айту.

Кітапқұмар.

Кітапқұмар Қаһарман

Таппай бүкіл шаһардан,

Аттай қалап «Қаһарды»

Сұрап алды Гауһардан. (Қ.Баянбаев).

«**Сыңарын тап**» ойыны.

Мағынасы бір сөздерді біріктіру.

Сәлеметсіз бе? тағам

Қонақ қоштасу

Үлкен кісі сыйлау

Көріскенше! төр

Дастарқан амандасу

«**Баламасын тап**» ойыны. Жазылған сөздердің орынын ауыстырып, орысша баламасын табу.

Рахмет Молодец!

Жолыңыз болсын! Уважать

Жарайсың! Счастливого пути!

Құрметтеу Спасибо

Қазақ тіліне тән дыбыстарды өткеннен соң «**Бір әріпке бес жауап**» ойынын ұсынуға болады. Бұл ойын баланың қисынды ойлау қабілетін дамытып, тездікке, шапшаңдыққа баулиды.

Мысалы, **Ү дыбысына:**      **Ө дыбысына:**

1. Баланың аты-

1. Баланың аты-

2. Түн құсы-

2. Жемістің аты-

3. Сан атауы-

3. Ағатын су-

4. Кішкентай үй-

4. Жәндіктің аты-

5. Үй құсы-

5. Үй жануарының аты-

## «Қай әріпті жоғалттым?» ойыны.

Бұл ойынды дыбыс пен әріптерді өткен кезде пайдалануға болады. Мысалы, әтеш, етік, қарға, бесік суреттерінің астындағы сөздердегі нүктенің орынына тиісті әріпті тез тауып айтқан немесе жазған оқушы ұтады.

### «Қайда менің өз жағым?» ойыны.

Бұл ойын тәуелдік жалғауларын меңгертуде жүргізіледі. Қолдарына 1, 2, 3 жақ деп жазылған кәртішкелері бар оқушылар тақта алдына шығады. «Дәптер, әке», тағы басқа сөздер үш жақта жекеше, көпше тәуелденген кәртішкелер оқушыларға таратылады, тақта алдында тұрғандар «Қайда менің өз жағым?» деп шақырады.

Қолдарына кәртішке алған оқушылар өз тәуелдік жақтары болып тұрған баланың қатарына келіп, қолындағы кәртішкелерін көрсетеді. Мұғалім немесе тексеруші шығып, қай жақта қате тұрған оқушы көп болса, сол жақтың ұтылғанын хабарлайды.

Сөзжұмбақ ойыны да балалардың ой-өрісін өсіруге, ізденімпаздыққа баулиды.

### 1. Әріп сөзжұмбағы:

1. гусь;
2. заяц;
3. волк;
4. арбуз;
5. стена;
6. ласточка;
7. гвоздика.

к	к	к	к	к	к	к
а	о	а	а	а	а	а
з	я	с	р	б	р	л
	н	к	б	ы	л	а
		ы	ы	р	ы	м
		р	з	ғ	ғ	п
				а	а	ы
					ш	р

## 2. Буын сөзжұмбағы

Б	Б	Б	Б	Б
А	А	А	А	А
қ	з	с	ғ	з
ы	а	т	ы	а
т	р	а	н	р
		у	у	л
				ы
				к

## 3. Сандар сөзжұмбағы

							с	т	
			т		а	ж	е	о	
б	е		ө	б	л	е	ғ	ғ	
і	к	ү	р	е	т	т	і	ы	о
р	і	ш	т	с	ы	і	з	з	н

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

## 4. «Жемістер» сөзжұмбағы

- |              |           |           |
|--------------|-----------|-----------|
| 1. виноград; | 3. урюк;  | 5. вишня; |
| 2. яблоко;   | 4. груша; | 6. слива. |

				ж	ү	з	і	м
				е				
		а	л	м	а			
		ө	р	і	к			
				с				
а	л	м	ұ	р	т			
			ш	и	е			
	а	л	х	о	р	ы		

«Қайталай ғой» ойыны.

1-ойыншы бір жемістің атауын атайды.

2-ойыншы оны қайталап, тағы бір жемістің атауын қосады. Мысалы:

1. алма;

2. алма, шие;

3. алма, шие, алша.

Оқушыларға жемістердің атауларының орынын сақтау ескертіледі. Ойынды 7-8 балаға дейін ойнауына болады. Бұл ойынды басқа да тақырыптарға ұйымдастыруға болады.

«Сөз жарысы» ойыны. Ойынның мақсаты – сөздік жұмысын қайталау. Бұл ойында 3 оқушы тақтаға шығады. Оқушылар сөздерді орыс тілінде айтады. Үш оқушы қазақ тіліне аударып жазады. Үш оқушының қатесіз, бұрын жазғаны жеңімпаз болып табылады.

«Бәйге» ойыны. Қағазға жапсырылған үш тұлпардың бейнесін 3 оқушы алып, суреттің артына жазылған сұрақтарға жауап береді. Кімнің жауабы толық, тиянақты болса, бас бәйге сол оқушынікі болып есептеледі.

«Кім көп біледі?» ойыны. Бұл ойынды «Асханада», «Отбасы», «Дүкенде», «Азық-түліктер», «Жыл мезгілдері», тағы басқа тақырыптарға өткізуге болады.

Мысалы: «Отбасы» тақырыбына байланысты сөз айтқан оқушыға 1 фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтып, көп фишка алған оқушы жеңімпаз болады.

Осы тақырыптарға рөлдік ойындар өткізу балалардың сөздік қорын байытып қана қоймай, сол сияқты сөйлеу дағдыларын да дамытуға көмегі көп.

Балалардың жаңа сөзді тез есте сақтауына септігін тигізетін және ойлау қабілетін дамытуға әсері мол ойынның бірі – «Әрі оқу, әрі ойын» ойыны.

Пять-бес,	Медленно-баяу,	Сейчас-қазір,
Вечер-кеш.	Пешком –жаяу.	Готовь-әзір.
Дверь-есік,	Облако-бұлт,	Мудрый-дана,
Колыбель-бесік.	Нация-ұлт.	Мать-ана.

«**Заттың атын ата**» ойыны. Шарты: Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарына алып, қатты, дәмді, тәтті, ащы-қышқыл зат екенін ажыратып атау.

Мысалы: алма – тәтті, домалақ; сәбіз – қатты, сопақша; алмұрт – тәтті, сопақша.

- Енді екі топқа бөлініп, *көкөністер, жемістер* сөзімен сөйлем құрайық.

Түстеріне, пішініне қарап, бір-бірінен айырмашылықтарын салыстырындар. (Қай топтың асығы көп болса, сол топ жеңімпаз атанады).

«**Ненің дәмі?**» ойыны. Шарты: Балалар көздерін жұмады. Мұғалім ауыздарына көкөніс немесе жеміс салады. Балалар оның дәміне қарай атауын айтады.

**III.** Қорыта келе айтарым, ойын арқылы оқушылардың білік-білім дағдылары қалыптасады. Білім деңгейі мен дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу және тәрбие ұштасады, танымдық қызметі мен ой-өрісі кеңейеді, оқушының өзіне деген сенімі артады, оқуға қызығушылығы, белсенділігі дамиды.

Белгілі педагог В.А.Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды.» Ендеше, баланы ойынға үйрету, ойынға қатыстыру арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп үйрету керек.

Жанар ЖИЕНБАЕВА,  
Өскемен қаласындағы  
Н.К.Крупская атындағы  
жалпы білім беретін  
орталау мектеп-интернатының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## НАУРЫЗ – КӨКТЕМ!

(4-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Наурыз мерекесі туралы мағлұмат беру. **Міндеттері: білімділік** – Наурызда өткізілген салт-дәстүрлерді ойын түрінде қайталай отырып көрсету. Алған білімдерін жүйелеу; **дамытушылық** – оқушылардың тілін дамыту, еске сақтау, ойлау, шығармашылық қабілеттерін шыңдау; **тәрбиелік** – Қазақстан мерекелеріне, тіліне, тарихына деген сүйіспеншілікті арттыру, өнерді құрметтей білуге баулу.

**Түрі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, аударма, монолог, диалог, ойын. **Көрнекіліктер:** киіз үйдің шаңырағы, шарлар, ұнтаспа, парақшалар.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

**Мұғалім:** - Қымбатты қонақтар, біздің мерекелік отауымызға қош келдіңіздер. Сіздерді келе жатқан Наурыз мерекесімен құттықтаймыз! Сіздерге жаңа жылда зор денсаулық отбасылық бақыт, еңбектеріңізге жеміс тілейміз. Ұлыс оң болсын! Қайда барсақ жол болсын! Бүгінгі сайысымыз қазақтың «Теңге алу» ұлттық ойыны



негізінде жүргізіледі. Әр байқаудан озып шыққан топқа біздің «Қазынашымыз» қазынадан ақша беріп отырады. Қазынашымыз – 9 «а» сынып оқушысы Базарбеков Мирас. (Әділқазылар алқасын тағайындау). Енді мейрамымызды бастайық.

**1-жүргізуші:** - Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,  
Босқа қарап тұрмаңыздар.  
Сайысымыз басталады,  
Қызықтан тыс қалмаңыздар!  
Наурыз келсе құт келгені, халайық!  
Шашу шашып, ел боп қарсы алайық!

*(Әже шашу шашады)*

**2-жүргізуші:** - Құрметті қонақтар, оқушылар!  
Наурыз тойы мерекелі болсын,  
Жаңа жыл берекелі болсын!  
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!  
Наурыз мерекесі құтты болсын!

**1-жүргізуші:** - Шығыс аңызы бойынша Наурыз күні жер бетін Қыдыр ата аралап, адамдарға бақыт, молшылық, береке тілеп бата береді екен. Бүгін бізге де Қыдыр ата келіп отыр, қарсы алайық!

*(Қыдыр ата шығып, бата береді)*

**Қыдыр ата:** - Армысындар, балалар!  
Бармысындар, қонақтар!  
Ұлыс күні Наурыздың  
Тілек тілер бабалар.  
Әр күніміз жақсы болсын!  
Достығымыз берік болсын!  
Ұлыс бақты болсын!  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

**1-жүргізуші:** - «Жүздің жүзін білгенше,  
Бірдің атын біл» деген бар. Олай болса, сайысқа  
қатысушылармен таныса отырайық. **Бірінші байқау –**  
**«Танысу».**

**2-жүргізуші:** - 1-топқа сөз берейік.

1-топ - «Жұлдыздар».

**Ұрандары:**

- Біздің тобымыз – «Жұлдыздар»,

Көп білетін ұл-қыздар.

Сыныптағы бағалы.

Біз боламыз құндыздар.

**2-жүргізуші:** - 2-топқа сөз береміз.

**Ұрандары:**

- Біздің тобымыз – «Қызғалдақ»,

Келеміз бәрін танып-ақ.

Кейде білмей қалсақ та

Жүреміз ылғи жадырап.

Енді әділқазылар алқасына сөз берейік. (Әділқазылар  
алқасы қай топтың жеңгенін айтады. Жеңген топқа ұтып  
алған теңгесі беріледі).

**1-жүргізуші:** - Көктем тойы – әніміз,

Көркем өнер – сәніміз.

Өлеңменен той сәнін

Өрнектейміз бәріміз.

**Екінші байқау «Өлең – жарыс» деп аталады.**

**2-жүргізуші:** - Екі топ Наурыз тақырыбына арнап  
дайындаған тақпақтарын айтады. (Оқушылар кезекпен  
шығып тақпақтарын айтады.)

Ұлыс бақты болсын,

Әр күніміз жақсы болсын.

Достығымыз берік болсын,

Білім-өнер серік болсын!

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын,

Қайда барса, жол болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Ұлы күні ұлыстың

Күн мен түнді теңеген.

Тәтті дәмін ырыстың

Таттық наурыз көжеден.

Күн ғой бүгін жарылған

Ақ түйенің қарыны.

Ақ дастарқан жайылған,

Лаулап ошақ жалыны.

Көктем басы – Наурыз,

Той-мереке – сәніміз.

Көктем келіп,

Мал төлдеп,

Уыз іштік бәріміз.

**2-жүргізуші:** - Енді әділқазылар алқасына сөз берейік.

(Әділқазылар алқасы қай топтың жеңгенін айтады. Жеңген топқа теңге беріледі).

**1- жүргізуші:** - Үшінші байқау «Көкпар» деп аталады.

**2-жүргізуші:** - Бұл байқауда екі топқа бірдей сұрақтар қойылады, жылдам әрі дұрыс жауап берген топ жеңеді.

**Сұрақтар:**

1. Наурыз қандай мейрам? (ұлт мейрамы)

2. Наурыз сөзі қандай мағынаны білдіреді? (жаңа күн)

3. Бұл мейрамды қашан тойлайды? (22 наурызда)

4. Наурыз кезінде не пісіреді? (наурыз көже)

5. Көжеге неше түрлі дәм қосады? (7 түрлі)

6. Олар қандай дәмдер? (бидай, тары, күріш, ет, сүт, су, тұз)

7. Наурыз көже ненің белгісі? (молшылықтың белгісі)

8. Наурыз күні адамдар бір-біріне не айтады?

9. Қандай ұлттық ойындарды білесің? (қыз қуу, ақсүйек, бәйге, көкпар)

10. 22 наурызда не теңеледі? (күн мен түн теңеледі)

Енді әділқазылар алқасына сөз берейік. (Әділқазылар алқасы қай топтың жеңгенін айтады. Жеңген топқа теңгесі беріледі).

**1-жүргізуші:** - Әзіл өлең – сәніміз,

Әндетейік бәріміз. «Әзіл өлең» байқауы.

**2-жүргізуші:** - Бұл байқауда екі топ кезекпен өздері дайындап келген әзіл өлеңдерін айтады.

**Частушки:**

- Мы приветствуем частушкой

Хорошо ли, плохо ли

Мы – ребята веселушки

Вместе все мы учимся.

- Ән, жырменен қарсы аламыз

Жақсы ма әлде жаман ба?

Өлең айтып, ән салған

Біз көңілді балалар.

- Во всем мире Казахстан

Добротою славится.

Этот древний, новый праздник

Людам очень нравится.

- Күллі әлемге Қазақстан

Атақ, даңқы жайылған.

Көне, жаңа Наурыз

Халықтарға ұнаған.

- Бай, бәйбіше, дауыстай  
Всех на праздник приглашай.  
Проходи, давай, не стой,  
Ждет тебя веселый той.
- Бай, бәйбіше, дауыстай  
Тойға шақыр халықты.  
Босқа қарап тұрмаңыз,  
Наурыз тойын тойлаңыз.
- В дастархане баурсаки  
Бери быстрее, налетай.  
Кушай до сыта не стой  
И запомни этот той.
- Дастарқанда бауырсақ  
Тойғаныңша алып қой.  
Көңілді бұл мереке –  
Есте қалсын Наурыз той!

Енді әділқазылар алқасына сөз берейік. (Әділқазылар алқасы әр топ қанша теңге жинағанын айтады. Әр топқа ұтып алған теңгесі беріледі).

**1-жүргізуші:** - Ойынды да ойнайық

Ұтпай одан қоймайық. «Жаяу жарыс» ойыны.

**2-жүргізуші:** - Бұл байқауға әр топтан бір оқушы шығады. Оларға 1-ден 5-ке дейін сандар жазылған жетондар беріледі. Сонан соң 5 сөзден жазылған қағаз көрсетіледі. Ойыншылар осы сөздердің ішінде қай сөз артық екенін тауып, соның реттік санын жылдам көтере қояды. Дұрыс тапқан оқушы бір адым алға жылжиды. Ойын осылай жалғаса береді. Алға озып шыққан оқушы жеңеді.

1. Сәукеле.

1. Тары.

1. Етік.

2. Тақия.

2. Ет.

2. Кебіс.

- |                  |           |                  |
|------------------|-----------|------------------|
| 3. Бөрік.        | 3. Жент.  | 3. Мәсі.         |
| 4. Кимешек.      | 4. Тұз.   | <b>4. Тымақ.</b> |
| <b>5. Жейде.</b> | 5. Бидай. | 5. Саптама.      |

- |                  |                 |                    |
|------------------|-----------------|--------------------|
| <b>1. Кебіс.</b> | 1. Қатық.       | 1. Қуырдақ.        |
| 2. Көйлек.       | <b>2. Ішік.</b> | 2. Қазы.           |
| 3. Жейде.        | 3. Шұбат.       | 3. Қарта.          |
| 4. Ішік.         | 4. Кілегей.     | 4. Шұжық.          |
| 5. Шапан.        | 5. Айран.       | <b>5. Ірімшік.</b> |

**2-жүргізуші:** - Енді, әділқазылар алқасына сөз берейік.

(Әділқазылар алқасы әр топ қанша теңге жинағанын айтады. Әр топқа ұтып алған теңгесі беріледі).

Сайысымызды жалғастырайық.

**1-жүргізуші:** - Сөзжұмбақ шешіп көрейік,  
Дұрыс жауап берейік.

**2-жүргізуші:** - Әр топ өз қарсыластарына сөзжұмбақ дайындап келіпті. Соны бір-біріне береді. Бірінші және дұрыс шешкен топ жеңеді. Ал қазір бізде сөзжұмбақтар шешілгенше музыкалық үзіліс.

*(Күй орындалады).*

(Толтырылған сөзжұмбақтарды әділқазылар алқасына апарып береді. Олар тексеріп, қорытындысын айтады).

**1-жүргізуші:** - Жетінші байқау – «Жаңылтпаш».

**2-жүргізуші:** - Екі топтан 1 баладан шығып, жаңылтпашты мүдірмей қатесіз оқып шығуы керек. (Оқушылар шығып, оқиды).

**Жаңылтпаш.**

Қарға, қарға, қарғалар

Қар үстінде жорғалар.

Қар үстінде жем көрсе

Екі шоқып, бір қарар.

Торта қойдым,  
Орта қойдым,  
Орта қойдым,  
Жорта қойдым.

*Көрермендермен жаңылтпаш оқу. Жақсы оқыған қонаққа сыйлық беріледі.*

Кеше, шеше,  
Неше кесе Сынды кеше.

**2-жүргізуші:** - Көктем келіп, алма ағашы гүлдеді,  
Келер күннен ешкім күдер үзбеді.

**1-жүргізуші:** - Жан қалмасын жай тұрған,  
Мәз болсын жас-кәріміз.  
Көріңдер енді ән айтып,  
Қол соғайық бәріміз. **«Ән байқауы».**

**2-жүргізуші:** - «Армандастар» әнінің 2 шумағын екі топ кезекпен айтады. Ал, тыңдайық.

**«Армандастар».** Өлеңін жазған: Н.Әлімқұлов. Әнін жазған: Ә. Бейсеуов.

**1-жүргізуші:** - Кел, халайық, келіңдер.  
Тамашаны көріңдер.  
Бізде қызық ойын бар,  
Ойынға әбден тойыңдар.

«Теңге алу» ойыны.

**2-жүргізуші:** - Бұл ойынға екі топтан 2 баладан шығады. Бірі екіншісін ат қылып мініп алады. Белгі бойынша жердегі түйіншектерді жинай бастау керек. Көп түйіншек жинаған топ жеңеді.

*(Жиналған түйіншектер саналып, қорытынды жасалады).*

## НАУРЫЗДА – ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Наурыз мерекесінің шығу тарихы туралы мағлұмат беру, етістіктің райларын қайталау; **тәрбиелік** – Қазақстан мерекелеріне, тіліне, тарихына деген сүйіспеншілікті арттыру, салт-дәстүрге, өнерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу; **дамытушылық** – диалогтік, монологтік тілін дамыту, дүниетанымын кеңейту, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, мәнерлеп оқу, іздендіру. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд, үлестірмелі материалдар.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Жаңа сабаққа оқушы зейінін аудару.**

- Сәлеметсіздер ме, балалар!
- Балалар, сендер бір-бірінмен қалай амандасасындар?
- Сабақты әдептілік әліппесімен ашайық.
- Сен бүгін өте тартымдысың!
- Ал, сен, бүгін әдемісің!
- Захар, бүгін сенің жақсы баға алуыңа тілектеспін.
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын, ал сендер шешуін табындар.



Бәйшешектей қар астынан табылған,  
Бар халықты қуантатын бұл қай кез?  
Ағарғаны шөл суындай молайып,  
Қарық болған халқы мынау бұл қай кез?  
Даңқы жетіп болашаққа зорайып,  
Берекелі құт әкелген бұл қай кез?  
Келер күнге бар үмітті табынтып,  
Бар халықты қуантатын бұл қай кез?

- Наурыз! Наурыз!

- Дұрыс, балалар, бұл Наурыз айында болады. Наурыз – көктемнің бірінші айы.

- Ендеше, балалар, бүгінгі тақырыбымыз: «Наурыз мейрамы».

Бүгін біз алдарындағы жұмыс картасымен жұмыс жасаймыз.

### Жұмыс картасы

Сөздік  
алқабы

Әңгіме  
төбесі

Сөз сыры –  
сыр сандық

Мәнерлеп  
оқу

Кітап  
дүкені

Сөйлесу  
пункті

Граммати  
-ка тауы

Сөйлем  
көлі

**1. Сөздік алқабы.** Жаңа сөздермен сөздік жұмысын жүргізу.

*Мереке – праздник;*

*Құттықтау – поздравление;*

*Тойлайды – празднует;*

*Ұлы – великий;*

*Ерекше – особый;*

*Береке – благо.*

**2. Әңгіме төбесі:** сұрақ-жауап.

- Қазір қандай мезгіл?

- Көктем айларын ата.

- Бүгін ауа райы қандай?

- Көктем мерекелерін атайық.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні.

22 наурыз – Наурыз мейрамы.

1 мамыр – Ынтымақ күні.

9 мамыр – Жеңіс күні.

**3. «Сөз сыры – сыр сандық».**

- Балалар, әр айдың өзінің шығу тарихы бар. Көктем айлары нені білдіреді?

1) Наурыз – парсының «нау» - жаңа, «руз» - күн, яғни, жаңа күн деген сөзі. Оны жыл басы, мереке басы, көктем басы деп санайды.

2) Көкек (сәуір) екінші ай. Бұл ай көкектің алғаш шақыра бастаған айы болғандықтан осылай аталған. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөз бұл айдың жақсы мезгіл екенін мегзейді. Қазақстанның оңтүстігінде егіс жұмыстары басталады.

3) Мамыр – үшінші ай. Көктемнің ең сұлу шағы. Барлық малдың балаларын төл деп атайтыны сияқты барлық құстардың балапанын мамыр деп атайды. Ай аты осы сөзден шыққан дейді халық. Мұны тілші ғалым профессор С.Аманжолов та қостайды. Мамыр – тоқшылық, семіру

деген ұғымды білдіреді.

**4. Кітап дүкені.** Мәтінмен жұмыс.

Наурыз туралы әр оқушыға мәтін беріледі.

**5. Сөйлесу пункті.** Диалог құру.

Мәтін бойынша түсінгендерін диалог түрінде беру.  
Оқушылар бір-біріне сұрақ қояды.

**6. Сөйлем көлі.**

1. Сурет бойынша әңгіме құрау.

2. Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықта.

1) Наурыз мерекесін қыста тойлайды. (бұрыс)

2) Наурыз айын адамдар көңілді қарсы алады. (дұрыс)

3) Қыста табиғат оянады.

4) Наурыз көже – мерекелік тағам.

5) Наурыз тойында шырша орнатады.

6) Наурызкөк – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы.

**7. Грамматика тауы.** Етістіктің райларын қайталау.

Электронды оқулықты ашып, жаттығу жұмысын орындау.

**8. Мәнерлеп оқу.** Оқушылар Наурыз туралы жаттап келген өлеңдерін айтады.

**III. Сабақты қорытындылау.**

**«Блиц-турнир» ойыны.**

1. Наурыз қандай мейрам?

2. Наурыз мерекесін қашан тойлайды?

3. Наурыз көжеге неше түрлі дәм қосады?

4. «Наурыз» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

5. Мерекеде адамдар бір-біріне қандай тілектер айтады?

6. Наурыз бата дегеніміз не?

7. Етістік дегеніміз не?

8. Етістіктің шақтарын ата.

**IV. Оқушыларды бағалау.**

**V. Үйге тапсырма.** 3-тапсырма. Наурыз мерекесі туралы әңгімелеу.

## КҮЛІМДЕ, НАУРЫЗ, КҮЛІМДЕ

**1-жүргізуші:**

- Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар!

Той дабылын қағып тұрған мұнда біз бар.

Естімеген естіңіздер

Тыңдамаған тыңдаңыздар!

Наурыз тойы басталды

Бір орында тұрмаңыздар.

**2-жүргізуші:**-Добрый день, дорогие гости!

Добрый день, дорогие учителя, ученики, все кто пришел

к нам на праздник.

Вот и пришел долгожданный праздник- праздник Весны-

Наурыз.

Давайте встретим его бурными аплодисментами.

Шашу шашылады и исполняется песня «Қазақтың салт-дәстүрлері»

**1-жүргізуші:** - Күн мен Айға әлемнің

Берем ыстық сәлемін

Қарттарыма сүйініп,

Сәлем берем иліп.

Орындалды ойларың

Құтты болсын тойларың!

**2-жүргізуші:** - Дорогие ребята, уважаемые гости, мы поздравляем вас с праздником великодушия, щедрости, доброты и воли!

«Наурыз» биі.

**1-жүргізуші:** - Наурыз парсы тілінде жаңа күн деп аталады. Бұл күнде күн мен түн теңеледі. Жыл басы — Наурызды халқымыз «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Бұл күні жұрт бұрынғы реніш-өкпені ұмытып, бір-бірінен кешірім сұрап, татуласып, жақсы тілектер айтады.

**2-жүргізуші:** - Слово «Наурыз» с персидского означает новый день. Это время равноденствия, начало нового года по Восточному календарю или же праздник Наурыз. В этот день все кто когда-нибудь кого-нибудь, если обидел, то должен просить прощение, мириться и поздравлять с праздником.

**1-жүргізуші:** - Халықтың айтуы бойынша, наурыздың 21-нен — 22-сіне қараған түні Қызыр баба барлық босағаны аттап, төрге шығып, бақыт, мереке, қуаныш әкеледі. Дәстүр бойынша Қызыр бабаны ауылдың жеті жігіті қолдарына шырақ жағып қарсы алады.

**2-жүргізуші:** - По народным преданиям в ночь с 21 на 22 марта порог каждого дома переступает Қызыр баба, который приносит с собой счастье, удачу, радость. Его по традиции встречают 7 жигитов с зажженными лучинками в руках.

**1-жүргізуші:** - Қош келдіңіз, құрметті Қызыр баба, төрлетіңіз, қадірлі қонағымыз болыңыз, балаларға батаңызды беріңіз.

**2-жүргізуші:** - Добро пожаловать, уважаемый Қызыр ата, проходите на почетное место и дайте нам свое благословение.

- Ұлыс бақты болсын!

Әр күніміз жақсы болсын!

Достығымыз берік болсын!

Білім- өнер серік болсын!

Бестік баға мол болсын!

Ұлыс оң болсын!

Әумин.

1. Наурыз келді жанартып жаңа күнді,  
Наурыз келді сағынып бала бізді.  
Құтты болсын, ағайын, жаңа жылың,  
Құтты болсын, жаңа жыл – Наурыз тойың!  
«Наурыз» әні орындалады.

**2-жүргізуші:** - Праздник всегда продолжался свадебным тоем. Отсюда в народе сохранилось пожелание.

**1-жүргізуші:** - «Той тойға ұлассын!»

Пусть продолжением праздника будет праздник.

**2-жүргізуші:** - Именно этой мудрости мы хотели бы последовать сегодня, стремясь показать вам ритуал встречи невесты и жениха.

**1-жүргізуші:** - Невесту и жениха по традиции встречают издавна свадебной песней «Жар-жар».

**2-жүргізуші:** - А теперь будьте готовы встречать молодых.

**Вход жениха и невесты в сопровождении песней и шашу.**

«Жар-жар».

**1-жүргізуші:** - В нашей республике в мире и дружбе проживают более 130 национальностей и Наурыз стал всеобщим любимым праздником.

**2-жүргізуші:**

- Со всех сторон с небесной высоты

Несется радость, веселье и смех

Наурыз к нам пришел

Это праздник для всех.

Танец с домброй.

2. Мы здесь сегодня собрались

Чтоб встретить Наурыз

Улыбки, шутки, звонкий смех

Пусть радуют сегодня всех.

3. Возьмемся за руки, друзья,

Ведь мы – единая семья:

Татарин, русский и казах  
Литовец, немец и поляк  
За нашим праздничным столом  
Мы вместе песни запоем.

*Орыс тілінде бір ән.*

4. Открыта дверь для всех гостей

Для пожилых и для детей  
Весна на встречу нам идет  
Весна на праздник всех зовет  
Народы самых разных стран  
Шлют поздравления в Казахстан.  
Украинский танец «Гопак».

5. Согласие и мир царят среди людей

Неведома нам межнациональная вражда  
Живем бок о бок  
И знаем, что единство навсегда  
Тебя, родной мой Казахстан  
Тебя воспеть хочу  
Чтоб знали люди разных стран  
Как я тебя люблю.

*Қазақ тілінде бір ән орындалады.*

6. Играй, баян, звени, домбыра,

Желаю счастья и добра,  
Здоровья и терпения,  
Отличного настроения  
Чтоб мечты у всех сбылись  
Здравствуй, праздник Наурыз!  
Оркестр.

7. Здравствуй, праздник Наурыз,

На любимой земле!  
Заходи в каждый дом-  
Ты для всех долгожданный!  
И сердца у людей начинают теплеть,

И становятся люди друг к другу добрей.

8. Сколько радости сегодня,  
Сколько света, новизны,  
Здравствуй, праздник новогодний  
С появлением весны.

*Өзбек биі.*

**1-жүргізуші:** - Сегодня на наш праздник приехали представители разных национальностей.

**2-жүргізуші:** - Давайте их встретим бурными аплодисментами.

Входят представители разных национальностей.

- Ұлыс оң болсын!

Пусть год будет удачным.

- Ұлыс бақытты болсын!

Пусть год будет счастливым.

- Ұлыс береке берсін!

Пусть год будет – обильным.

- Төрт түлік ақты болсын!

Пусть тучным будет скот.

- Пәле-жала жерге енсін!

Пусть сгинут все напасти.

**1-жүргізуші:**

- Қадірлі қонақтар мен кешке қатысушылар!

Құтты болсын Ұлыстың ұлы Күні,

Ылғи толсын құшаққа шаттық гүлі!

Жаңа жыл алып келсін мол жақсылық,

Тек естілсін елімнің бақытты үні.

**2-жүргізуші:** - Дорогие друзья,

Пусть этот день запомнится навсегда.

Пусть этот день останется в ваших сердцах.

Еще раз с праздником Весны,

С праздником Наурыз!

**1-жүргізуші:** - Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!



## «ЕҢ АҚЫЛДЫ» ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНЫ

**Ойынның мақсаты:** оқушыларды қазақ халқының тарихы, салт-дәстүрі, өнері, тіл, білімі, әдебиеті бойынша алған білімдерін жүйелеп, сұрыптауға үйрету, таным белсенділігін арттыру; **дамытушылық** – оқушылардың қисынды ойлау, ізденімпаздық, байқағыштық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін дамыту; **тәрбиелік** – қазақ халқының салт-дәстүрін, әдебиетін, мәдениетін, өнерін құрметтеуге, сөйлеу мәдениетін дамытуға тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** суреттер «Наурыз» тақырыбына салынған, жазылған сөздер, мерекелік безендіру құралдары, көрсетпе белгілер, I, II тур, көрермендерге арналған ойын тапсырмалары, құмсағат. Тапсырмалар интерактивті тақтада шығып, көрсетіліп тұрады (қазақы әуен ойналады). Бұл ойын – ҰБТсұрақтарын да қамтиды, сондықтан оқушылар үшін үлкен дайындық, көмек болары сөзсіз.

**Ойынның жүру барысы:**

**Жүргізуші:** - Армысыздар, құрметті мұғалімдер, оқушылар! Біздің Наурыз мерекесіне арналған «Ең ақылды» атты интеллектуалды-танымдық ойынымызға қош келдіңіздер!

- Ата-бабам тойлаған  
Наурызым, армысың!  
Қызығыңа тоймаған  
Дарқан дала, қарлы шың.  
Қауыша алмай қанша жыл  
Қалдық сенен адасып

Сағынды қыз, аңсады ұл,

Төрле, есіктің бәрі ашық!

Мерекені байырғы

Алды халқым қабылдап.

Ақ дастарқан жайылды

Ошақта от жалындап!

- Құрметті оқушылар, мұғалімдер, сіздерді ойыншылармен таныстыруға рұқсат етіңіздер. Ортаға 10 «А» сыныбының оқушыларын шақырамыз.

- Енді 10 «Б» сыныбының оқушылары ортаға келсін.

- Сонымен, ойынымызды бастайық! Ойынымыздың мақсаты: қазақ тілін, әдебиетін, тарихын, өнерін, салт-дәстүрін қалай білеміз, қазақша дұрыс айта, дұрыс сөйлей білеміз бе, соны көрсету.

Ойын 3 кезеңнен тұрады. Экранда бес тақырып.

Бұл: тарих, салт-дәстүр, өнер, әдебиет, қазақ тілі. Бірінші және екінші кезеңдер 12 сұрақтан тұрады. Ең аз ұпай алған ойыншы ойыннан шығып отырады; құрметті төралқа мүшелері бұл туралы құлағдар етіп, хабарлап отырады. Әр ойыншының қолында қызыл белгіше, ойыншылар белгілерін көтере қойып, жауапты нақты толық айтуы тиіс. Келесі кезеңге ең күшті деген 3 ойыншы ғана өтеді. Әр ойыншы тақырыпты таңдайды және 1 минут ішінде оқылатын сұрақтарға неғұрлым тезірек жауап беруге тиісті. Ойын басталды. Экранда 5 тақырып: тарих, салт-дәстүр, өнер, әдебиет, тіл білімі.

Мұның ішінде «тарих» және «салт-дәстүр» тақырыбы барлық оқушы үшін міндетті, қалған 3 тақырыпты 3 ойыншы жеребе бойынша таңдайды. Экранға қарайық: I тур «Тарих» тақырыбы: I тур сұрақтары: (Бірінен соң бірі шығып отырады)

- Қазақстанның астанасы қай қала?
- Астана қаласы нешінші жылы астана болды?

- ҚР-ның Ата Заңы қашан қабылданды?
- Республика күні қашан?
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының авторы кім?
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары кім?
- Қазақстан Республикасының Әнұранының авторлары кім?
- Қазақ елінің XVII ғасырдағы атақты батырлары кім?
- Қазақтың «Үш бәйтерегі» кімдер?
- Қазақтың «Бес арысы» кімдер?
- Қазақ жерінде сақталып қалған ежелгі қалалар?
- Тәуелсіздік күні қашан?

**Жүргізуші:** - Төралқа мүшелеріне сөз беріледі. Төралқа ең аз ұпай алған ойыншыларды айтады (ойыннан үш ойыншы шығып қалды).

**Жүргізуші:** - Ал, енді, екінші турды бастайық. Ойынымыз жалғасады, ойыншылар, экранға қараңыздар! Экранда ІІ турдың тақырыбы: «Салт-дәстүр», мұқият болыңыздар!

Экранда: «Салт-дәстүр», ІІ тур. Турдың сұрақтары:

- 22 наурызда өткізілетін мейрам қалай аталады?
- «Наурыз» сөзі қандай мағына береді?
- Наурызда күн мен түн не болады?
- «Наурыз» қай халықтардың мерекесі?
- Қазақтардың ұлттық баспанасы қалай аталады?
- Ең таңдаулы киіз үй қалай аталады?
- Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын той қалай аталады?
- Сәби қаз тұра бастағанда қандай той жасалады?
- Бала мектепке барғанда жасалатын той?
- Қазақтың қандай ұлттық тағамдары бар?
- Наурызға арналып пісірілетін қандай ұлттық тағам бар?
- Астың соңында ақсақал қандай тілек айтады?

**Жүргізуші:** - Міне, құрметті ойыншылар және көрермендер, II турымыз да аяқталды. Қазір төралқа мүшелері, ең күшті ойыншыны анықтап жатыр. Ал, біз оларға уақыт беріп, ойынды көрермендермен жалғастырсақ және «Ең ақылды» көрермендерді анықтасақ! Құрметті көрермендер, енді экранда бірінен соң бірі бес сұрақ шығады, кезек сіздердікі, кім «Ең ақылды» көрермен екен, көрейік!

Экранда: Көрермендермен ойын, «Ең ақылды көрермен» деген жазулар шығады.

Сұрақтары:

- «Наурыз» мейрамы қашан болады?
- Наурызға арналып қандай ұлттық тағам пісіріледі?
- Қазақтың «бас ақыны» кім?
- Қазақтың атақты үш биі кімдер?
- «Киіз үй» еңбегінің авторы кім?

**Жүргізуші:** - Міне, «Ең ақылды көрерменімізді» де таптық. Бұл 10 «Б» сыныбының оқушысы: Жеңімпаз көрерменімізге азғантай сыйлығымызды берейік! (сыйлық береді)

Енді, сөз кезегі төралқа мүшелерінде.

Төралқа мүшесі ұпай саны бойынша алға шыққан үш ойыншыны атады.

**Жүргізуші:** - Құрметті ойыншылар, сіздер өз тақырыптарыңызды таңдауларыңыз қажет. Экранда үш түрлі түспен берілген тақырыптар, бірақ сіздер, тақырыпты емес тек қызыл, жасыл, көк түсті төртбұрыштарды көріп тұрсыздар. Тақырыптар жасырылған.

Бірінші ойыншы – жасыл түсті, екінші ойыншы – қызыл түсті, үшінші ойыншы – көк түсті таңдады. Ең көп ұпайы бар ойыншы тақырыпты бірінші таңдайды. Сонымен жасыл түс – әдебиет, қызыл түс – тіл білімі, көк түс – өнер тақырыбы.

Құрметті ойыншылар, сіздер бір минуттың ішінде қанша

сұраққа тез және дәл жауап бере аласыздар екен. Мен тез оқып отырамын, арнайы екі адам уақытты белгілеп, айтып отырады, төралқа мүшелері жауаптарды есептеп, жазып отырады.

Бірінші ойыншының сұрақтары – «Әдебиет» тақырыбы бойынша:

- «Қызғыш құс» өлеңінің авторы?
- «Кел, балалар, оқылық!» өлеңін кім жазды?
- «Ескендір» поэмасының авторы?
- Мұхтар Әуезовтің Абай туралы роман – эпопеясы қалай аталады?
- «Атымтай Жомарт» әңгімесін кім жазды?
- «Киіз үй» еңбегінің авторы?
- Абайдың ақын ұлдары?
- Ілияс, Сәкен, Бейімбетті әдебиетте қалай атайды?
- Абайдың анасы кім?
- Шоқанның әжесі кім?
- Зар заман ақындары кімдер?
- «Дағыстан» поэмасын кім жазды?

Екінші ойыншының сұрақтары – «Қазақ тілі», «Тіл білімі» тақырыбы бойынша:

- Қазақ тіл білімінің негізін салушы кім?
- «Тез» сөзінің синонимі?
- Бір сұраққа жауап беріп, бір сөз табына жататын, бір сөйлем мүшесі болатын қандай мүшелер?
- Заттың атауын білдіретін сөз табы?
- Заттың қимылын білдіретін сөз табы?
- Заттың санын білдіретін сөз табы?
- Есім сөздердің орынына қолданылатын сөз табы?
- «Тез» сөзінің антонимі?
- «Темірқазық» сөзінің тура аудармасы, орысша баламасы?
- «Жеті қарақшы» сөзінің тура аудармасы, орысша

баламасы?

- «Кемпірқосақ» сөзінің тура аудармасы, орысша баламасы?

Үшінші ойыншының сұрақтары – «Өнер» тақырыбы бойынша:

- «Татьянаның әнін» жазған сазгер?
- «Музыканың ұлы кітабын» жазған ғалым?
- Парижде «Ағаш аяқ» әнін орындаған әнші?
- «Ах, Самара, қалашық!» әнін орындаған кім?
- «Бұлбұл» әнін орындаушы кім?
- «Көзімнің қарасы» әнінің авторы?
- Киіз үйдің бөліктері?
- Өнер туралы мақал?
- Қазақтың тұңғыш кәсіпқой суретшісі кім?
- «Бұл әнім басқа әннен өзгереді» әнінің авторы?
- «Балбырауын» күйінің авторы?
- Роза Рымбаева «Наурыз» туралы қандай ән айтты?

**Жүргізуші:** - Міне, ойынымыз да аяқталып қалған екен, қай ойыншымыз «Ең ақылды»?

Төралқа мүшелерін тыңдайық! Ұпай саны бойынша «Ең ақылды» ойыншы анықталды.

Үш ойыншы да тәтті сыйлықтармен марапатталды. Ең ақылды Ойыншы марапаттау қағазымен марапатталады.

**Жүргізуші:** - Біз ең ақылды ойыншымызды шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа табыстар, көп қуанышты сәттер тілейміз!

- Ал құрметті қонақтар, Наурыз мерекесі қарсаңында, Сіздерге қазақтың дәстүрі бойынша сый-сыяпатымызды ұсынуға рұқсат етіңіздер. Бұл қазақтарда «шашу» деп аталады. Шашу – келе жатқан мерекеміздің тәтті бастамасы болсын. Өмірлеріңіз осы шашудай тәтті болсын! Сау болыңыздар, келгендеріңізге рақмет! Көріскенше, күн жақсы болсын! Экранда: «Наурыз құтты болсын! Назарларыңызға рақмет!»- деген сөздер шығып тұрады.

## ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАҒАН ҰТАДЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – 2-модуль бойынша қайталай отырып, оқушылардың білімін тексеру. Ұжымдық технология бойынша оқушыларды тақырыппен жұмыс дағдысына баулу. Тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың екінші модуль бойынша алған білімін еске түсіруге жағдай жасау; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, танымдық, логикалық, шығармашылық белсенділігін, ұқсастық пен айырмашылықты бөліп көрсете алу қабілетін дамыту. Ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру.

**Түрі:** қайталау. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелесу, проблемалық сұрақтар, ойлауды дамыту технологиясы, іздену.

**Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, үлестірмелі қағаз, магнитофон.

**Қолданылатын стратегиялар:** ассоциация-топтастыру, топпен жұмыс, проблемалық жағдайдан өту.

**Сабақтың барысы:**


### 1. Ұйымдастыру кезеңі:

1.1. Сәлемдесу. 1.2. Оқушыларды сабаққа әзірлеу.

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Бүгін біз 2-модуль бойынша өткен тақырыптарды қайталаймыз. Сабаққа жұмыла, белсенді қатысуларыңды сұраймын. Менің алдыма қойған мақсатым: тапсырмалар арқылы сендердің 2-модуль бойынша алған білімдеріңді тексеру. Тапсырмалар мына гүлдің жапырақтарына жасырылған.

Гүлдің сыртында 1, 2, 3, 4, 5, 6 сандары жазулы тұр. Осы сандарды кезекпен ашып отырамыз. Бұл гүлдің жапырақтары оңай ашылмайды, түрлі қиындықтарға кез боламыз. Қиындықтар

дегеніміз – 2-модуль бойынша өткен тақырыптарға түрлі тапсырмалар. Сол бізге берілген тапсырмаларды қателеспей орындауымыз керек. Сонда ғана гүлдің жапырақтары кезекпен ашылып отырады. (Тақтада төмендегідей гүл ілулі тұрады).



Бұл гүлдің жапырақтарын реттік санмен ашамыз. 1-санын ашып көрейікші. (Бір оқушы барып гүлдің арғы бетін ауыстырады) Не жазылған екен?

Менің досым деп жазылған екен. Бұл тақырып бойынша, балалар менің мынадай тапсырмам бар екі оқушы диалог құрастырады.

- Ал, балалар, рахмет. Өте жақсы. Келесі гүлдің 2-жапырағын ашуымыз керек. Оны ашу үшін мына сиқырлы тақтаның көмегі керек. (Балалардың көңілін интербелсенді тақтаға аудару)

- Сендер, өздерің келесі тақырыпты табуларың керек. Бізге мына сиқырлы тақта көмектеседі.

(Интербелсенді тақтадан күзге байланысты суреттер және жаңбырдың тамшылаған дыбысы, желмен ұшқан жапырақтың сылдырын естірту, орманның ағаштарының дыбысын естірту)

- Бұл қай мезгіл?
- Бұл – күз мезгілі.
- Күзде ауа райы қандай болады?
- Күзде ауа райы салқын болады.
- Күзде не жауады?
- Күзде жаңбыр жауады.
- Балалар, естерінде болса, біз КҮЗ. КҮЗДЕ деген тақырыптар өткенбіз. Қазір ойын түрінде өткен сөздерімізді еске алайық. (Бір оқушы шығып, жаттаған сөздерді адымдап айтады. Яғни, бір адым жасап бір сөз айтады. Мысалы: күз-осень, күзде-осенью, дождь



идет-жаңбыр жауып тұр, т.б. Тоқтамай айтып шыққан оқушы өте жақсы баға алады.

- Рахмет, балалар. Бұл тапсырманы да жақсы орындадыңдар. Келесі үшінші гүлдің жапырағын ашайық. (3-гүлдің артында қазақ тіліне тән дыбыстар жасырылған екен.)

- Балалар, мынадай сұраққа жауап беріңдерші. Жапырақтың түсі қандай болады?

- Жасыл. Қызыл. Қоңыр. Сары. Ондай болса, балалар, маңайымызға қарап, жапырақтарды іздеп көрейікші. (Алдын-ала терезеге, шкафқа, тақтаның бір шетіне әр түрлі түсті жапырақтар жапсырулы тұрады). Бұл жапырақтарда тапсырмалар жасырылған, тапсырманы орындау үшін біз топқа бөлінуіміз керек. Ол үшін 1, 2, 3 санына санап, 3 топқа бөлініп, жапырақтарды алып, тапсырмаларды орындайық. (Тапсырмалар: Қазақ тіліне тән дыбыстарды орынына қой. Мысалы: жапырақтар, жаңбыр, кезде, т.б). Тақтаға жазып, барлық оқушылар дәптерлеріне жазып алады.

- Бұл тапсырманы да өте жақсы орындадыңдар. Келесі кезек 4-гүлге келіп жетті. (Бір оқушы тақтадағы гүлді ашады, ол жерде «Киімдер» деген тақырып тұр.) –Балалар, келесі тақырып, киімдер екен. (Алдын-ала шкафқа, терезеге, сөрелерге киімдердің суретін іліп қою керек).

- Балалар, сендерге бір ертегі оқып берейін. Баяғыда бір үлкен отбасы болыпты. Отбасында атасы, әжесі, әкесі, анасы, ағасы, әпкесі, інісі және Жалқаугүл болыпты. (Автор кейіпкерлердің атын атағанда біртіндеп тақтаға шығып отырады.) Бір күні Жалқаугүл ұйықтап жатады. Оған анасы келіп: - Қызым, тұр, мектепке барасың,- дейді. Жалқаугүл бірден тұрмайды, ол: Атаааааа- деп атасын шақырады. Ата, маған көйлегімді әкеліп берші. Атасы сыныптың ішінде ілініп тұрған киімдердің ішінен көйлекті іздеп тауып, Жалқаугүлге әкеліп береді. Келесі кезекте Әжеееее –деп әжесін шақырады. Маған етігімді тауып берші,- дейді. Әжесі сыныпта ілулі тұрған киімдердің суреттерінің ішінен етікті тауып, Жалқаугүлге әкеліп береді. Келесі әкеееее-деп әкесін шақырады. – Әке, маған жейдемді әкеліп берші,-дейді. Әкесі сыныптың ішін аралап жүріп Жалқаугүлге жейдесін тауып әкеліп береді. Ендігі кезекте ағасын шақырады. «Ағааааа, маған қолғабымды

әкеліп берші». Ағасы сыныптың ішінен қолғабын тауып әкеліп береді. Келесі кезекте әпкесін шақырады Әпкееее,- дейді - Маған сөмкемді әкеліп берші. Әпкесі сыныптың ішінен сөмкесін тауып әкеліп береді. Осылайша бүкіл отбасы Жалқаугүлді киіндіреді. Киімдерді еске түсіреді.

- Балалар, мына тапсырманы да өте жақсы орындадыңдар. Келесі бізді 5-ші гүлдің жапырағы күтіп тұр. Балалар, 5-гүлдің жапырағын ашпас бұрын сергіту сәтін жасап жіберейік.

- Енді, бір оқушы келіп бесінші гүлдің жапырағын ашсын. Ол жапырақ не жасырып тұр екен?

- Не жазылып тұр? Қане бәріміз оқиық. ҚОЛЫҢДЫ КӨТЕР деп жазылып тұр.

- Балалар, бұл тапсырманы орындау үшін «Қара жорға» биін билеуіміз керек. («Қара жорға» биін билеп тұрып, оң қол, сол қол, оң аяқ, сол аяқтарын көрсетіп, оң, сол жақты айыруға болады).

- Балалар, тамаша. Гүліміздің барлық жапырағын ашуға таяп қалдық. Келесі соңғы гүлдің жапырағын ашамыз. Бір оқушы барып, гүлдің жапырағын ашады. Бұл гүліміз бізге не жасырып тұр екен? Қане, бәріміз бірге дауыстап оқиықшы. Балалар, мен сендерге дене мүшелерін айтамын, сендер сол дене мүшелеріңді қолдарыңмен көрсетуге тырысыңдар. Мысалы: БАС, ҚОЛ, КӨЗ, АЯҚ, БЕТ, МҰРЫН, АУЫЗ. (Балалар мұғалім айтқан дене мүшелерін қолдарымен көрсетеді.) Келесі тапсырма мынадай болмақ. Мұқият тыңдаймыз. Тақтада дене мүшелері бөлек-бөлек жатады. Бір оқушы дене мүшелерін ретімен атап тұрады, 2-оқушы айтқан мүшелерді дұрыс тауып, орынына қою керек. Осылайша қуыршақтың дене мүшелерін жинап аламыз. Ол қуыршақтың есімі

— Әлия. Біздің Әлияға арнап шығарған тақпағымыз бар.

А у нашей Алии,  
Две руки, две ноги,  
Бет-лицо, бас-голова.  
Повторяем раз и два.  
Қол-аяқ, қол-аяқ.  
Вот такая Алия.

- Балалар, бұл тапсырманы да керемет орындап шықтыңдар.

**Сабақты бекіту:** - Түрлі тапсырмаларды орындап,  
Қағазға түсірдік.  
Сонымен сабақта  
Нені оқып, үйрендік?

1. 2-модуль бойынша қандай тапсырмаларды орындадық?
2. Қандай мезгілді өттік?
3. Қазақ тіліне тән дыбыстарды атаңдар?

**Рефлексия кезеңі:**

- Бүгін сабақ саған ұнады ма?
- Қандай тапсырмалар ұнады?
- Алдымыздағы сабақтарда қандай тапсырмаларды орындағың келеді?
- Өз ойларыңды білдіріңдер.

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма:** қайталау.



Гүлгина ЖҮНІСОВА,  
«Нұрсұлтан Назарбаевтың  
білім беру қоры»  
Қоғамдық қорының филиалы  
«Арыстан» мамандандырылған лицейінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЕСІМДІКТЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

(9-сынып)

**Интерактивті тақтамен жұмыс мақсаты:** өткен тақырыпта  
алған мәліметтерді тереңдету, білімді жетілдірудегі негізгі  
заңдылықтарды есте берік қалдыру, тілге деген сүйіспеншілік

сезімін тудыру, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін және сөйлеу қабілеттерін, таным белсенділігін дамыту.

Тапсырмалар: Есімдіктерді тауып, мағынасына қарай ажырат.

- |                         |                         |
|-------------------------|-------------------------|
| 1. Біздің үйде бір ғана | 3. Талай алған жүлдені, |
| Түрлі-түрлі маман бар.  | Біреуі – ақын әйгілі.   |
| Мен айтайын даралап,    | Бәрін қосып санаңдар,   |
| Сен де, қане, санаңдар. | Үйде қанша маман бар?   |
- (Е.Өтетілеуов).

2. Екеуі – ғалым-биолог,  
Үшеуі – инженер-геолог.  
Білер жас та, кәрі де,  
Төртеуі – абзал дәрігер.

**Көп нүктенің орынына тиісті есімдіктерді қой:**

..... 9-сынып оқушысымын.

..... мектепке келді.

Бұны ..... қалап еді.

Менің айтарым – .....

Мен, Олар, сол, өзі

**Есімдіктерді тауып, түрін анықта.**

Менің ұлым сенікі,

Сенің ұлың менікі,

Ер туған ұл сенікі,

Бақытты біздің жердікі. (Жамбыл)

**Сөздерге есімдікті тіркестіріп, сөз тіркестерін құраңдар:**

оқушы, қалам, мектеп, сарбаз, күзет, азамат.

**Есімдіктің сөйлемдегі қызметі:**

Мен далаға шықтым.

Біздің ойлағанымыз – сенсің.

Ешкімге ауыр тапсырма берілмейді.

Біздің дегеніміз болады.

Олар әлдеқашан кетіп қалған.

**Мақал- мәтелдердегі көп нүктенің орынына тиісті**

**есімдікті қой.**

Атаңа не қылсаң,

Алдыңа ..... келер.

Адам болар жігіттің

Жары ..... лайық.

Керуен бастар жігіттің

Нары ..... лайық.

**Мәтіндегі есімдіктерді тауып, мағынасына қарай қай түрі екенін айт.**

Құнанбай өткен жаздан бері бұл атыраптағы ең бірінші мешітті осы Қарқаралы қаласына өз әмір- құдіретімен салғызып жатқан.

Сол мешіт біткен еді? (М.Әуезов)

**Қызықты сұрақтар:**

Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?

Шаңырақ қай рәмізде?

Мемлекеттік тудың түсі?

Таудағы қыран қандай құс?

Рәміздегі құс?

Елтаңбада жоғарыда не бар?

Ою- өрнек қайда бейнеленген?

**Шақпаққа мыналарды жаз:**

1. Жіктеу есімдігі .
2. Сілтеу есімдігі.
3. Сұрау есімдігі.
4. Өздік есімдігі.
5. Белгісіздік есімдік.
6. Болымсыздық есімдік.
7. Жалпылау есімдігі.

			е		
			с		
			і		
			м		
			д		
			і		
			к		

**Мына сөздерді аудар:**

Қол еңбегі

иголка

Мата

настоящий

Құрақ

не могу держать

Мазақтады

ручной труд

Нағыз

ткань

Ине

лоскут

Ұстай білмеймін

насмехались

Қадау

заплата

Жамау

пришить

# КЕЗЕКТЕС САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДІ ПЫСЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(9-сынып)

**Сабақ мақсаты:** оқушыларға отбасындағы ұлттық тәрбиенің маңызын ұғындыру, кезектес салалас жайлы алған білімдерін бекіту; оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, қазақ тілінде еркін сөйлеуге, ойлауға үйрету; оқушылардың отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету, өз заманының озық ойлы, кең өрісті шығармашыл, мәдениетті азаматын тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Типі:** жеке жұмыс. **Әдісі:** сұрақ-жауап, тест, ұлттық ойын элементтері, сөздікпен жұмыс, insert стратегиясы, сын тұрғысынан ойлау әдісі, әңгімелесу, шығармашылықты ояту, талдау, мәтінмен жұмыс. **Көрнекілігі:** компьютердегі слайдтар, тест парақшалары, түйе мен киіз үй пішінді ойыншық, алтын теңгелер, суреттер. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, қазақ әдебиеті, тарих, этнопедагогика, өзін-өзі тану, әдеп, психология.

**Сабақ барысы:**

## I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
2. Сабаққа психологиялық дайындық (Бір-біріне жақсы

тплек айту).

3. Сабақтың барысындағы бағалау жүйесін түсіндіру.

(Оқушыларды бағалау қазақ халқының «Теңге ілу» ұлттық ойынының шарты бойынша жүргізіледі.)

## **II. Үй тапсырмасын сұрау:**

1. «Менің досым» тақырыбындағы шағын әңгімені оқыту.

2. Әңгіменің ішінде кездескен кезектес салалас құрмалас сөйлем жайлы еске түсіру. (*Құрмалас салаластың түрлері жайлы 1-слайд*)

3. Тест. (*5 сұрақтан құралған жабық тест. 2-слайд*)

Өзара тексеру (*жауабы 3-слайд*).

## **III. Жаңа сабақ.**

1. **Релаксация.** (*Әркім өз отбасындағы ең қуанышты сәттерді еске түсіреді. Музыка ойнап тұрады.*)

2. **Кіріспе.** (*Отбасы туралы бейнеролик көрсетіледі 4-слайд. Сол отбасындағы жағдай бойынша пікірталас жүргізіледі.*)

3. **Негізгі бөлім.** (*Жаңа тақырыпты түсіндіру*)

«Тәрбие басы – тал бесік»

(Мақал) (*5-слайд*)

4. «Отбасы» сөзін топтастыру:

*О – ол*

*Т – туысқандық байланыста*

*Б – бақытты өмір сүретін*

*А – ата салтын ұстанатын*

*С - сыйлауды үйрететін*

*Ы – ынтымақты бірлескен адамдар ортасы. (6-слайд)*

5. Сөздікпен жұмыс. (*Оқулықтан оқиды. 7-слайд*)

6. Мәтінмен жұмыс. (*Оқулықтағы мәтінді оқыту, түсінік айтқызу, мәтінге ат қою. 8-слайд*)

7. **Ойқозғау.** (*Оқушылар мәтін жайлы өз ойларын төмендегіше жеткізеді.*)

**Меніңше, ...**

Менің пікірімше, ...

Менің мәтіннен ұққаным, ...

**Менің ойымша, ... (9-слайд)**

**8. Ойтолғаныс.** Оқулықтағы тапсырманы өз бетінше орындау. Сұрақтарға жауап жазу. Музыка ойнап тұрады.

**3-тапсырма:**

- Мәтінде не туралы айтылған?

- Сенің отбасыңда сыйластық бар ма?

- Сенің ойыңша, ең алдымен кімді тыңдау керек?

- Қиын істі шешу үшін кіммен ақылдасасың?

- Әр баланың парызы неде деп білесің? 10-слайд

**9. Ғажайып грамматика.**

**1-тапсырма.** Жай сөйлемдерден кезектес салалас құрмалас сөйлем құрастыру. Сөйлем мүшесіне талдау.

1. Сіңлім кітап оқиды. Жаттығу жұмысын орындайды.

2. Әкем дауысын көтере қатты сөйлейді. Жай сөйлейді.

3. Інім сабаққа өз бетінше дайындалады. Менің көмегіме сүйенеді.

4. Балалар біріне-бірі кезек бермей сөйлейді. Тегіс ұйықтап қалғандай тынышталады.

5. Анам тамақ пісіреді. Теледидар көреді. (11-слайд)

**2-тапсырма.** Лексикалық талдау. «Отбасы».

**3-тапсырма.** Фонетикалық талдау. «Тәрбие».

**4-тапсырма.** Морфологиялық талдау. «Үлкенді сыйлау».

**Сабақты бекіту:**

1. Тест. 5 сұрақтан құралған балама тест. 12-слайд.

Өзара тексеру, жауап. 13-слайд.

2. **Insert стратегиясы.** Оқушылар өздерінің сабақ барысындағы түсінген-түсінбегендерін белгілер арқылы көрсетеді.

«+» - түсіндім.

«-» - түсінбедім.



«У» - мен үшін жаңалық.

«?» - білгім келеді. 14-слайд

Үйге тапсырма: оқулықтан 45-бет.

4-тапсырма (Берілген сөйлемдердің дұрыс формасын таңдап жазыңдар.).

5-тапсырма: сурет бойынша әңгіме құрастыру.

Бағалау. Оқушылар ілген теңгелерін санайды. Кімде теңге көп болса, сол жеңімпаз саналады.

Қорытынды. Мұғалімнің өз сөзі.



Өрік АСРЕПОВА,  
№26 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Осакаров ауданы,  
Молодежный кенті.

## ЖАЙ СЕПТЕУ МЕН ТӘУЕЛДІ СЕПТЕУДІ ҚАЙТАЛАУ ЖАЙЫ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру және мәтінмен, жаңа сөздермен таныстыру, жай септеу мен тәуелді септеуді қайталау; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін, тіл ұстартуын жетілдіру, оларды интерактивті тақтада жұмыс істеуге, сауатты жазуға төселдіру; **тәрбиелік** – табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру және оны қорғай білу,

экологиялық тұрғыдан тәрбие беру.

**Типі:** жаңа сабақты меңгеру. **Жұмыс түрлері:** жекелей, ұжымдық, топтық жұмыс. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, ізденіс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, тірек-сызбалар, қарындаш, кәртішке, оқулық. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география.


### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) оқушылармен сәлемдесу; ә) кезекшімен тілдесу.

#### II. Үй тапсырмасын тексеру.

1) Кластерді толтырыңдар (ауызша)



#### 2) Сұрақтарға жауап беріңдер:

- Экология неден басталады?
- Су бар жерде не бар?
- Су мол болса не мол болады?
- Барлық тіршіліктің көзі не?
- Бұрын Қазақстанда неше сынақ полигоны болған?
- Қазір Қазақстан қандай мемлекет?
- Ең үлкен қай сынақ полигоны болған?
- Семей полигоны қай жылы жабылды?
- Бұл қозғалысты ұйымдастырушы әрі жетекшісі кім болған?

*Мұғалім:* - Балалар, біз табиғаттан не аламыз? (пайдаланамыз)

- Табиғат – тірі дүние. Оның бар байлығын пайдаланып жатырмыз. Ал табиғатқа қамқорлық жасауды ұмытып

кетеміз. Ендеше, балалар, табиғатты қорғауды ұмытпайық!

Сонымен, бүгін біздің өтетін жаңа тақырыбымыз —

## «Табиғатты қорғау».

Эпиграф:

*Адамдардың табиғатсыз күні жоқ,*

*Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ.*

- Сабағымыздың мақсаты: Табиғатты қорғау жолдарымен танысып, жай септеу мен тәуелді септеуді қайталау.

Бейнефильм көру.

*III. Жаңа сөздермен жұмыс.*

*Мәселе – проблема.*

*Көлем – объем, размер.*

*Көркейту – преобразить.*

*Сезім – чувство.*

*Аялау – лелеять.*

*Арнайы – специальный.*

*Жер алқаптары – долина, полоса земельного участка.*

*Су айдыны – водный простор.*

*Қалпына келтіру – восстановить.*

*IV. Деңгейлік тапсырмалармен жұмыс.*

**III деңгей.** Мәтінмен жұмыс (мәнерлеп оқу, аудару)

**II деңгей.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру:

- Еліміз егемендік алған күннен бастап Республикамызда қандай мәселеге көп көңіл бөлінеді?

- Табиғат байлықтарын аялау сезімін тәрбиелеуде мектептің алатын орыны қандай?

- Елімізде ерекше қорғалатын аймақтар туралы Заң қашан қабылданды?

*Мұғалім:* - Табиғат – тіршілік бесігі. Сондықтан табиғатқа адамзат өз тарапынан қамқор болуға тиісті. Ендеше, осы табиғатты қорғаудың жолдарымен танысайық!

1) Табиғи орынды сақтау. Ауаны, суды ластамау;

2) Табиғатты аялап ұстау, бүлдірмеу. Табиғатты қорғау

жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;

3) Табиғи органы таза ұстау, жақсарту, аландарды көгалдандыру, бұлақ көздерін ашу.

### **Грамматика.**

*Тапсырмалармен жұмыс.*

*1-тапсырма. Мәтін бойынша сөйлемдер құраңдар.*

1. Республикамызда табиғат қорғау...
2. Ерекше қорғалатын аумақтардың ...
3. Халық арасында көркейту жұмыстары...
4. Табиғат байлықтарын аялау сезімін тәрбиелеуде ...
5. Елімізде «Ерекше қорғалатын аймақтар туралы» Заң ...
6. Жер алқаптары, су айдындары ...
  - a) ережеге сай қатаң тәртіппен қорғалады.
  - ә) 1997 жылы 6 тамызда қабылданған.
  - б) мектептің алатын орны ерекше.
  - в) жан-жақты жүргізіліп келеді.
  - г) жер көлемін кеңейту, табиғат байлықтарын қорғау.
  - ғ) мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді.

2-тапсырма.

- «*Табиғат*» сөзін жай септеу.

- «*Мектеп*» сөзін тәуелді септеу.

3-тапсырма. **Сөйлемдегі етістіктің орынын**

**толықтырып жаз.**

1. Адам баласы табиғатты ...
2. Біз бұлақтардың көзін ...
3. Су мол болса, астық та ...
4. Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір ...
5. Экологиясы төмен аймақтарымыз көбейіп ...

Керекті сөздер: сүреді, барады, қорғау тиіс, аштық, мол болады.

Ассоциация құру.

- «*Табиғат*» деген сөзді естігенде көз алдарыңа қандай ассоциация келеді? Сендер бір сөзбен осы тақырыпқа

3 минут ішіндетән белгілерді еске түсіріп жазыңдар.

- Сонымен, «**Табиғат**» - бұл ...

*Нашар оқитын оқушыларға жеке тапсырма беру (кәртiшке).*

*1-кәртiшке:* Көп нүктенің орынына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.

Ту...ан жер таби...аты хал...ымыздың ұлт...ық мақтан...шы.

*2-кәртiшке:* Көп нүктенің орынына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.

Табиғат...ы а...лап қор...ауға үлес қ...су – біздің азама...тық борышымыз.

*3-кәртiшке.* Сөйлемнің дұрыс, бұрысын анықта.

1) Табиғат пен адам – біртұтас.

2) Табиғат халық қазынасы емес.

3) Су бар жерде – тіршілік жоқ.

4) Орман ауаны тазартады.

*Ой толғау (оқушылар берілген сұраққа бірнеше жауап дайындайды).*

Мұғалім: - **Табиғатқа нелер зиянды деп ойлайсыңдар?**

*Жауаптар:*

1) Табиғатқа зиянды нәрсе адамның тіршілік заңын жақсы білмеуі;

2) Табиғатқа зиянды нәрсенің бір көзі – автокөліктер;

3) Адамдардың көбі табиғатқа жанашырлықпен қарамайды. Мысалы, су жағасына қоқыс үйіндісін төгеді; демалуға барғанда отырған орындарын жинамай кетеді.

- **Табиғатты қорғаудың жолдары қандай?**

1) Табиғи орынды сақтау, ауаны, суды ластамау;

2) Табиғатты аялап ұстау, бүлдірмеу;

3) Табиғи ортаны таза ұстау, бұлақ көздерін ашу.

*Лексика-грамматикалық тест орындау.*

1. Табиғат адамдардан...

А) қамқорлық қажет етпейді;

Ә) қамқорлық күтеді;

Б) қамқорлық талап етеді.

2. Табиғатты сақтау үшін ...

А) улы заттар көп болу керек;

Ә) адам табиғатқа қамқорлық жасауы қажет;

Б) мән бермейді.

3. Адам мен табиғат ...

А) бөлек дүние; Ә) айта береді; Б) бөлінбейтін дүние.

**V. Сабақты кластер арқылы қорытындылау.**



- Сонымен, балалар, **табиғатты қорғау дегеніміз** — адамның азаматтық борышы дей келе, мына өлең жолдарын мәнгерлеп оқиық:

Табиғатты қорғау үшін бәріміз

Күресейік, бір-бір ағаш егейік.

Текке отырмай, жасымыз бен кәріміз

Таза ауа үшін терімізді төгейік.

**VI. Үйге тапсырма.**

1) Жаңа сөздерді жаттау.

2) Табиғат туралы мақал-мәтелдерді тауып, жаттау.

3) I деңгей. «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына шағын шығарма жазу.

**VII. Бағалау.**

# СӨЙЛЕМ ҚҰРАУДЫ БІЛГІЗГЕН – МЕНІҢ ҚАЛАМ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – тақырып бойынша білімдерін толықтыру, сөздік қорларын молайту, грамматикалық тақырыппен байланыстыру; **дамытушылық** – сөз тіркесі, сөйлем құрай білу қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу және сауатты жазу қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – өз туған жерін, туған өлкесін сүйуге, мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Оқушы нені білуі тиіс:** тақырып бойынша өтетін сөздерді, септік жалғауларын орынды қолдануды, диалог құрастыруды, сөз тіркесін, сөйлем құрауды білу.

**Оқушы нені игеруі қажет:** мәтін бойынша сұрақ құрастыруды, сұрақтарға дұрыс жауап беруді игеру.

**Типі:** саяхат сабақ. **Түрі:** жаңа білімді меңгеру сабағы.

**Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география, әдебиет.

**Әдістері:** сұрақ-жауап, әңгіме, көрнекілік, топтастыру.

**Көрнекіліктер, техникалық құралдары:** интерактивті тақта, киіз үй, таңбалар, тапсырмалар, «Қостанай» әні.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу;

Сыныптың, тақтаның тазалығына көңіл бөлу;

Жоқ оқушыларды белгілеу, анықтау;

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**II. Жаңа тақырыпты меңгеруге дайындық кезеңі.**

Сұрақтарға жауап беру:

- Біз қай мемлекетте тұрамыз?

- Қазақстанның астанасы қай қала?
- Қазақстанның оңтүстік астанасы қай қала?
- Қандай қалаларды білесіңдер?

(«Қостанай» әнін тыңдап, тақырыпты ашу).

Сабақтың тақырыбымен таныстырып, мақсатын, барысын айту. Сабақ барысында жақсы жұмыс істеген балаларға Қостанай қаласының таңбасы беріліп отырады, сабақ соңында көп таңба жинаған оқушы жақсы бағаланады. Сабақтың саяхат түрінде өтетіндігін айтып, саяхат картасымен таныстыру.

- Саяхатқа өз туған жеріміз, туған өлкеміз – Қостанай жеріне аттанамыз (Қазақстан картасынан Қостанай облысының, Қостанай қаласының аумағын тауып, республиканың солтүстігінде орналасқаны жөнінде айту).

- Балалар, «Туған жер – алтын бесік» дегенді қалай түсінесіңдер? Туған жер туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер? (*Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас. Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен де жақсы. Отансыз адам - ормансыз бұлбұл. Туған жердің ауасы да шипа*). Аталған мақалдар негізінде өз туған жерін, атамекенін сүйеге, мақтан етуге шақыру.

- Жақсы, балалар, автобусқа отырып, саяхатқа аттанамыз.

### **III. Жаңа тақырыпты меңгеру кезеңі.**

**1-аялдама – «Сөздік алқабы».** Мұнда біз жаңа сөздермен танысамыз.

*Астықты өлке – хлебный край;*

*мәдениет – культура;*

*өлкетану – краеведческий;*

*тұңғыш – первый;*

*ағартушы – просветитель.*



- сөздерді оқып шығу;
- хормен оқу, тізбектеп оқу;
- тән дыбыстарды тауып, сипаттама беру;
- сөз тіркесін, сөйлем құру;
- сәйкестендіру;
- дәптерге жазу.

**2-аялдама – «Тарих беттерінен».** Мұнда біз мәтінмен танысамыз, мәтінді оқып, аударамыз.

Менің қалам – Қостанай.

Қостанай Тобыл өзенінің сол жақ жағасында 1879 жылы салынған. Қостанай жерін астықты өлке дейді. Облыс 200 мың шаршы километр жерді алып жатыр.

Қостанай – мәдениет орталығы. Онда мектептер, медицина колледжі, педагогика институты, қазақ және орыс драма театрлары, филармония, кинотеатрлар, мәдениет сарайы, өлкетану мұражайы бар.

Қостанайда қазақтың тұңғыш педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсарин дүниеге келген. Біздің қаламызда Ыбырай Алтынсаринге мұражай ашылып, ескерткіш орнатылған.

Қостанай – шағын, таза қала.

- мәтінді ұнтаспадан мұқият тыңдау, не туралы айтылғанын сұрау;
- тізбектеп оқып, аудару;
- жаңа сөздерді табу;
- түсінгенін айту.
- Анастасия қосымша мәліметтермен толықтырады:

1868 жылы Торғай облысын құру туралы шешім қабылданады. Оның губернаторы болып А.П.Константинович тағайындалады. 1870 жылы Урдобай-Тоғай қаласын салу жоспарланады, бірақ губернаторға қаланың салынатын жері ұнамағандықтан, қаланы Тобыл өзенінің жағасына салу

жоспарланады. Басында қала Ново-Николаевск деп аталса, соңынан Қостанай болып өзгертіледі. 1881 жылы «Большая» көшесі (қазіргі Әл Фараби көшесі) және Шакировка слободка (Наримановка) салынды. 1884 ж. Ы.Алтынсарин 2 класты училище ашады.

#### **IV. Жаңа материалдан түсінгенін тексеру кезеңі.**

**3-аялдама - «Сұрақтар сайы».** Бұл аялдамада сендер мәтін бойынша сұрақ құрастырып, жауап бересіңдер. (Оқушылар қағазға мәтін бойынша сұрақтар жазып, киіз үйге салады. Әр оқушы алып, сұрақтарға жауап береді).

**4-аялдама - «Грамматика көпірі».** Бұл аялдамада топ сұрақтарына жауап береміз.

1-топ: - Зат есім дегеніміз не?

- Барыс септігінің жалғауларын ата.
- Табыс септігінің сұрақтары қандай?
- *Тобыл* сөзін септе (тақтада).

2-топ: - Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?

- Жатыс септігінің жалғауларын ата.
- Көмектес септігінің сұрақтары қандай?
- *Педагог* сөзін септе (тақтада).

**5-аялдама - «Тапсырмалар бекеті».** Мұнда біз мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар орындаймыз.

*Жасыл түсті - III деңгей.* 1. Мәтінді толықтырып оқу.

...останай \_\_\_\_\_ өзенінің сол жақ жағасында 1879 жылы \_\_\_\_\_ салынған. Қостанай ж...рін астықты \_\_\_\_\_ дейді. Облыс \_\_\_\_\_ мың шаршы километр жерді алып жатыр

Қостанай – \_\_\_\_\_ орталығы. Онда м...ктептер, медицина колл...джі, педагогика \_\_\_\_\_, қазақ және ор...с драма театрлары, филармония, кинотеатрлар, мәдениет \_\_\_\_\_, өлкетану \_\_\_\_\_ бар.

Қостанайда қазақтың т...ңғыш педагог – ағартушысы \_\_\_\_\_ дүниеге келген. Біздің қаламызда Ыбырай Алтынсаринге \_\_\_\_\_ ашылып, ескерткіш орнатылған.

Қостанай – шағын, \_\_\_\_\_ қала.

2. Сөйлемді аудару: Қостанайда қазақтың тұңғыш педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсарин дүниеге келген.

3. Мәтіннен зат есімдерді көшіріп жазу.

*Көк түсті - II деңгей.*

1. Мәтін бойынша диалог құру.

2. «Қостанай» сөзін септеу.

3. Сөйлем құрап жазу.

Таза, Қостанай, шағын, қала.

Қостанай, орталығы, мәдениет.

Жерін, Қостанай, өлке, астықты, дейді.

*Қызыл түсті - I деңгей.*

1. Қостанай қаласы туралы әңгімелеу.

2. Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді теріп жазу.

3. Ағартушы сөзіне бес жолды өлең жазу.

## V. Бекіту кезеңі.

**6- аялдама – «Бекіту шыңы».** Кластер толтыру.

1879 ж. салынған

Тобыл өзені әдемі

таза

шағын

астықты өлке

Менің  
қалам

200 мың ш.к.

мәдениет орталығы

Ы.Алтынсарин туған

театр, мектеп бар

- Кластер бойынша әңгімелеу, бекіту.

## VI. Қорытынды, бағалау.

- Сонымен, саяхатымыз аяқталды, бүгін сабақта не жөнінде айттық, не білдік, не үйрендік? Сабақ соңында көңілдерің қандай? (Көңілді, орташа, көңілсіз). Әр оқушының жинаған таңбаларын санап, бағалау.

**VII. Үйге тапсырма:** жаңа сөздерді жаттау, *ағартушы* сөзін септеу.

# ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ ПЫСЫҚТАЛУЫ

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – балаларға жаңа сабақты түсіндіру, тәуелдік жалғауы туралы алған білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, ой-өрісін, тілін дамыту; **тәрбиелік:** адамгершілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру.  
**Көрнекілігі:** кесте, суреттер, слайд.

## Сабақ барысы.

1. *Ұйымдастыру.*

2. *Үй тапсырмасын сұрау.*

1. «Менің бөлmem» тақырыбында салған суреттерін тексеру.

2. Сурет бойынша 1-2 сөйлем құрастыру.

3. *Жаңа сабақ.*

**1-тапсырма.** *Мәтінді оқы (Тізбектеліп оқу)*

Бұл – менің бөлmem. Бөлме үлкен. Бөлмеде бір үстел, бір диван, екі орындық және бір шкаф бар. Үстел үстінде кітаптар жатыр. Қасында екі орындық тұр. Орындықтың астында мысық жатыр. Менің бөлmem таза.

**2-тапсырма.** *Сөйлемдерді толықтырып жаз.*

Менің қарандаш... үстелде жатыр. Сенің қалам... сөмкенде. Оның дәптер... партаның үстінде жатыр.

Керекті жалғаулар: -ым, -ың, -і.

**3-тапсырма. Түсіп қалған әріпті тап:**

...ліппе, ...лгек, ...рімшік,

б...лме, ...алам, ...ріп,

...йрек, ес...к, ...арындаш.

**Сергіту сәті.**

Қолды белге қояйық,

Басты оңға бұрайық,

Басты солға бұрайық,

Бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз демалып қалайық.

**4-тапсырма.** Сөздерді аударып, сөйлемдерді толықтырып айт.

(На полу) кілем жатыр. (тұр)

Бір бұрышта кереует (стоит). (гүлдер)

Терезеде (цветы) тұр. (еденде)

**5-тапсырма.** Тәуелдік жалғауын қайталап жіберейік.

Жекеше

	мысық	кітап
I жақ Менің		
II жақ Сенің		
Сіздің		
III жақ Оның		

**6-тапсырма.** Сөйлем құрап үйрен.

Бөлме, ойыншық.

**7-тапсырма.** Сәйкестендір

Перде	бұрышта ілулі тұр.
Сөрелер	терезенің алдында тұр.
Гүлдер	жарда ілулі тұр.
Суреттер	терезеде ілулі тұр.

**8-тапсырма.** Адасқан сөздерді орынына қой.


Менің тап-таза бөлмем (Менің бөлмем тап-таза).

Ойыншықтар жатыр бөлмеде (Ойыншықтар бөлмеде)

жатыр).

Терезенің гүл алдында тұр (Терезенің алдында гүл тұр).

#### 4. Бекіту.



#### 5. Үйге тапсырма: 71-бет, 4-тапсырма.



**Қадиша САДЫҚОВА,**

Астана қаласындағы

КЕБМ Экономикалық лицейінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## СӨЙЛЕМ ТАЛДАУДА – ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – оқушылардың қазақтың ұлттық киімдері туралы алған мағлұматтарын естеріне түсіре отырып, білімдерін бекіту; **дамытушылық** – сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге, өз бетімен жұмыс істеуге үйрету, сөздік қорын дамыту және қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілді

кұрметтеуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, салт-дәстүрі мен өнеріне қызығушылықтарын арттыру.

**Грамматика:** фонетикалық талдау, сөздерді жіктеу, сөйлем талдау.

**Түрі:** интерактивті сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, этнография. **Көрнекіліктері:** интерактивті тақтада бейнеленген әр ұлттың ұлттық киімдері, қазақтың ұлттық киімдері (шапан, қамзол, сәукеле, тұмақ, т.б.) және қазақтың ұлттық киімдеріне жасалған слайд және фильм, флипчарттар.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Амандасу, түгелдеу.

**Сабақтың тақырыбын көрініс арқылы ашу.**

**Шағын «Қоржын ашу» көрінісі.**

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымызға келген қонақ не әкелді?

- Бұл қай халықтың ұлттық киімі?



- Бүгін біз не туралы әңгімелейміз?

- Дұрыс, біз алдыңғы сабақта алған білімдерімізді жинақтаймыз және қазақ ұлттық киімі туралы не айтылғанын білеміз? Сонымен сабақтың тақырыбы: **Сөйлем талдауда – ұлттық киімдер.** Оны біз сабақ барысында дәлелдейміз.

Сабақта жеке және жұппен жұмыс жасаймыз. Сабақ соңында жазбаша және компьютерде алған білімімізді жинақтаймыз.

- **Ұлттық киім дегеніміз не? Ол – белгілі бір халықтың киімі.** Қазақ халқының ұлттық киімдерін сонау он тоғызыншы ғасырдың басында тарихшылар Бартольд, одан қалды Потанин және Ш.Уәлихановтар зерттеген.

# Ұлттық киімдер



**Шапан** негізінен *тік жағалы* немесе *қайырма жағалы* болады. Шапан: *сырмалы шапан*, *қаптал шапан*, *қималы шапан* деп бөлінеді.



**Ішік** – аң терісінен немесе мал терісінен тігілетін қыстық киім. Ішіктер *аң* терісіне қарай қасқыр, құндыз және түлкі ішік болып бөлінеді.

**Көйлек** екі, үш етекте болады. Тік етек пен кең етек көйлекті әжелер, бүрмелі көйлекті жас қыздар мен жас келіншектер киеді.


**Қамзол** - жеңсіз жеңіл киім. Қамзолды қалың матадан, жібіктен, мақпалдан, атластан тігеді.

### Сөзжұмбақ шешу.

1. Әйелдер де, ер кісілер де киетін бас киім. *Бөрік*
2. Ерлердің қыстық бас киімі. *Тымақ*
3. Қалыңдық бас киімі. *Сәукеле*
4. Жас келін балалы болған соң киетін бас киім.

*Кимешек*

5. Тұрмыс құрмаған қыз балалар киетін бас киім. *Тақия*
6. Орамал тәрізді тоқылған әйел бас киімі. *Шәлі*
7. Елбасы, ел ағалары киетін қалпақ түрі. *Мұрақ*



**Тымақ** – аңның немесе малдың терісінен тігілетін қыстық бас киім. Тымақты терісіне қарай: түлкі тымақ, елтірі тымақ деп атайды. Тымақтың төбесі биік және екі құлағы болады.

**Тақия** - жеңіл бас киім. Тақияның түрлері көп. Биік төбелі, тегіс төбелі және үшкір төбелі тақия. Тақияны жібіктен және қыжымнан тігеді.

**Сәукеле** – қалыңдықтың бас киімі. Сәукелені қымбат матадан тігеді және асыл тастармен әшекейлейді. Сәукеленің төбесіне желек тағады және үкі қадайды.

Қазақ халқы киімдерді құрметтеген және олар туралы тыйым сөздер айтқан, соларды еске алайық.

Интерактивті тақтада киімге байланысты тыйым сөздерді жұптастыру.

Бас киімді	тамақ дайындамайды.
Бас киімді	қоймайды.
Бас киімсіз	іліп қояды.
Бас киімді	сол қолдан бастап шешеді.
Киімнің жағасын	жерге тастамайды.
Киімді оң қолдан бастап киеді,	сатпайды
Аяқ киімді төңкеріп	баспайды.
Аяқ киімді	қарамайды
Аяқ киімнің табанына	айырбастамайды
Бас киімді	теріс кимейді

**Бейнефильммен жұмыс.** Әр оқушыға үш киімді, үш бас киімді және үш әшекей бұйымды атау тапсырылады.

**Деңгейлі тапсырманы орындау.**

**Мәтінді түсініп оқындар және деңгейлі тапсырмаларды орындаңдар.**

Қазақ халқының киімдері төзімді, ыңғайлы, қарапайым және әдемі болған. Мұндай киім киген адамға қыстың қаһарлы аязы, жаздың аптап ыстығы, күздің қара суығы қорқынышты болмайды. Қазақтың ұлттық киімдерінің жасалуы туралы Сәбит Мұқанов былай деп жазады: «Адамға ауа райының қолайсыз жағдайынан қорғану үшін және әдемі болу үшін де киім қажет. Ертедегі адамдар киімді аң және мал терісінен жасаған. Қазақтар ішкі-сыртқы киімдерді жүріп-тұруға ықшамдап тіккен».

*Төзімді – прочная; қапарлы – суровый;*  
*Аптап – знойный; қара суығы – сильные холода;*  
*Қолайсыз – неудобный; ықшамдап – аккуратный;*  
*Тіккен – сшили; қорқынышты – страшный.*

### **III деңгей. Сөйлемді мәтін негізінде толтырындар.**

1. Қазақ халқының киімдері қандай болған?
2. Қазақтың ұлттық киімдері туралы кім айтқан?
3. Адамға киім не үшін қажет?
4. Қазақтар ішкі-сыртқы киімдерді қалай тіккен?

**II деңгей.** Қазақтың ұлттық киімдерінің жасалуы туралы  
С.Мұқанов не деген? Айтып бер.

**I деңгей.** Мәтінді қысқаша әңгімелеп бер.

**Жас ерекшеліктеріне қарай баланы, қызды, ата мен  
әжені және ұл мен қызды киіндіру.**

- Ал, енді, балалар, грамматиканы пысықтаймыз.

Етістіктің райлары: ашық рай, шартты рай, бұйрық рай,  
қалау рай.

*Ки, ал, пайдалан, сатып ал* етістіктерінен қалау және  
шартты рай формасын жасау.

2-тапсырма. Ашық райда тұрған етістіктердің шақтарын  
анықтаңдар.

1. Сәукеле қазақтың ұлттық киімдерінің ішіндегі ең  
қымбат және сәнді киім болып саналады.

2. Ертеде шеберлерге бір сәукелені жасауға бір жыл уақыт  
кеткен.

3. Сәукеле мақпалмен тысталып, арнайы зерлі моншақ  
бұйымдармен әшекейленеді.

4. Сәукеленің биіктігі 25-50 сантиметр аралығында  
болады.

Сәукеленің төбе ұшына міндетті түрде үлпілдеген үкі  
қауырсыны тағылады.

**Қорытынды.**

**Оқушыларды бағалау.**

**Үйге тапсырма:** III деңгей: киім туралы үш мақал жазу және жаттау; II деңгей: киім туралы мақалдың мағынасын түсіндір; I деңгей: «Ұлттық киім – халық мұрасы» тақырыбына эссе жазу. Көлемі: 9-12 сөйлем.



Күлпан ТРАНОВА,  
Ақтөбе облысының  
Қандыағаш қаласындағы  
№2 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## САН ЕСІМНІҢ ЖАЛҒАУЛАРЫ

*(6-сынып, Қанат Ибрагимовтың «Қазақ тілі»  
оқулығы бойынша)*

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – сан есімнің түрленуі туралы түсіндіру, ”Саудагер мен тотықұс” мәтінімен таныстыру; **дамытушылық** – өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға ықпал ету, өз ойын еркін жеткізуге баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды достыққа тәрбиелеу, тілге деген қызығушылықтарын ояту.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** мұғалімнің сөзі, кітаппен жұмыс, әңгімелесу, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс.

**Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, кесте, карта. **Пәнаралық байланыс:** жағрафия, математика.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасу, әнұран айтқызу, оқушыларды түгелдеу, кабинет дайындығын тексеру.

**II. Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Сәлеметсіңдер ме, балалар!  
Бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Бүгін біз сан есім тақырыбын қорытындылаймыз және оларды түрлендіреміз. Сабаққа жұмыла, белсенді қатысуларыңды сұраймын. Менің алдыма қойған мақсатым: тапсырмалар арқылы сендердің сан есім туралы алған білімдеріңді тексеру.

Сабағымыздың ұранын хормен айтайық.

Бәріміз бір топпыз,

Жалқаулыққа жоқпыз.

Аянбай еңбек етеміз,

Мұратымызға жетеміз.

Бір-бірімізге тірекпіз,

Бірге соққан жүрекпіз.

**I тур. Проблеманы шешу.**

- Балалар, мен сан есімге кластер құрып едім, шатастым, сендерге өтініш: сан есімнің ережесін құрап беріңдерші.

?

?

Сан есім

?

?

1. Қанша? Неше? Нешінші?

2. Тұйық, ашық, бітеу.

3. Қандай деген сұраққа жауап береді.

4. Реттік, топтау, есептік, жинақтық, бөлшектік, болжалдық.

5. Түрді, түсті білдіреді.

6. Мысалы: төрт, алты, он екі.

7. Дара, күрделі болып бөлінеді.

**II тур. Ойлан, тап.**

- Балалар, енді біз реттік сан есімді қайталайық. Реттік сан есімнің жасалуы туралы кім айтады?

**III тур.**

- Балалар, сендерге есептер беріледі. Сол есептерді шешіп, жауабын табуларың керек.

+ қосу \* көбейту = тең болады.

- алу / бөлу

$12+14=?$        $21-1=?$        $36/6=?$        $14*2=?$

### **Сергіту сәті**

Бір, екі, үш

Қарлығаштай ұш.

Төрт, бес, алты

Қарлығаштай қалқы.

Жеті, сегіз, тоғыз, он,

Өз орыныңа қон!

**IV тур. Мақал-мәтел – халық даналығы, сөз маржаны.**

Тақтада мақалдар берілген, осы мақалдардың сандары бар. Солардың сандарын дұрыс табуларың керек.

..... теңгең болғанша, ..... досың болсын.

.....рет өлшеп, ..... рет кес.

Білекті ..... жығар, білімді ..... жығар.

.....саусақ бірдей емес.

### **V тур. Ал, санайық.**

*Жұмбақ.*

1. Табақта – жеті алма,

Қолымда – жеті алма.

Қосқанда барлығын

Болады неше алма?

2. Исада бар екі гүл,

Настяда бар екі гүл,

Саматта бар екі гүл,

Женяда бар екі гүл,

Қоссақ барлық гүлдерді

Нешеу болды шешуі?

*Ішінде саны бар сөздер*

*Слова с числительными*

1 – білім ал,

2 – ерлік көрсет,

3 – үлгі тұт,

4 – тәртіп керек,

5 – бестік баға ал,

6 – алғыр бол,

7 – жеңіс біздікі,

8 – сенім керек,

9 – тоқу керек,

10 – оқу керек.

- Жарайсындар, балалар! Енді келесі турымызды бастайық. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?

- Септік, тәуелдік, көптік, жіктік.

- Бес деген сан есімді түрлендірейік.

### III. Мұғалімнің сөзі.

- Бүгін, балалар, «Саудагер мен тотықұс» деген әңгімені өтеміз, алдымен сөздердің этимологиясымен танысайық.

Саудагер – сауда жасайтын адам.

Тотықұс – жылы жақтарда өмір сүретін құс.

Интербелсенді тақтадан Үнді елі туралы және тотықұс туралы бейнекөрініс көрсетіледі.

1. Мәтінді рөлге бөліп оқу;

2. Мәтінді орыс тіліне аудару;

### IV. Мәтіндегі сан есімдерді тауып, талдау жасау.

Бір – қанша? есептік сан есім.

Бірінде – қашан? і – тәуелдік жалғау III жақ+жатыс септігі.

Үшеуіңе – нешеуіңе? жинақтық сан есім III жақ+барыс септік.

Үшеуімізге – нешеуімізге? жинақтық сан есім.

Бір-бірден – қаншадан? топтау сан есім.

Төртеуінің – нешеуінің? жинақтық сан есім.

Он екі-он үш – қанша? болжалдық сан есім.

Біреуіне – нешеуіне? жинақтық сан есім.

Біреуі – нешеуі? жинақтық сан есім.

Екі-үш – неше? болжалдық сан есім.

*Кітаптан жұмыс. 3-тапсырма.*

1. Д; 2. Д; 3. Д; 4. Д; 5. В; 6. Д; 7. В.

4 тапсырма. Тест тапсырмалары:

1. В; 2. С; 3. В; 4. С; 5. А.

**V. Мұғалімнің қорытынды сөзі.** Осы әңгіме бойынша оқушылардың ойларын тыңдау.

**VI. Үйге тапсырма.** Мәтінді мазмұндау.



**Шолпан СЕЙСЕНБАЕВА,**

**Тараз қаласындағы**

**№23 орта мектептің**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

## **СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҚОНАҚ КҮТУ РӘСІМІ**

**Мақсаты: білімділік** – «Отбасы» тақырыбы бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау, жаттықтыру, өз ойларын жеткізе білу; сөйлеу ортасын қалыптастыру; тілдік материалдарды меңгеру; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, танымдық, ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; **тәрбиелік** – жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы зор қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі – қонақ күтумен таныстыру, насихаттау.

**Типі:** тақырыпты меңгерту. **Түрі:** дәстүрлі емес. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, сөйлестіру, ойландыру. **Көрнекілігі:**



суреттер, буклет, кітап көрмесі, киіз үй макеті, «Қазақ отбасы», «Қонақ күту» көрінісі.

### **Сабақтың жоспары:**

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Сабақтың тақырыбы мен мақсаты.
3. Өткенді еске түсіру. Үй тапсырмасын тексеру.
4. Жаңа сабақ.
5. «Қазақ отбасы» көрінісі.
6. Грамматикалық тапсырмалар.
7. Бекіту.
8. Үйге тапсырма.
9. Қорытындылау. Оқушыларды бағалау.

*Алыстан «алаш» десе, аттанамын,*

*Қазақты қазақ десе мақтанамын.*

*Болғанда әкем – қазақ, шешем – қазақ,*

*Мен неге қазақтықтан сақтанамын?! (С.Торайғыров).*

### **Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Қонақтарды қарсы алу;

Б) Сәлемдесу.

2. Сабақтың тақырыбы:

- «Отбасы» тақырыбы бойынша білімімізді қорытындылап, жаңа тақырып бастаймыз.

Жаңа тақырыбымыз «Сөйлеу мәдениеті мен қонақ күту рәсімі» деп аталады.

3. Өткенді еске түсіру. Үй тапсырмасын сұрау.

А) Қазақ отбасында ата-ана, әке-шеше, жалпы үлкендер ұрпағына, жастарға, балаларға нені үйретеді, үлгі-өнеге етеді?

- Ата-ана ата-тегін, жеті атасын, ел-жерінің тарихын үйретуі қажет.

- Ата-ана баласын үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға баулиды.

- Алыстан қонақ келсе ауыл ақсақалдарын, көршілерді

шақырады.

- Олжасын жолдастарына, көршілеріне ұсынады.

- Қыз баланы төрге отырғызады.

- Қазақ халқының басқа да көптеген салт-дәстүрлерімен таныстыру, маңызын түсіндіру, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру.

- Халқымыздың қонақжайлылығын мақтан ету.

Б) «Отбасы» тақырыбына мақал-мәтелдер:

1. Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер.

2. Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

3. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.

4. Отбасы толған жансың, бір-біріңе мейман жансың.

5. Үлкенді сыйласаң – қадірлі боласың, кішіні сыйласаң – құрметті боласың.

В) «Отбасы» өлеңін жатқа айту.

Жаңа тақырыпты енгізу.

**4. Жаңа сабақ: «Сөйлеу мәдениеті мен қонақ күту рәсімі»**

«Қонақ келсе үйіне,

Жалғыз қойын соятын,

Барын алға қоятын

Біздің халық – ер халық», - деп ақын жырлағандай, қонақжайлылық – қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінің бірі, сонымен қатар адамдар арасында сыйластықты, қамқорлықты, адамгершілікті, имандылықты айқындайтын қасиет.

**Қонақжайлылық: қонақ, қонақасы, қонақкәде.**

**А) Қонақ күту:**

Қазақ халқы – ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық, қонақты жылы шыраймен қарсы алып, шығарып салуға ерекше мән берген.

«Қонақпен бірге құт, ырыс келді» деп түсінген. Қонақты «арнайы қонақ», «құдайы қонақ» (жолаушылап, түнеп

шығатын), «қыдырма қонақ» (алыстан ағайын, туыстарын іздеп келіп, бір немесе бірнеше күн болып, олардың сый-құрметін көріп қайтатын қонақ).

Келген қонаққа, дастарқанға бар дәмдісін қойып, жақсылап күтіп, риза етеді. Мал сойып, малды сояр алдында қонақтың батасын алады. Шай, қымыз бергенде, қыз бала немесе келін ыдысты салдырлатпай, әдеппен беруі керек. Сыйлы қонаққа малдың басын тарту – ел дәстүрі. Ол – адам әлемді баспен билейді деген ұғымды білдіреді.

Қонақ тамақ ішіп болған соң, ауыл адамдары (әсіресе, жастар) ауылдың алты ауызын айтып, қонақтың көңілін көтереді. Кезекті қонаққа береді. Бұл рәсім «Қонақкәде» деп аталады. Қонақты аттандырар кезде, одан «бұйымтай» сұрайды. Дәстүр бойынша, үй иесінің аты, мылтығы мен итінен басқа кез келген затты сұрауына болады.

Қонақ күту – халқымыздың ең жауапты ісі, өскелең ұрпақты жастайынан көпшіл, мейірімді, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқоршы болуды үйретуге өте зор ықпалын тигізген. Дастарқаны мол, пейілі кең қазақ халқының қонақжайлылығын бұрын ғалымдар, саяхатшылар жоғары бағалаған.

Б) мына дәстүрлерге тағы да көңіл аударайық:

- |                   |                             |
|-------------------|-----------------------------|
| 1. Сүйінші.       | 6. Бұйымтай.                |
| 2. Сәлем беру.    | 7. Ат мінгізіп, шапан жабу. |
| 3. Қонақжайлылық. | 8. Сәлемдеме.               |
| 4. Қонақасы.      | 9. Бата.                    |
| 5. Қонақкәде.     |                             |

**5. «Қазақ отбасы» - көрініс.** Киіз үй ішінде отырған қазақ отбасы.

(Жоғарыда аталып кеткен әдеп-ғұрыптарды көрсетеді).

**6. Грамматикалық тапсырмалар.** Оқулықпен жұмыс.

А) берілген сөйлемдерді оқып шығу. 49-50-б.

Б) Қонақ күтуге байланысты деректерді айтып беру.

7. Бекіту.

А) берілген сөйлемдерді оқып, еркін орысшаға аудару.

Б) «Қонақ» сөзіне түбірлес сөздерді теріп жазу.

8. **Үйге тапсырма:** 1) «Қонақ күту» рәсімі – сенің отбасыңда; 2) «Қонақ сыбағасы» мәтінін оқып, мазмұнын айту.

9. Сабақты қорытындылау. Оқушыларды бағалау.



Рита АМАНЖОЛҚЫЗЫ,

Орал қаласындағы

№7 жалпы орта білім

беретін мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## ЖАМБЫЛДЫҢ АЙТЫСКЕРЛІГІ МЕН ОЙЛАУ ШЕБЕРЛІГІ

**Сабақтың мақсаты:** а) Жамбыл Жабаев өмірі және шығармашылығымен оқушылардың білімдерін толықтыру; Құлмамбет пен Жамбыл айтысынан мағлұмат беру; ә) ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін тірек-кестелер арқылы өз бетімен жұмыс істеуге ынталандыру, қызығушылықтарын арттыру; б) Отанын, елін, жерін сүюге, адамгершілікке, поэзия, сөз өнері дүниесіне сүйіспеншілігін арттыру.

**Әдісі:** баяндау, салыстырмалы, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** электрондық оқулық, кестелер, «Тау мен дала жыршысы» презентациясы.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру бөлімі.

А) оқушыларды түгелдеу.

ә) тыңдалым (өткен тақырыпқа шолу.)

1. Әдебиет дегеніміз не?

2. Қандай лиро-эпостық жырларды білесіздер?

3. «Құтадғу білік» кімнің дастаны?

4. *Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,*

*Әуре етеді ішіне қулық сақтап*

*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар*

*Ақылың мен еңбегің екі жақтап.*

Кімнің өлеңі?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

I деңгей. III. Құдайбердіұлы туралы әңгімелеп, өлеңін жатқа айту, өлеңді талдау, идеясын ашу.

II деңгей – кесте толтыру:

а) Венн диаграммасы бойынша Абай мен Шәкәрім өлеңдерін салыстыру.

ә) «Адамдық борышың» өлеңін топтастыру стратегиясы бойынша жинақтау.

III деңгей. Интерактивтік тақта бойынша тест.

Үй тапсырмасын мынадай кесте арқылы қорытындылау.

Үй тапсырмасын тексергеннен кейін проблемалық сұрақтар арқылы жаңа сабақтың тақырыбы ашылды.

Жаңа тақырыптың эпиграфымен танысамыз.

2. Сабақтың мақсатымен қысқаша таныстырылды.

3. Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына тоқталып, топтастыру әдісімен кесте бойынша түсіндірілді.

4. Мұнан кейін интерактивтік тақтадан «Тау мен дала жыршысы» презентациясын көрсету. Бұл презентацияда мынадай суреттер көрсетілді: Жамбылдың алғашқы ұстазы, Жамбыл туған тау бөктері, Жамбылдың мұражайы, Жамбыл жауынгерлермен бірге, Жамбылдың Дина Нұрпейісовамен кездесу сәті, Жамбылдың үрім-бұтақтары, ақын өмірінің соңғы жылдары, т.б.

5. Келесі электрондық оқулықпен жұмыс болды. Мұндағы мақсат – оқушылардың көру, есту қабілеттерін арттыру.

Оқушылар тыңдағаннан кейін мәтін бойынша жоспар құрастырды:

1. Жамбыл Жабаевтың балалық шағы.
2. Жамбыл Жабаевтың қолына домбыра алуы.
3. Жамбыл Жабаевтың Сүйінбайдан бата алуы.
4. Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы, жеңісі.
5. Жамбыл – Жетісудің атақты ақыны.
6. Айтыс туралы әңгімелеу.

- Айтыс дегеніміз не?

- Айтыс – сөз майданы, жыр айдыны, ой ұшқырлығы, қазақ сөз өнерінің мектебі.

7. Айтыстың түрлеріне тоқталу.

8. Оқушылар топтастыру стратегиясы бойынша айтыскерге тән қасиетті толтырды.

8. Жамбыл мен Құлмамбеттің айтысынан үзінді оқылып, Жамбылдың халқы үшін сөйлеген жалынды сөздерімен жеңгені туралы айтылады.

9. Венн диаграммасы бойынша оқушылар бұрынғы айтыспен қазіргі айтысты салыстырды.

10. Ойқозғау .

- Бізге айтыс керек пе?

- Не үшін ? Қазір жалғасын тапты ма?

- Қазіргі атақты ақындардан кімдерді білесіздер.

11. Қорытынды.

Ақын – елдің еркесі, көңілдегісін батыл айтқан. Айтыскер ақындарымыздың көтерген мәселелерін түсініп, көкірегімізге түйіп жүрсек, біздің рухани өсуімізге ықпалы зор таптырмас жолы болып саналады.

12. Үй тапсырмасы. «Жамбыл Жабаев – айтыскер ақын» тақырыбына реферат. Жамбыл мен Құлмамбет айтысы туралы түсінік.

Ақбаян КӨПТІЛЕУҚЫЗЫ,  
Алматы облысының  
Іле ауданындағы  
№19 орта мектептің мұғалімі.

# БІЛІМ, БІЛІК ДАҒДЫЛАРЫ ЖӘНЕ АНАЛИЗ БЕН СИНТЕЗ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлеу әуездігін арттыру, мәтіннің мазмұнын ашуға жағдай жасау; **дамытушылық** – ой шақыру стратегиялары арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып, анализ, синтез жасауға көмектесу; **тәрбиелік** – еліміздің табиғатын, жерін, халқын құрметтейтін елжанды азаматтардың қалыптасуына ықпал ету.

**Типі:** жаңа сабақ. **Әдіс:** эвристикалық тапсырмалар, сұрақ-жауап, ой бөлісу, ықпал ету. **Пәнаралық байланыс:** география, әдебиет, тарих. **Сабақтың нысандары (формалары):** бейнефильм, слайдтар, проектор, тақырыптық суреттер, үлестірмелі материалдар. **Танымдық материалдар:** Қазақстанға шолу, электронды оқулық, М.Жанпейісованың «Дамыта оқыту» ойыны.

**Сабақтың барысы:**

## I. Ұйымдастыру кезеңі.

Сабақтың мақсатын оқушылармен бірлесе отырып анықтау.

Қазақ тілі сабағының қандай болып өткенін қалайсындар?

Қазақ тілі сабағында қандай жұмыс түрлері ұнайды?

## **II. Өткенді тиянақтау.**

Танымдық, топтық тапсырмаларды ұсыну.

Қазақстан жерінің ең биік нүктесі (таулар).

Қазақстанның табиғаты, Алтай орманы.

Өсімдіктер мен көлдер (өсімдіктердің 6 мың, құстардың 500, балықтардың 107, жабайы аңдардың 178 түрі бар).

## **III. Жаңа сабаққа кіріспе:**

«Қазақстанның көркем жерлері» (бейнефильм).

Астана мен Көкшетау Қазақстанның қай экономикалық аймақтарында орналасқан?

Астана мен Көкшетау қалаларының арасында қандай атақты көл жатыр?

## **IV. Жаңа сабақ:**

Слайд арқылы оқушыларға әлем таныған «Қазақстан Швейцариясы» туралы мәлімет беру (анализ, синтез).

Алғашқы сауықтыру орыны (1910 ж.)

Сауықтыру орыны бейнеленген фотосуреттер (1938 ж.)

Орманы            Ауа райы            Емдік сусыны

## **V. Жаңа сабақты пысықтау.**

Лексикалық тапсырма (жүппен жұмыс)

Берілген тірек-сөздер мен сұрақтар жазылған қима қағаздар арқылы сөйлемдер құрастыру.

## **VI. Жаңа сабақты бекіту:**

- Сүйем сені, туған ел, Атамекен,

Абзал анам сенсің ғой құшағы кең.

Жер мен көктің жаннаты – бір өзіңсің,

Сенен артық не табам, қайда кетем?!

Бурабай сауықтыру, емдеу орынының ашылуының 100 жылдығына орай ойын ұйымдастырамыз.

Жеңімпаз топқа «Қазақстан Швейцариясы» әлемге танытқан фотосурет сыйға беріледі.

## **«Дамыта оқыту ойыны»**



Қандай көркем туған өлкем	10	15	20	25	30
Сан есім	10	15	20	25	30
Әр түрлі	10	15	20	25	30

### **Қандай көркем туған өлкем**

10 Астана мен Көкшетау қалалары арасында қандай көл жаттыр?

15 «Қазақстанның Швейцариясы» атанған жер.

20 Дүниежүзілік көрмеге не қойылды?

25 Қазақстанның ең биік шыңы қалай аталады?

30 Қазақстанның экономикалық аймақтарын ата.

### **Сан есім**

10 Бурабайда алғашқы сауықтыру орыны қай жылы ашылды?

15 Бурабай суреті қай жылы Нью-Йорктегі дүниежүзілік көрмеге апарылды?

20 Қазақстанның қанша экономикалық аймақтары бар?

25 Хан Тәңірі шыңының биіктігі қанша метр?

30 Қазақстанның қанша қалалары бар?

### **Әр түрлі**

10 Астананың символы не?

15 Астана қай жылы ҚР-ның астанасы статусын алды?

20 Рәміздеріміз қай жылы қабылданды?

25 Елтаңбаның авторлары кімдер?

30 Елтаңбада нелер бейнеленген?

Қорыту. Нені білдім? Нені үйрендім? Нені білгім келеді?

Қазақстан жеріне 5 Франция, 15 Қырғыстан, 111 Голландия сыйып кететінін білесіңдер ме?

### **Бағалау.**

**VIII. Үйге тапсырма:** I деңгей. 98, 99-б. Мәтінді мазмұндау, сөз тіркестерін жаттау; II деңгей. Сұрақтарға жауап беру, Бурабай туралы эссе жазу; III деңгей. «Қандай көркем туған өлкем» тақырыбына шығармашылық жұмыс, №5.

Дария ДӘУІТҚАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№ 90 лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛ МЕРЕЙІ

**Мұғалім сөзі:** - Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел – өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Ал, Қазақстан Республикасында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілген.

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала

Әр адамды анасынан басқа

Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада

Болу керек құдіретті төрт ана!

Туған жері – түп қазығы, айбыны,

Туған тілі – сатылмайтын байлығы.

Туған дәстүр, салт-санасы – тірегі,

Қадамына шуақ шашар үнемі...

Төрт анасын қорғамаған халықтың

Ешқашан да бақ жұлдызы жанбаған. (М.Шаханов).

- Құрметті ұстаздар мен оқушылар! «Қазақстан халықтарының тілдері» күніне арналған «Тіл мәртебесі – ел мерейі» атты кешімізді бастаймыз.

- Тұрындар! Мемлекеттік Әнұран.

### **1-жүргізуші:**

- Елбасы Н.Назарбаевтың 1998 жылдың 20 қаңтарындағы жарлығына сәйкес 22-қыркүйек «Қазақстан халықтарының тілдері» күні ретінде аталып келеді. Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды, себебі әр ұлттың тілі – оның бағыты, тірегі.

### **2-жүргізуші:**

- Елімізді басқа ел танып жатқанда, тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақты тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі. Тәрбиенің негізгі құралы – тіл, ол әр ұлттың тарихи көрініс белгісі, ұлттық ой-өрісті кеңейте түсуге зор мүмкіндік туғызады.

### **1-жүргізуші:**

- Бірінші, Қазақстан Республикасы егеменді ел атанды.

### **2-жүргізуші:**

- Екінші, ана тіліміз – қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, тіл туралы заң қабылданды.

### **Оқушы:**

- Пушкин, Байрон, Гейне – это собеседники мои.

С ними я веду беседу, как Абай, в кругу семьи.

И науки сто народов в доме у меня сплелись.

И таланты сто народов, словно реки, сплелись.

Да, спасибо русской речи: ведь тебя мой Казахстан.

Эта речь для дружбы вечной породнила с сотней стран!

**2-жүргізуші:** - «Алматы» туралы ән.

**1-жүргізуші:** - «Шығыс биі».

### **2-жүргізуші:**

- «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болсын».

### **1-жүргізуші:**

- «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту».

## 2-жүргізуші:

- Ал, енді, тіл туралы мақалдар сайысын өткізейік.

### Мұғалім:

- Все народы имеют пословицы. Но в каждой из них, наряду с общей тематикой, присутствуют свои национальные черты. Испокон веков ценилось меткое слово в народе. Воздействие его было огромно, и в дни борьбы с иноземными врагами за спасение родной земли, и в мирные дни.

- Қазір біз сіздермен мақалдар сайысын өткіземіз. Бірнеше оқушы ортаға шығады.

1. Өнер – үлкен ..... ( мектеп )
2. Жердің сәні – ..... (егін)  
Ердің сәні – ..... (білім)
3. Кітап - ..... (алтын қазына)
4. Оқусыз ..... ( білім жоқ)  
Білімсіз ..... (күнің жоқ)
5. Білімді өлсе .....(қағазда аты қалар)  
Ұста өлсе .....(істеген заты қалар)
6. Оқу – білім ..... ( бұлағы)  
Білім – өмір ..... (шырағы)
7. Кітап – ғылым, ..... (тілсіз мұғалім)
8. Аз сөз – ..... (алтын).
9. Ең тәтті де – ..... (тіл)  
Ең ащы да – ..... (тіл)
10. Тіл – ..... (қылыштан өткір).
11. Шешеннің тілі - ..... (ортақ)
12. Өнер алды – ..... (қызыл тіл)
13. Басқа пәле – ..... (тілден)
14. Жақсы сөз - ..... (жарым ырыс)
15. Шешен сөз бастар, батыр ..... (қол бастар)

Сендер тіл туралы қандай қанатты сөздер білесіңдер?

1. Ш.Айтматов тіл туралы не деді? (Тіл жоқ жерде ұлт жоқ) 2. М.Горький не деді? (Тіл аспан сияқты, оны жақсы білу керек, оны жақсы меңгеру керек). 3. Б.Момышұлы не деді? (Тіл дегеніміз – қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры). 4. М.Қашқари тіл туралы не деді? (Игі істің басы – тіл, тәрбие басы – тіл). 5. Н.Назарбаев не деді? (Тілден артық қазына жоқ, тілден артық қасиет жоқ).

- Рахмет, сендер тіл туралы көп мақал-мәтел, қанатты сөздер біледі екенсіңдер.

*Ән: «Туған жерім».*

**1-жүргізуші:**

- Қуан анам!

Ұзағынан сүйініп.

Сәтің де көп

Кеткен кейде түңіліп.

**2-жүргізуші:**

- Ақ сүтіңнен

Бойға біткен тіліңді

Пір тұтамын,

Мен алдыңда иіліп.

**Мұғалім:**

- Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!

- Тіл үйренуші шәкірттер! Г.Гегельдің мына сөзін есте сақтай жүріңдер: «Білімділіктің ең басты факторы ана тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады». «Астана» әнімен кешімізді аяқтайық.

## БӨБЕКТЕРІМІЗ БҮГІНГІ – ШЕШЕНДЕРІМІЗ ЕРТЕҢГІ

*(2-сыныптар арасындағы өткізілген шара)*

**Мақсаты:** жіктік, тәуелдік жалғауларын сауатты қолдануға машықтандыру; оқушылардың белсенділік сөздік қорын байыту; сөйлемдерді сауатты құру, ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту; қазақ халқының айтыс дәстүріне қызығушылығын арттырып, шешендік өнерге баулу; Отанымызды мақтаныш тұтып, туған жерімізге сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

**Жабдығы:** тіл туралы, сөз өнерін дәріптейтін қанатты сөздер, қазақ халқының мақал-мәтелдері; Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл, Сара, Абай, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Шал ақын және т.б. портреттері; компьютерлік презентация. Сабақ жүргізілетін уақыты: 2 сағат, қосарлы сабақ түрінде беріледі.

**Шараның барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Жүргізуші:** - Құрметті достар! Шешендер сайысы басталды деп жариялаймыз! (домбыраның сазы)

- Ау, халайық! Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл, Сара, Абай, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Шал ақын сияқты ардақты, майталман, сөзге шешен ата-бабаларымызды естерімізге

алып, баталарын сұрап, оларға еліктеп, өзіміздің сөйлеу қабілеттерімізді біздің құрметті қазылар алқасының алдына салайық. Олардың әділ билігіне сенейік!

- Дорогие дети! Учителя! Начинаем! Начинаем «состязание острословов»! С благословения наших знаменитых предков, мастеров слова, ораторов, айтысистов Сүйінбай Аронұлы, Жамбыла, Сары, Абая, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Шал ақына покажем нашему уважаемому жюри свои способности к языку.

Уважаемые судьи! Наши игроки конечно не владеют таким ораторским мастерством слова, как наши знаменитые предки, но азам казахского языка они все-таки научились. И сейчас они сойдутся в состязании на знании слов, умении правильно применять окончания, составлять предложения на заданную тему. Положимся на ваш справедливый суд!

**Жүргізуші** (Ақсақал киіміндегі 11-сынып оқушысынан бата сұрайды): - Ардақты Сүйінбай ата! Бізге өз батаңызды беріңізші.

*Бата беріледі.*

**Жүргізуші:** - Рақмет, Сүйінбай ата, төрге отырып, біздің құрметті қазылар қатарына қосылып, әділ билік көрсетуде көмек беріңіз. Сөйтіп, балалар, қазылар алқасын қошеметтейік!

*(Қазылар алқасын жариялау)*

**Жүргізуші:** - Бүгін біздің киіз үйімізге алыстан, сөзге жүйрік, тілге шебер, Данил шешен, Захар шешен, Диана шешен, Егор шешен, Алина шешен, Ануар шешен, Жұлдыз шешен деген балалар келіпті! Олар қазақ тілін үйренуде бірталай жетістіктерге жеткен, 2 «А» сыныбының шешендер тобын құрып, сайысқа келіпті!

(2 «А» сыныбының шешендер тобының ойыншыларын атап беру)

**Жүргізуші:** - 2 «Б» сыныбының шешендер тобында қарсы алайық! Олар да қазақ тілін үйренуде бірнеше белестерді арттарында қалдырды. Қош келдіңіздер: Валерия шешен, Ксения шешен, Юра шешен, Мария шешен, Кирилл шешен, Артем шешен, Назар шешен.

(2 «Б» сыныбының шешендер тобының ойыншыларын атап беру)

Өздерін жариялау.

**Жүргізуші:** - Сайысты бастамай тұрып, алғашқы сөзді 2 «А» сыныбының шешендер тобына берейік. Олар өз тобын жариялап береді. (Топтың ұранын, атауын айтып беру)

Біз – «Сөз – найза» командасымыз!

Біз: (бір-бірден) Ақылды! Тәртіпті! Көңілді! Тату! Жақсы!

Болашақтағы шешен ұрпақпыз!

Түн аспандағы жұлдыздай

Жарық төгіп жанамыз!

**Жүргізуші:** - Тобын жариялау үшін сөзді 2 «А» сыныбының шешендеріне берейік.

Қыран құстай көктегі,

Қалықтау – арманымыз!

Қазақ тілі шешендері -

«Қыран сөз» командасымыз!

Бабаларымыз сияқты

Қазақ тілін білеміз!

І айналым. (домбыра сазы) Экранда сайыстың І айналымның атауы. «Мені, мені танып ал!»

Ойыншылар өздері туралы шағын әңгімелеп береді.

Шарты: Әңгімелеу толық болып, жіктік, тәуелдік жалғаулары сауатты қолданылсын.



Мысалы: Мен Шивцов Данилмын. Мен екінші сыныпта оқимын. Тоғыз жастамын.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі ..... Менің ермегім - .... Әкем ... жұмыста істейді. Шешем - .....

II айналым. Блиц-турнир.

Әр топқа қолма-қол аудару үшін сөздер айтылады. (Олар экранға да жазылып шығады).

Ойыншылар сөздердің аудармасын кезекпен айтып беруге тиісті. 1 дұрыс аударма – 2 ұпай.

Қатемен аударылған сөз – 1 ұпай. (Турнирдің соңында топпен жалпы жиналған ұпайлардың саны есептеледі).

*I топқа берілетін сөздер:* сағат, қабырға, барамын, жыл, азық-түлік, жемістер, дүкенге, алдым, қызанақ, шие, дәмді, жедем, сатып алдың, жұмсақ, келді, көшеде, ішінде, көйлек, күз, қаңтар.

*II топқа берілетін сөздер:* уақыт, көкөністер, тәулік, тұрасың, ай, киім, отбасыңыз, бердім, орамжапырақ, анар, тәтті, оқимын, барды, қатты, отыр, пәтер, үстінде, шалбар, көктемде, наурыз.

Шарты: сөздердің аудармасын айтқан кезінде жалғаудың мәнін түсіне біліп, сауатты аудару.

### **III айналым. Сөз сөйлемге жетер!**

Берілген сөздерден сөйлемдерді құрастыру.

Топтың әр ойыншысына бір сөз беріледі. Ол онымен 2 минуттың ішінде сөйлем құрастыруы тиіс.

Берілетін сөздер: «Мектеп, дүкен, сынып, күн, бөлме, ауыл, қала».

Шарты: дұрыс құрастырылған сөйлемдердің жалпы саны есептеледі.

Ойыншылар сөйлемдерді құрастырғанша бейнеклип көрсетіледі.

Қыздар тобы «Қара жорға» биін билейді.

IV айналым. Білімдіден білімді озар.

Қарсылас топтардың арасындағы ауызекі айтысы.

2 «А» тобының шешені қарсылас топтан онымен айтысатын шешенді таңдайды да, айтысқа шақырады.

Мысалы:

- Валерия шешен, мен сені айтысқа шақырамын!

- Рақмет!

- Күз, жыл мезгілі туралы әңгімелейсің бе?

- Иә, әңгімелеймін!

- Күздің айлары қандай?

- Күзде күндер қандай болады?

Шарты: Диалогтың ұзындығы, сұрақтардың сауаттылығы.

Қарсылас топтың жауаптарының беруінде біліктілігі бағаланады.

Екінші кезек 2 «Б» шешендер тобына беріледі. Енді олар сұрақ қояды, қарсылас топ жауап береді.

(Диалогтардың тақырыбын жеребе бойынша тартып алады.«Күз», «Дүкенде»)

V айналым. Өлең – сөздің патшасы.

Тақпақ, жаңылтпаштар, санамақтар, жұмбақ білгіштерінің сайысы.

Қарсылас топтар оларды кезекпен, қайталамай айтып береді.

Шарты: Мәнерлеп айтып беруі, айтылған тақпақтардың, жұмбақтардың, санамақтардың жалпы саны.

**Қорытындылау.** Әділ қазыларға сөз беру.

Жеңімпаз топты, өткір тілді шешенді анықтау. Мадақтау.

Нағима ӘЛЖАНОВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Боровлянка толық емес  
мектебінің қазақ тілі  
пәнінің мұғалімі.

## ТУҒАН ТІЛІМ – ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

**Мақсаты:** оқушыларды ана тілін сүйуге, ардақтауға, қадірлеуге, тілдің өмірдегі маңызын түсінуге шақыру.

**Көрнекілігі:** Тіл туралы нақыл сөздер, шарлар, плакаттар.

**1-жүргізуші:** - Құрметті ұстаздар, оқушылар! Сіздерді 22 қыркүйек – тілдер мерекесімен құттықтаймыз! Бұл мереке еліміздің түпкір-түпкірінде аталып өтуде. Соның бірі бүгін біздің сыныпта өткелі отырған «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты пікірталасқа хош келдіңіздер!

**2-жүргізуші:**

- Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін,

Өссе тілім, мен де бірге өшемін, – деп ақын жырлаған-дай, ана тілі қастерлі, құдіретті. Тіл – әр елдің байлығы, мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалатын баға жетпес мұра.

**1-жүргізуші:**

- Біздің бүгінгі тәрбие сағатымыз екі бөлімнен тұрады.

1. Әдеби монтаж.

2. Пікірталас.

## **2-жүргізуші:**

- Ендеше, сөз кезегін 6-сынып оқушыларына берейік.

### **Андрей:**

- Ана тілі – дана тілі әркімнің,  
Тілім қажет, қажеті жоқ алтынның!  
Өлеңімді өз тілімде жазамын  
Туған ұлы болғандықтан халқымның.

### **Денис:**

- Қымбат маған ана тілім, бал тілім,  
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.  
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,  
Ана тілім – ардақ тұтар алтыным.

### **Людмила:**

- Менің тілім – Махамбеттің, Абайдың  
Ұлы тілі – талайым деп санаймын!  
Өткір, өжет, нәзік, сұлу, бай тілмен  
Таңдайына бал тамызам талайдың.

### **Миша:**

- «Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең тамашасы», -  
деп Шоқан Уалиханов аса жоғары баға берген.

Ән: «Ананың тілі». Орындайтын хор.

### **Рома:**

- Қызыл шоқтай қарыған,  
Қазаққа тіл дарыған.  
Бір сөзге ол семіріп,  
Бір сөзге ол арыған.

### **Олеся:**

- Ана тілің – арың бұл  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл –  
Өз тіліңді құрметте!

## **Барлығы:**

- Сәлем, Ана тіліміз,  
Сенсің асыл үніміз.  
Ана тілін сүйеміз,  
Ардақтап бас иеміз.

Ән: «Үш бақытым». Орындайтын – вокал тобы.

## **1-жүргізуші:**

- Пікірталас сұрақтары:

1. Тіл – халқымыздың асыл мұрасы дегенді қалай түсінесің?

2. Ана тілінің құдіреті неде?

3. Ана тілінсіз өзінді бақыттымын деп ойлайсың ба?

## **2-жүргізуші:**

- Сіздерді пікірталас ережелерімен таныстырып өтейін.

1. Пікірталас үстінде қалжың айтуға, өзара сөйлесіп отыруға болмайды.

2. Пікір айтуға кіріспес бұрын, сұрақ не туралы екенін жақсылап ойлан.

3. Өз ойыңды жинақы, түсінікті етіп сөйле, сөз соңында қорытынды жасап, ойыңды тұжырымда.

4. Жолдасыңның ойы мен сөзін бұрмалама, оның пікірін сыйла, мұқият тыңда.

5. Айтатын пікірің адал, шын болсын.

## **1-жүргізуші:**

- Бәрі түсінікті болса, бірінші сұрақ:

Тіл – халқымыздың асыл мұрасы дегенді қалай түсінесің?

Ендеше, осы сұрақ төңірегінде ой бөлісейік.

## **2-жүргізуші:**

- Тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Осы орайда ақын Қадыр Мырза Әлидің

«Ана тілін білмеген –

Ақылы жоқ желікбас.

Ана тілін сүймеген

Халқын сүйіп жарытпас» деген өлең жолдары ойға еріксіз оралады.

«Тіл тазалығы деген не?» Осы сұрақ төңірегінде ой бөлісейік.

**1-жүргізуші:**

- Көрініс. «Екі құрбы».

**2-жүргізуші:**

- Ата-бабадан қалған нақыл сөздер қаншама. Соны еске түсіріп көрейікші.

«Асыл сөз гауһардан қымбат».

«Жылы сөз – жүрек кілті».

«Тәтті сөз тас балқытады».

«Халық тілі – қайнар бұлақ».

«Сөз – дүниенің сәні».

«Аталар сөзі – ақыл көзі».

«Аталы сөз – баталы сөз». Ана тілінің құдіреті, міне, осындай баталы сөзде ғой деп ойлаймын.

**1-жүргізуші:**

- Бүгін біздің қонағымыз – Жасұлан. Жасұлан, сен өнер адамысың, «Тілсіз өзінді бақыттымын деп ойлайсың ба?»

Ән: «Сегіз аяқ». Орындайтын – Жасұлан.

**Мұғалімнің қорытынды сөзі:**

- Қымбатты оқушылар, ұстаздар! Бүгінгі тәрбие сағатымызда ана тіліміздің құдіреті мен өміршеңдігіне біршама көз жеткізгендей болдық. Оның тереңіне бойлап, түбіндегі інжу-маржанын ерінбей, жалықпай тере біліп, өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз.

Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, Ата Заңмен қорғалатын еркіндігінің үні. Оны сендер құрметтеп, қорғай біліңдер!

**Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,**  
**Шучинск қаласындағы**  
**№1 мектеп- гимназияның**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Ақмола облысы,  
Бурабай ауданы.

## АНА ТІЛІ

Ана тілі – өмірімнің тұтқасы,  
Ана тілі – тірлігімнің айнасы.  
Болған барлық шаттығымның құт басы,  
Жүрмейді оған ешбір қудың айласы.

Түрі қазақ, тілі шала, бауырым,  
Туғаныңда қай тілде сен жыладың?  
Осы тілде соққан боран дауылым,  
Қысымына жете ме бұл шыдамың?

Өйткені ол – ар-намысым, ұятым,  
Сыйынатын дұғам да сол тар жерде!  
Көңіл қалса насыбайдан бір атым,  
Жарасатын қылық та осы арлы елге!

Ана тілі – ән мен жырдың ұясы,  
Сәбиімен асқақтатқан анасы!  
Тарықса да қашанда кең құлашы,  
Рухыңды сақта, қазақ баласы!

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 05.03.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1660. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – “Према” ЖШС.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№3, 2013 ж., 144 бет, Алматы.